

*Булгакова Д. А.*

**МЕМЛЕКЕТ  
ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ**

*Оқу құралы*

Алматы  
2006

**ББК 67.99(2К)я7**

**Б 83**

*Оқу құралы Экономика және құқық академиясының Оқу  
және Оқу-әдістемелік кеңестерімен ұсынылған*

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

**Баймаханов М. Т.**— заң ғылымдарының докторы,

*ҚР ҰҒА академигі;*

**Котов А. К.**— заң ғылымдарының докторы.

**Булгакова Д. А.**

**Б 83 Мемлекет және құқық теориясы.** Оқу құралы.— Алматы: Заң әдебиеті, 2006.— 106 бет.

**ISBN 9965-620-31-8**

Оқу құралы “Мемлекет және құқық теориясы” курсының оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған және жалпы теориялық мәсе-лелермен танысуда бағыт-бағдар беруші рөлін атқаруға, оқушы-ларды аса маңызды теориялық ере-желермен, заң ғылымының ерекше тілімен таныстыруға бағытталған.

Оқу құралы, ең алдымен, заң білімдерін беретін жоғары оқу орындары мен факультеттердің сыртқы бөлімінің студенттеріне арналған.

**ББК 67.99(2К)я7**

© Булгакова Д. А., 2006.

**00(05)-04 Б** © Заң әдебиеті, 2006.

**ISBN 9965-620-31-8 4310020000**

## Содержание

Кіріспе

ПӘННІҢ НЕГІЗІ ТҮСІНІКТЕРІ

1 тақырып.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ  
ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

2 тақырып.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ  
ПӘНІ МЕН ӘДІСТЕРІ

3 тақырып.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

4 тақырып.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

5 тақырып.

МЕМЛЕКЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

6 тақырып.

МЕМЛЕКЕТ МЕХАНИЗМІ

7 тақырып.

МЕМЛЕКЕТ НЫСАНЫ

8 тақырып.

МЕМЛЕКЕТ ТИПТЕРІ

9 тақырып.

ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

10 тақырып.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

11 тақырып.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

12 тақырып.

ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

13 тақырып.

ҚҰҚЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

14 тақырып.

ҚҰҚЫҚТЫ ТҮСІНУДЕГІ ҚАЗІРГІ КЕЗГІ БАҒЫТТАР

15 тақырып.

ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

16 тақырып.

ҚҰҚЫҚТЫҢ ТИПТЕРІ

17 тақырып.

ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚ  
18 тақырып.  
ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ  
19 тақырып.  
ТҮЛҒА, ҚҰҚЫҚ, МЕМЛЕКЕТ  
20 тақырып.  
ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ  
21 тақырып.  
ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫ  
22 тақырып.  
ҚҰҚЫҚШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
23 тақырып.  
ЗАҢНАМАНЫ ЖҮЙЕЛЕУ  
24 тақырып.  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
25 тақырып.  
ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
26 тақырып.  
ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ  
27 тақырып.  
ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ  
28 тақырып.  
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК  
29 тақырып.  
ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ  
30 тақырып.  
ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРТІП  
31 тақырып.  
ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ  
32 тақырып.  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІ

## **Кіріспе**

Мемлекет және құқық теориясы – заң білімдерін беретін жоғары оқу орындарының бірінші курсында оқытылатын күрделі пәндердің бірі. Ол мемлекет пен құқық туралы жалпыланған абстрактілі ережелерден құралған. Оның күрделілігі мынада: студенттер бірінші курста нақты материалдармен – қолданыстағы заңнамамен, заң тәжірибесімен, мемлекет және құқықтың тарихы-мен таныс болмайды, сол себепті де, бұл оқу құралындағы жалпы теориялық мәселелер салыстырмалы түрде қарапайым қалыпта берілген.

Мемлекет және құқық теориясы студенттерде мемлекет және құқық, құқықтық және саяси мәдениет туралы терең шынайы ғылыми түсініктердің қалыптасуына, олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың дамуының басымдықтары мен заңдылықтарын түсінуіне жәрдемдеседі. Алайда, жалпы тарихи білімдердің барлығын толық меңгеру мемлекет және құқықтың жалпы теориясы бойынша оқулықтар мен мақалалармен дербес, өз бетімен жан-жақты жұмыс істеудің нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін.

Мемлекет және құқық теориясы бойынша бұл оқу құралы өзінің қысқа мазмұны бойынша жалпы теориялық әдебиеттердің барлығының орнын толтыра алмағанымен, жалпы теориялық мәселелер-мен танысуда өзінше бір жол көрсетушінің ролін атқаруға, студенттерді әрбір тақырып бойынша мейлінше маңызды теориялық ережелермен, заң ғылымының ерекше тілімен, арнайы заң түсініктерімен таныстыруға бағытталған. Бұл құралды қалған материалдарды меңгеру үшін ақпараттық-әдістемелік негізді құрайтын негізгі заң түсініктері мен санаттарының кеңейтілген сөздігі деп те атауға болады.

Оқу құралын дайындауда А.Б.Венгеров, С.С.Алексеев, С.А.Ко-маров, В.В.Лазарев, Н.И.Матузов, А.В.Малько, А.С.Пиголкин, В.Н.Хропанюк және т.б. сияқты ірі мемлекеттанушы-ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Қараңыз: Алексеев С.С. Теория права. М., 1996; Венгеров А.Б. Теория государства и права. М., 1995; Ч.2.М., 1996; Комаров С.А. Общая теория государства и права. Саранск, 1994; Общая теория государства и права / Под ред. В.В.Лазарева. М., 1996; Марчен-ко М.Н. Теория государства и права. М., 1996; Теория государства и права / Под ред. Н.И.Матузова и А.В.Малько. М., 1997; Общая теория права / Под ред. А.С.Пиголкина. М., 1995; Хропанюк В.Н. Теория государства и права. М., 1993.

## ПӘННІҢ НЕГІЗІ ТҮСІНІКТЕРІ

1. **Қоғам** — экономикалық және рухани біртұтастықпен, өмір сүру жағдайын ұйымдастарудың тұтастығымен сипатталатын, белгілі бір аумақтағы адамдар бірлігі.

2. **Тұлға** — қоғамда автономды жағдайы (мәртебесі) бар адам және соған сәйкес құқықтарға, бостандықтар мен міндеттерге ие болады.

3. **Билік** — жекелеген тұлғалардың (билік етушілердің) еркі мен іс әрекеті басқа тұлғалардың (бағыныштылардың) еркі мен іс-әрекетінен басым тұратын, үстемдік ету мен бағыныштылық қатынастары.

4. **Норма** — анықталмаған тұлғалар шеңберіне және жағ-дайлардың шексіз санына қатысты мерзімі жағынан үздіксіз әре-кет ететін жалпыға ортақ жүріс-тұрыс ережесі.

5. **Мемлекет** — басқару-қамтамасыз етушілік, қорғаушылық функцияларды жүзеге асыру мақсатында арнайы аппаратты иеленетін және елдің бүкіл халқы үшін өз еріктерін міндетті етуге қабілетті, жария биліктің саяси-аумақтық егеменді ұйымы.

6. **Мемлекеттік билік** — мәжбүрлеу аппаратына негізделе отырып, мемлекеттің функцияларын жүзеге асыратын қарым-қатынастар жүйесі.

7. **Муниципалды билік** — өзін өзі басқаруға негізделген жер-гілікті билік.

8. **Мемлекеттік егемендік** — мемлекеттік биліктің ел ішінде және одан тыс жерде басқа кез келген биліктен (саяси және идеологиялық) тәуелсіздігі. Оның басты көрінісі: мемлекет өзінің барлық істерін дербес және ерікті түрде шешуге құқылы.

9. **Саяси жүйе** — елдің саяси өміріне қатысатын мемлекет пен мемлекеттік емес қоғамдық құрылымдардың біртұтас кешенде қарастырылуы.

10. **Саяси режим** — билік етудің құралдары мен тәсілдерінде, демократиялық немесе демократиялық емес сипатында көрініс табатын биліктің мазмұны.

11. **Демократиялық мемлекет** — барлық биліктік органдар халықтың мандатына ие болатын мемлекет. Мұнда әрбір органға тиесілі биліктің көлемінің шектері заңмен анықталады, ал барлық азаматтар сотпен қорғалатын ажырамас құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

12. **Авторитарлық мемлекет** — мемлекеттік билік заңмен анықталса да тікелей халық мандатына ие болмайтын, бірақ билік етуші органдар мен тұлғалардың шектелген аясымен басқа-рушылық әкімшілік аппаратты, қарулы күштер мен жазалау меке-мелерін тікелей пайдалану арқылы жүзеге асырылумен сипатта-латын мемлекет. Құқық

пен адам құқықтары қоғамда тәуелсіз мәртебеге және үстемдікке ие болмайды, олардың функциялары әрекет етуші заңдарды сақтауды талап етумен шектеледі.

13. **Тоталитарлық мемлекет** — әкімшілік басқару бәрін билеп-төстеуге негізделген мемлекет, ол заңмен анықталмайды. Қоғам өмірінде тәуелсіз сот төрелігі мен адам құқықтары болмайды, бүкіл қоғам басқарушылық әкімшілік аппарат пен жазалау-шы органдардың тоталитарлық бақылауына алынады, адам құқық-тарын шексіз аяққа таптау жүзеге асырылады.

14. **Мемлекеттік аппарат** — мемлекеттің басқарушылық қамтамасыз етушілік және қорғаушылық функцияларын іске асыру бойынша жұмыстарын жүзеге асыратын мемлекеттік орган-дардың, мекемелер мен ұйымдардың біртұтас, иерархиялық жүй-есі (кешені).

15. **Мемлекеттік орган** — мемлекеттік міндеттерді атқаратын және тиісті биліктік өкілеттіктерге ие ұйым немесе басқарма.

16. **Құзырет** — мемлекеттік орган, сондай-ақ, сол бір немесе өзге лауазымды тұлға иеленетін және тиісті заңды құжатта бекітілетін биліктік құқықтардың мазмұны мен көлемі.

17. **Мемлекет нысаны** — басқару нысанында және мемлекет-тік құрылым нысанында көрініс табатын, елдегі мемлекеттік би-лікті ұйымдастыру.

18. **Мемлекеттік басқару нысаны** — мемлекетте жоғары би-лікті ұйымдастыру.

19. **Мемлекеттік құрылым нысаны** — мемлекет құрылымы, мемлекеттің біртұтас және аумақтық бөліктер ретіндегі ара қа-тынасы, мемлекеттік құрылымы.

20. **Құқық** — заңдарда, мемлекетпен танылатын өзге де қайнар көздерде көрініс тапқан құқылы-рұқсатты (сондай-ақ тыйым салынған) жүріс-тұрыстың жалпыға міндетті талабы болып табы-латын жалпыға міндетті нормалар жүйесі.

21. **Құқықтық реттеу** — құқықтың көмегімен қоғамдық қа-тынастарға, адамдардың жүріс-тұрысына құқықтық құралдардың барлық жүйесімен әсер етуді жүзеге асыру.

22. **Заңдылық** — барлық заңды нормаларды, барлық құқықтық ережелерді барлық субъектілермен, яғни азаматтармен, олардың бірлестіктерімен, лауазымды тұлғалармен, мемлекеттік органдар-мен қатаң әрі мүлтіксіз сақтау мен орындау талабы.

23. **Құқықтық тәртіп** — талаптарының тәжірибе жүзінде жүзеге асырылуын көрсететін, қоғамдық қатынастардың іс жү-зінде ретке келтірілу жағдайы.

24. **Құқықтық жүйе** — құқықтық шындықтың басқа белсенді элементтерімен — құқықтық идеологиямен және сот тәжіри-бесімен біртұтас қарастырылатын құқық.

25. **Құқықтың қайнар көздері** — мемлекеттен туындайтын немесе мемлекетпен ресми түрде танылатын құқық нормаларының көрінісінің және бекітілуінің, оларға заңды, міндеттілік мән бе-рудің құжаттық нысаны.

26. **Нормативтік акт** — заңдық нормалардан құралған ресми құжат.

27. **Заңды норма** — заңдарда, мемлекетпен танылатын өзге де қайнар көздерде белгіленетін және құқық субъектісінің құқықты-рұқсат етілген (сондай-ақ тыйым салынған) жүріс-тұрысының талабы ретінде көрініс табатын жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережесі.

28. **Құқық жүйесі** — құқық құрылымы, оның салалар мен институттарға тармақталауы.

29. **Құқық саласы** — құқық жүйесінің басты тармағы. Ол заңдық реттеудің өзіне тән режимімен ерекшеленеді және бір-тектес қоғамдық қатынастарды қамтиды.

30. **Құқық субъектілері** — құқық субъектілікке ие тұлғалар, яғни құқықтар мен міндеттерді иелене алатын, құқықтық қатынас-тарға қатыса алатын азаматтар, ұйымдар мен қоғамдық құрылымдар.

31. **Құқықтық қатынас** — субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерге ие болатын субъектілер арасындағы байланыс.

32. **Заңды жауапкершілік** — кінәлі тұлғаға жасалынған құқық бұзушылық үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану.



## **1 тақырып. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

*1. Мемлекет және құқық теориясының анықтамасы.*

*2. Мемлекет және құқық теориясының ерекшеліктері.*

*3. Мемлекет және құқық теориясының функциялары.*

**1. Мемлекет және құқық теориясының анықтамасы.** Мемлекет және құқық теориясы – бұл мемлекет пен құқықтың жалпы заңдылықтары туралы, олардың мәні, мақсаты және қоғамдағы дамуы туралы жалпыланған білімдер жүйесі.

**2. Ғылым ретіндегі мемлекет және құқық теориясының ерекшеліктері мынада:**

Біріншіден, ол қоғамдық ғылым болып табылады, оның пәнін қоғамдық құбылыстар – мемлекет пен құқық құрайды. Бұл ерекшелігі арқылы мемлекет және құқық теориясы бірқатар басқа ғылымдардан (жаратылыстану, техникалық және т.б.) ерекшеленеді.

Екіншіден, ол саяси-заңды ғылым бола тұрып, мемлекеттің биліктік қызметі, саясаты саласымен тікелей қатысты қоғамдық құбылыстарды зерттейді. Бұл ерекшелігі арқылы мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық құрылымды тікелей зерттейтін басқа қоғамдық ғылымдардан ерекшеленеді.

Үшіншіден, ол жалпы теориялық ғылым бола тұрып, мемлекет пен құқықтың негізгі және жалпы заңдылықтары мен сипаттарын зерттейді. Бұл ерекшелігі арқылы ол арнайы заң ғылымдарынан ерекшеленеді.

Төртіншіден, ол әдістемелік сипаттағы ғылым болып табылады. Мемлекеттік-құқықтық құрылымның жалпы заңдылықтарына көрсете отырып, ол мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды меңгеру әдісі мәселесін қарастырады.

**3. Мемлекет және құқық теориясының функциялары.** Мемлекет және құқық теориясының үш негізгі функциясы бар:

1. Теориялық-танымдық функция – мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тек сыртқы, техникалық-заңды жағынан ғана емес, сонымен қатар, олардың заңдылықтары, терең, мәндік белгілері тұрғысынан да ғылыми түсіндіруге негізделген. Бұл, өз кезегінде, ғылыми болжамдау міндеттерін шешуді, мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың дамуының басымдылықтары мен бағыттары туралы ғылыми болжамдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2. Тәжірибелік-қолданбалы функция. Мемлекет және құқық теориясы, басқа да заң ғылымдары сияқты, мемлекет

кеттің қызметін жетілдіруге, заңнама мен оны қолдану тәжірибесін жақсартуға және дамытуға бағытталаған ұсыныстар жасауға қызмет етеді.

3. Тәрбиелік функция. Мемлекет және құқық теориясы құқық-тық тәрбиелеу мәселелерін шешуге, адамдарда демократия, тұлға-ның құқықтары мен бостандықтары, заңдылық, тәртіп және т.б. күрделі мәселелерге қатысты шынайы ғылыми көзқарастардың қалыптасуына жәрдемдесуі қажет.

*№ 1 кесте* Мемлекет және құқық теориясы — мемлекет пен құқықтың олардың қоғамдағы мәні, мақсаты және дамуы туралы негізгі және жалпы заңдылықтары туралы жалпыланған білімдер жүйесі  
Қоғамдық ғылым Саяси-заңды ғылым Жалпы теориялық ғылым Әдістемелік ғылым Мемлекет және құқық теориясының функциялары Теориялық-танымдық Тәжірибелік-қолданбалық Тәрбиелік

## 2 тақырып. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ПӘНІ МЕН ӘДІСТЕРІ

1. *Мемлекет және құқық теориясының пәні.*
2. *Мемлекет және құқық теориясының әдістері.*
3. *Гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясы.*
4. *Заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теория-сының орны.*

1. **Мемлекет және құқық теориясының пәні.** Әрбір ғылым-ның өз зерттеу пәні болады. Ол дегеніміз осы ғылымның объективтік шындықты зерттеу жағы. Мемлекет және құқық теория-сының пәні болып мемлекет және құқықтың пайда болуы, дамуы мен қызмет етуінің жалпы заңдылықтары мен заң ғылымдарының негізгі түсініктерінің жүйесі табылады. Бұл жерде ерекше атап өтетін жайт, мемлекет және құқық теориясы нақты бір мемлекет пен құқықтың емес, жалпы мемлекеттіліктің пайда болуы, дамуы мен қызмет етуін, сонымен қатар, жалпы заң ғылымдарына тән құқық нормасы, құқықтық қатынас, құқық субъектісі және т.б. сияқты түсініктерді зерттейді.

2. **Мемлекет және құқық теориясының әдістері.** Ғылым әдісі – бұл пәнді түсінуге мүмкіндік беретін тәсілдер мен бағыттардың жиынтығы. Мемлекет және құқық теориясы өз пәнін зерттеу үшін көптеген әдістерді қолданады. Олардың ішінен мыналарды ерекше атауға болады:

1. **Жалпы әдістер** – ойлаудың кешенді қағидаларын көрсететін философиялық, дүниетанымдық бағыттар. Оларға мыналар жатады:

а) метафизика. Ол мемлекет пен құқықты мәңгілік және өзгермейтін институттар ретінде қарастырады;

ә) диалектика. Өз ішінде материалистік және идеалистік болып бөлінеді. Материалистік диалектика бұл құбылыстарды қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, нақты айтқанда, жеке меншіктің пайда болуымен және қоғамның таптарға бөлінуімен байланыстырады, яғни, мемлекет пен құқық нақты бір тарихи кезеңге сәйкес, бір-бірімен байланыстылықта, даму барысында қарастырылады. Идеалистік диалектика, өз кезегінде, объективтік және субъективтік идеализм болып екіге бөлінеді. Объективтік идеализм мемлекет пен құқықтың пайда болу себептері мен өмір сүру жағдайын құдайдың күшімен, ал субъективтік идеализм адамның санасымен байланыстырады.

2. **Жалпы ғылыми әдістер** – жалпы әдістер сияқты бүкіл ғы-лыми танымды толығымен қамтымайды, оның жекелеген кезең-дерінде ғана қолданылады. Оларға мыналар жатады:

- а) талдау – күрделі мемлекеттік-құқықтық құбылысты шартты түрде жекелеген бөліктерге бөлу;
- ә) синтез – құбылысты оның құрамдас бөліктерін шартты түр-де біріктіре отырып зерттеу;

- б) жүйелік әдіс – объектінің тұтастығын ашуға, ондағы әртүрлі байланыс түрлерін анықтауға бағыттайды;
- в) функционалды әдіс – бір әлеуметтік құбылыстардың екінші-леріне қатысты функцияларын анықтауға бағыттайды.

3. **Жеке ғылыми әдістер** – мемлекет және құқық теориясының техникалық, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың ғылыми жетістіктерін қабылдауы нәтижесінде пайда болатын әдістер. Оларға мыналар жатады:

- а) нақты-әлеуметтанушылық әдіс – сұраудың, бақылаудың, сұхбаттасудың және т.б. тәсілдердің көмегімен мемлекеттік-құқықтық саладағы субъектілердің іс жүзіндегі жүріс-тұрысы тура-лы мәліметтер алуға мүмкіндік береді;
- ә) статистикалық әдіс – нақты бір мемлекеттік-құқықтық құбылыстың сандық көрсеткіштерін алуға мүмкіндік береді;
- б) кибернетикалық әдіс – кибернетиканың түсініктері, заңдары және техникалық құралдарының жүйесі арқылы мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тануға мүмкіндік береді.

4. Жеке құқықтық әдістер – тек заң ғылымдарына ғана тән болып келеді, оларға мыналар жатады:

- а) формалды-занды әдіс – заң түсініктерін, олардың белгілерін анықтауға, түрлендіруді жүзеге асыруға, құқықтық ережелердің мазмұнын түсіндіруге және т.б. мүмкіндік береді;
- ә) салыстырмалы-құқықтық әдіс – әртүрлі құқықтық жүйелерді не олардың жекелеген элементтерін олардың жалпы және арнайы қасиеттерін анықтау мақсатында салыстыруға мүмкіндік береді.

**3. Гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясы.** Өз жиынтығында ғылым жүйесін құрайтын ғылыми пәндерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады: 1) техникалық ғылымдар; 2) жаратылыстану ғылымдары; 3) гумани-тарлық ғылымдар.

Гуманитарлық ғылымдар қоғамды, адамды, әлеуметтік қатынастар мен институттарды зерттейді. Заң ғылымдары – гуманитар-лық ғылымдардың бір түрі, себебі, мемлекет пен құқық әлеуметтік институттар болып табылады. Заң ғылымдарын мынадай түрлерге бөлуге болады:

- мемлекет және құқық теориясы;
- тарихи-құқықтық ғылымдар (мемлекет және құқық тарихы, саяси және құқықтық ілімдер тарихы);
- салалық заң ғылымдары (конституциялық, азаматтық, қылмыстық және т.б. құқық салалары);
- қолданбалы ғылымдар (криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы және т.б.).

Мемлекет және құқық теориясы гуманитарлық ғылымдар жүйесінде бола тұра, философиямен, әлеуметтанумен, саясаттанумен және т.б. тығыз байланысқа түседі. Солай, философияның көмегімен мемлекет және құқық теориясының дүниетанымдық бағыттары қалыптасады, оның нәтижесінде мемлекеттік-құқықтық шындықты танудың жалпы әдістемесі қалыптасады. Өз кезегінде, мемлекет және құқық теориясы кеңейтілген философиялық жалпылаулар үшін нақты материалдар береді.

**4. Заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық Теориясының орны.** Заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының орнын оның тарихи-құқықтық ғылымдармен арақатынасын мысалға ала отырып

қарастыруға болады. Мем-лекет және құқық теориясы мен тарихи-құқықтық ғылымдарға тән ортақ белгі – олар мемлекет пен құқықты зерттейді. Ал айырма-шылықтары мынада – тарихи-құқықтық ғылымдар мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың даму үдерісін хронологиялық тәртіпте зерттесе, мемлекет және құқық теориясы бұл үдерістерге жалпы сипаттама береді, мемлекет пен құқықтың мәнін, олардың қызмет ету заңдылықтарын және т.б. зерттейді.

Салалық заң ғылымдарына қатысты мемлекет және құқық теориясы жалпылаушы сипатты иеленеді; ол мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қызмет етуі мен дамуының жалпы заңды-лықтарын зерттейді. Ал кез-келген салалық ғылымның пәні қоғамдық қатынастардың тек нақты бір саласымен ғана байланысты болады. Сонымен қатар, мемлекет және құқық теориясы барлық салаларға ортақ мәселелерді зерттейді, яғни, мемлекет және құқық теориясының түсініктері мен институттарының негізінде салалық заң ғылымдарының түсініктері мен институттары қалыптасады.

### *№ 2 кесте*

*№ 3 кесте* Мемлекет және құқық теориясының пәні — мемлекет пен құқықтың пайда болуының, әрекет етуінің және дамуының жалпы заңдылықтары Мемлекет және құқық теориясының әдістері — бұл пәнді тануға бағытталған әдістер мен тәсілдер Жалпы әдістер Метафизика Диалектика Материалистік Идеалистік Ортақ ғылыми әдістер Анализ Синтез Жүйелік Функционалды Жеке ғылыми әдістер Нақты-әлеуметтік Статистикалық Тарихи және т.б. Жеке құқықтық әдістер Формальды заңдық Салыстыр-малы құқықтық **Заң ғылымдарының жүйесі Жалпы теориялық заң ғылымы** ↓ мемлекет және құқық теориясы **Мемлекет пен құқық туралы жалпы тарихи ғылымдар** ↓ - Мемлекет және құқық тарихы; - Саяси және құқықтық ілімдер тарихы; **Салалық заң ғылымдары** ↓ - Конституциялық құқық; - Әкімшілік құқық; - Азаматтық құқық; - Қылмыстық құқық және т.б. **Қолданбалы заң ғылымдары** ↓ - Криминалистика; - Сот медицинасы; - Сот психиатриясы және т.б.

## **3 тақырып. МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ**

*1. Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік билікке жалпы сипаттама.*

*2. Мемлекеттің пайда болу себептері.*

*3. Мемлекеттің пайда болу нысандары.*

**1. Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік билікке жалпы сипаттама.** Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік биліктің ерекшеліктері болып мыналар табылады:

- ол тек бір ру көлемінде ғана таралды, оның еркін білдірді және қандық туыстыққа негізделді;

- тікелей қоғамдық болып табылды, алғашқы қауымдық демократияның, өзін-өзі басқарудың бастамаларының негізінде қалыптасты;

- бұл биліктің биліктік органдары ретінде рулық жиналыстар, ақсақалдар, әскербасылары және т.б. қызмет етті, олар алғашқы қауымдық қоғамның өмір сүруінің маңызды мәселелерін шешіп отырды.

**2. Мемлекеттің пайда болу себептері.** Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселе даулы болып табылады, себебі, этнография және тарих ғылымдары оның пайда болуы туралы күннен-күнге жаңа мәліметтер беруде. Мемлекеттің пайда болу себептері тура-лы бірқатар теориялар бар, олардың негізгілері болып мыналар табылады:

1. Діни теория – мемлекеттің, мемлекеттік биліктің пайда болуының құдайлық бастамасын негізге алады, «барлық билік құдайдан» деген тұжырымдаманы бекітіп, жақтайды. Өзінің діни мазмұнына қарамастан, бұл теория бірқатар шынайы жағдайларды көрсетеді, нақты айтқанда, алғашқы мемлекеттердің теократиялық нысандарын–абыздар билігін, шіркеудің ролін, діни және әкімшілік орталықтар арасындағы билік бөлінісін. Бұл теорияның көрнекті өкілдерінің бірі – Фома Аквинский.

2. Патриархалды теория – мемлекеттің пайда болуын отба-сымен байланыстырады, ал мемлекет басшысының билігін отбасы мүшелерінің алдындағы әке билігінен туындатады. Бұл теория патшаның шексіз билігін негіздеуге бағытталған, ал бұл биліктің қайнар көзі ретінде құдайды емес, отбасындағы әкенің, патриархтың шексіз билігі орын алған отбасы нысанын таниды. Бұл теория Грецияда пайда болған, өз негіздемесін Аристотельдің еңбектерінен иеленсе, өз дамуын ағылшын ғалымы Филмердің еңбектерінен тапты.

3. Шартты теория – XVII-XVIII ғасырларда кеңінен таралған. Оны жақтаушылардың қатарынан Голландияда Гуго Гроций мен Спиноза, Англияда Д.Локк пен Т.Гоббс, Францияда Ж.-Ж.Руссо, Ресейде А.Радищев орын алды. Мысалы, А.Радищевтің ойынша, билік халыққа тиесілі, алайда ол мемлекет басшысына берілген және оны халық бақылауы тиіс. Шарттық теорияға сәйкес, мемлекет шарт нәтижесі ретінде пайда болады, оның қатысушылары болып адамдар табылады, олар шарттың негізінде өз бостандықтарының, өз билігінің бір бөлігін мемлекетке береді.

4. Күштеу теориясы – мемлекеттің пайда болу негізі ретінде күштеу әрекетін, бір халықтың екінші халықты жаулауын таниды. Жауланған халықтың үстінен билікті бекіту үшін, оған күштеу жүргізу үшін мемлекет құрылады. Күштеу теориясы XIX ғасырда пайда болды, оның өкілдері – Л.Гумплович, К.Каутский, Е.Дюринг.

5. Психологиялық теория – мемлекеттің пайда болуын адам психикасының көріністерімен: бағыну қажеттігімен, еліктеумен, алғашқы қауымдық қоғамның жоғарғы топтарына тәуелділікті сезінумен, белгілі бір әрекет түрлерінің әділдігін түсінумен және т.б. байланыстырады. Психологиялық теорияның өкілдерінің қата-рынан Л.Петражицкий мен Г.Тардты атауға болады.

6. Органикалық теория. Бұл теорияның өкілдері Г.Спенсер, Вормс, Х.Прейс мемлекетті ағза ретінде түсіндіреді. Оның бөліктері арасындағы тұрақты байланыстар тірі ағзаның бөліктері арасындағы байланысқа теңестіріледі, яғни, мемлекет – биологиялық дамудың бір түрі ретінде көрініс табатын әлеуметтік даму өнімі. Биологиялық ағзаның бір түрі ретінде мемлекеттің өз миы (басшы) мен оның шешімдерін жүзеге асыру құралдары (халық) болады.

7. Ирригациялық теорияға сәйкес мемлекеттердің алғашқы қа-наушы нысандарының пайда болуы шығыстық аграрлық аймақ-тардағы ірі ирригациялық құрылыстарды жүргізу қажеттігімен байланысты. Бұл теория қазіргі кездегі неміс ғалымы К.-А.Вит-тфогельдің еңбектерінен айрықша көрініс тапқан.

8. Материалистік теория – мемлекеттің пайда болуын әлеуметтік-экономикалық факторлармен, яғни, жеке меншіктің пайда болуымен және қоғамның таптарға бөлінумен, байланыстырады.

Бұл теорияның өкілдері – К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин –мемлекет бір таптың екінші таптың үстінен үстемдігін сақтау және бекіту, қоғамның біртұтас ағза ретінде өмір сүруі мен қызмет етуін қамтамасыз ету мақсаттарында пайда болған деп санайды.

**3. Мемлекеттің пайда болу нысандары.** Мемлекеттің қалып-тасуы – әртүрлі халықтарда түрліше жүзеге асқан ұзақ үдеріс.

Шығыста «өндірістің азиялық тәсілі» (Египет, Вавилон, Үн-дістан, Қытай және т.б.) нысаны кеңінен таралды. Бұл жерде рулық құрылымның әлеуметтік-экономикалық бөліктері – жердік үлес, ұжымдық меншік және т.б. тұрақты сипатты иеленді. Ежелгі Шығыста пайда болған алғашқы мемлекеттер ауылдық қауым-дастықтарды қанай отырып, оларды басқарды, яғни, өндірісті ұйымдастырушы ролін атқарды.

Афины мен Римде мемлекеттің пайда болу бағыты басқаша жолмен жүзеге асырылды, бұларда құлиеленушілік мемлекет меншіктің пайда болуы және қоғамның таптарға бөлінуі негізінде пайда болды. Афины – мемлекеттің пайда болуының ең таза, классикалық нысаны, себебі, мемлекет рулық құрылым ішіндегі таптық қарама-қайшылықтардың негізінде пайда болады. Римде мемлекеттің пайда болуы плебейлердің римдік аристократтар –патрицийлерге қарсы күресінің нәтижесінде тездетілді.

Ежелгі герман мемлекетінің пайда болуы көптеген жерлерді алып жатқан бөтен аумақтарды жаулап алумен байланысты, бұл жерлерге үстемдік орнатуда рулық қоғам әлсіз болды, сол себепті, мемлекеттің пайда болу қажеттігі туды.

Барлық нысандағы мемлекеттердің пайда болуына негіз болып 10-12 мың жылдар бұрынғы неолиттік революция табылды. Оның мәні мынада: өз қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында адам дайын өсімдік және жануарлық нысандарын иемденумен байланысты құралдық қызметтен табиғатты өзгертумен және азық дайындаумен байланысты шынайы еңбек қызметіне ауысты, яғни, иемденушіден өндіруші экономикаға өту орын алды.

Сонымен, мемлекет объективтік түрде, сырттан емес, ішкі факторлардың негізінде пайда болады.

*№ 4 кесте*

### ***Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар***

*№ 5 кесте Алғашқы қауымдық қоғамдағы биліктің ерекшеліктері* Билік рулық қауымнан, рудың барлық ересек мүшелерінен туындайды Ақсақалдар әскери қолбасшылар, абыздар ру мүшелерінің жиналысымен сайланатын болды, олар биліктік функцияларды ру мүшелерінің жиналысының бақылауымен жүзеге асырды, және кез келген уақытта жиналыс мүшелерімен орындарынан алынуы мүмкін болатын Тек қана басқарумен айналысатын арнайы аппарат болған жоқ **Теологиялық** – биліктің құдайдан пайда болғандығы туралы пайымдайды *Фома Аквинский* **Патриархалды** – мемлекеттің пайда болуын тікелей жанұяның таралуымен байланыстыра қарастырады *Аристотель, Филмер* **Шарттық** – мемлекет қоғамдық шарт негізінде пайда болды *Г.Гроций, Т.Гоббс, Ж.-Ж. Руссо, А.Радищев* **Күштеу теориясы** – мемлекет ішкі (экономикалық және саяси) және сыртқы күштеу (біреудің екіншісін жаулап алуы) нәтижесінде пайда болады *Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каутский* **Психологиялық** – мемлекет адамдардың ұйымдасқан қоғам ұжымдық арақатынасы аясында өмір сүру жөніндегі психологиялық қажеттіліктері нәтижесінде пайда болды *Л. Петражицкий, Г. Тард* **Органикалық** – қоғам мен мемлекет, тірі адам ағзасы тірі жасушалардан тұратын сияқты, адамдардан құралатын қоғамдық ағзаны білдіреді *Г.Спенсер, Х.Прейс* **Ирригациялық** – мемлекеттің пайда болуы шығыс аграрлық облыстарда ірі ирригациялық құрылымдарды салу қажеттілігімен байланыстырылады *К.-А. Виттфогель* **Материалистик (таптық)** – мемлекеттің пайда болуы әлеуметтік-экономикалық факторлармен, яғни жеке меншіктің пайда болуымен және қоғамның таптарға



## **4 тақырып. МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ**

*1. Мемлекеттің түсінігі және белгілері.*

*2. Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің ерекше түрі ретінде.*

*3. Мемлекеттің мәні.*

**1. Мемлекеттің түсінігі және белгілері.** Мемлекет – бұл ар-найы басқару және мәжбүрлеу аппараты бар, қоғамның өкілі бола тұра, оны басқаратын және оның дамуын қамтамасыз ететін, бұқа-ралық биліктің саяси-аумақтық, егеменді ұйымы.

Мемлекетті рулық құрылымдағы әлеуметтік биліктен ажырата-татын төмендегідей белгілері болады:

1. Бұқаралық биліктің болуы. Міндетті түрде мемлекеттің бас-қару және мәжбүрлеу аппараты болуы тиіс, себебі, бұқаралық билік – бұл шенеуніктер, әскер, полиция, түрме мен басқа да меке-мелер.

2. Аумақтық бөлініс. Мемлекет өз аумағында өмір сүруші бар-лық адамдарды өз билігімен және қорғау арқылы біріктіреді.

3. Салықтар жүйесі. Олар мемлекеттік аппараттың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажет.

4. Егемендік. Бұл мемлекетке тән өз аумағындағы үстемдік пен халықаралық қатынастардағы тәуелсіздік.

5. Құқықтың болуы. Мемлекет құқықсыз өмір сүре алмайды, себебі, құқық мемлекеттік билікті заңдастырады.

**2. Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің ерекше түрі ре-тінде.** Мемлекеттік билікке сипаттама берместен бұрын әлеу-меттік билікке анықтама беріп алу қажет. Әлеуметтік билік – бұл адамдарың кез-келген бірігуіне тән үстемдік пен бағынушылық қатынастары, бұл кезде бір тұлғалардың – билік құрушылардың – еркі мен әрекеттері басқа тұлғалардың – бағынушылардың – еркі мен әрекеттеріне үстемдік құрады. Әлеуметтік билік кез-келген ұй-ымдасқан, белгілі бір дәрежеде тұрақты адамдар тобына – руға, тайпаға, отбасына, қоғамдық ұйымға, партияға, мемлекетке, қо-ғамға және т.б. тән.

Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің ерекше бір түрі ретінде көрініс табады. Бұл мемлекеттік мәжбүрлеуге сүйенген, субъек-тілер арасындағы үстемдік және бағынушылық сипаттағы бұқа-ралық-саяси қатынас. Мемлекеттік биліктің ерекшеліктері:

1. Бұқаралық билік. Ол бүкіл қоғамның, халықтың атынан қызмет етеді және өз қызметінде бұқаралық негізге – қазына мүлкіне, өз кірістеріне, салықтарға ие.

2. Аппараттық билік. Ол аппаратқа, мемлекеттік органдар жүйесіне сүйенеді және олар арқылы жүзеге асырыла-ды.

3. Заң қолдайтын билік. Сол себепті, ол аппарат пен заң нормаларының көмегімен елдегі барлық халық үшін

міндетті сипатты иеленеді.

4. Егеменді билік—ол кез-келген биліктен дербес және тәуелсіз.

5. Заңдастырылған билік. Яғни, ол заңды негізді және қоғам-дық тануды иеленген.

Мемлекетте еңбек бөлінісі болған жағдайда ғана, яғни, ерекше қызмет түріне негізделген дербес билік түрлері қалыптасқан жағдайда ғана, мемлекеттік биліктің тиімділігі артады. Мұндай биліктің үш түрі бар: заң шығарушы билік, атқарушы билік және сот билігі.

**3. Мемлекеттің мәні.** Мемлекеттің мәнін түсіну мемлекет және құқық теориясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекеттің мәні – бұл оның мазмұнын, мақсаттарын, қызмет етуін анықтайтын басты қасиеті. Мемлекеттің мәнін бұл түсініктің кең және тар мағынасында анықтауға болады.

Кең мағынада мемлекеттің әлеуметтік мәнін биліктік-саяси ұйымдасқан қоғам, құқықтық заңдарға бағынған көптеген адамдар бірлестігі ретінде анықтауға болады. Мұндай бірлестіктердің тұтастығы сәйкес мемлекеттік-құқықтық институттар мен қатынас-тарда көрініс тапқан бұқаралық-биліктік құрылымдар негізінде қалыптасады.

Тар мағынада мемлекеттің әлеуметтік табиғатын қоғамнан бөлектенген, жекелеген класстар мен әлеуметтік топтардың да, қоғамның да мүддесін білдіруші әрі қорғаушы басқару аппараты, бұқаралық биліктің әртүрлі мекемелерінің жүйесі ретінде анықтайды.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, мемлекеттің мәнін қарастыруда екі аспектіні ескерудің маңызы зор:

- 1) формальды – кез-келген мемлекеттің саяси биліктің ұйымы екендігі;
- 2) мазмұнды – осы ұйымның кімнің мүдделеріне қызмет ететіндігі.

Мемлекеттің мәнін анықтауда келесі бағыттарды атап өтуге болады:

- класстық, бұған сәйкес мемлекетті экономикалық үстемдік құрушы топтың саяси билігінің ұйымы ретінде анықтауға болады;

- жалпы әлеуметтік, бұған сәйкес мемлекетті әртүрлі класстар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеру үшін жағдай жасай-тын саяси биліктің ұйымы ретінде анықтауға болады.

Сонымен, мемлекеттің мәні саяси билік аппаратының көмегімен қоғамның тұтастығын және қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етуден көрінеді.

*№ 6 кесте*

*№ 7 кесте*

**Мемлекетті түсінудің әртүрлілігі** Мемлекет – басқару мен мәжбүрлеуді жүзеге асыратын арнайы аппараты бар. Жария биліктің саяси-аумақтық, егеменді ұйымы. Бұл ұйым қоғамды білдіре отырып, заңдардың көмегімен осы қоғамды басқарады және оның интеграциясын қамтамасыз етеді. **Мемлекет белгілері:** 1) жария биліктің болуы; 2) тұрғындардың аумақтық бөлінуі; 3) салық жүйесі; 4) егемендік; 5) құқық. **Аристотель** – азаматтардың барлық ой және адамгершілік мүдделерін топтастыру **Цицерон** – ортақ құқық бастамаларымен және ортақ пайдамен біріккен адамдар одағы **Коркунов, Шершеневич, Трубецкой** – белгілі бір аумақ шегінде ерікті адамдарға жеке дара мәжбүрлі билік етуді білдіретін қоғамдық одақ **Гумплович** – белгілі бір тәртіпті қорғауға арналған табиғи жолмен пайда болған билік ету ұйымы **Еллинек** – заңды субъект болып табылатын және құқықтарды иеленетін тұлғалардың мақсатты біртұтастығы

*№ 8 кесте Мемлекеттің әлеуметтік мақсаты Құқықтық тәртіпті, адам бостандықтары мен құқықтарын қорғау Қоғамның әртүрлі таптары тарапынан қолдау тапқан шешімдерді жүзеге асыру Әлеуметтік қарама-қайшылықтарды жою Бейбітшілікті сақтау, қарулы қақтығыстардың алдын алу Әлеуметтік тіл табысушылыққа қол жеткізу, халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін ескеру мен үйлестіру*

## **5 тақырып. МЕМЛЕКЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

- 1. Мемлекет функцияларының түсінігі.*
- 2. Мемлекет функцияларының түрлері.*
- 3. Мемлекет функцияларын жүзеге асырудың нысандары.*

**1. Мемлекет функцияларының түсінігі.** Мемлекет функциялары – бұл мемлекеттің қызметінің негізгі бағыттары, олардан мемлекеттің мәні мен мақсаты көрініс табады. Мемлекеттің функциялары оның міндеттерімен тығыз байланысты, олар мемлекеттің мәніне тәуелді болып келеді және оның өзгеруіне қарай өздері де өзгереді. Сонымен, мемлекет функциялары – ауыспалы сипаттағы категория. Олар мемлекет түрінің басқа түрге ауысу жағдайында да өзгереді.

**2. Мемлекет функцияларының түрлері.** Мемлекет функцияларын түрлерге бөлуді әртүрлі негіздер бойынша жүзеге асыруға болады:

а) әрекет ету ұзақтығына қарай функциялар тұрақты және уақытша болып бөлінеді. Тұрақты функциялар мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылса, уақытша функциялар төтенше сипаттағы белгілі бір міндетті шешумен өз әрекетін жояды.

ә) маңыздылығына қарай – негізгі және қосымша функциялар;

б) қоғамдық өмірдің қай саласында жүзеге асырылуына байланысты – ішкі және сыртқы функциялар.

Мемлекеттің ішкі функциялары – оның алдында тұрған ішкі міндеттерді шешудегі қызметінің негізгі бағыттары. Ішкі функцияларға мыналар жатады: адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету функциясы, экономикалық функция, салық салу функциясы, әлеуметтік қорғау функциясы, экологиялық функция және мәдени функция.

Мемлекеттің сыртқы функциялары – оның алдында тұрған сыртқы міндеттерді шешуге байланысты қызметінің негізгі бағыттары. Сыртқы функцияларға мыналар жатады: мемлекетті қорғау функциясы, бейбіт тәртіпті сақтау функциясы, басқа мемлекеттермен одақтасу функциясы және т.б.

**3. Мемлекет функцияларын жүзеге асырудың нысандары** – бұл мемлекеттің функцияларын жүзеге асыруға бағытталған оның органдарының біртектес қызметі. Мұндай нысандарды екіге бөлуге болады: құқықтық және ұйымдастырушылық нысандар. Құқықтық нысандарға мыналар жатады:

а) құқықшығармашылық – бұл нормативтік актілерді дайындау мен шығаруға қатысты қызмет;

ә) құқыққолданушы – бұл құқық қолдану актілерін шығару арқылы нормативтік актілерді жүзеге асыруға байланысты қызмет, бұл заңдарды орындау мен басқарушылық сипаттағы әртүрлі мәселелерді шешуге байланысты

күнделікті жұмыс;

б) құқыққорғаушы – бұл адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, құқықбұзушылықтардың алдын алуға және кінәлі тұлғаларды заңды жауапкершілікке тартуға және т.б. байланысты қызмет.

Ұйымдастырушылық нысандарға мыналар жатады:

а) ұйымдастырушылық-реттеуші – бұл белгілі бір құрылымдар-дың құжаттар жобаларын дайындаумен, сайлаулар жүргізумен т.б. байланысты мемлекеттік органдардың қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы жұмысы;

ә) ұйымдастырушылық-шаруашылық – бұл бухгалтерлік есеп-пен, статистикамен, қамтамасыз етумен т.б. байланысты жедел-техникалық және шаруашылық жұмыс;

б) ұйымдастырушылық-идеологиялық – бұл жаңадан қабыл-данған нормативтік актілерді түсіндірумен, қоғамдық көзқарасты қалыптастырумен және т.б. байланысты мемлекеттің әртүрлі функцияларын орындауды идеологиялық қамтамасыз етудегі күн-делікті тәрбие жұмысы. \

*№ 9 кесте*

## **6 тақырып. МЕМЛЕКЕТ МЕХАНИЗМІ**

*1. Мемлекет механизмінің түсінігі.*

*2. Мемлекет механизмінің құрылымы.*

*3. Мемлекеттік аппаратты ұйымдастырудың және оның қыз-метінің қағидалары.*

*4. Мемлекет органдарының түсінігі және түрлері.*

**1. Мемлекет механизмінің түсінігі.** Әдетте заң әдебиеттерінде «мемлекет механизмі» және «мемлекеттік аппарат» түсініктері синоним сөздер ретінде қолданылады. Мемлекет механизмі – бұл мемлекеттің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың жүйесі. Мемлекет аппарата-тының, оның барлық бөлімшелерінің мазмұнын қоғамдық өмірдің барлық салаларының тиісті ұйымдаусы мен тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық, ұйымдастырушы-лық қызмет құрайды.

Бұл қызметтің нысандары көп жағдайда басқарудағы заңдар мен құқықтық механизмдердің қолданылу шамасына байланысты. Осыған сәйкес мемлекеттік аппарат қызметінің келесі нысандарын бөліп қарастыруға болады:

1) тікелей басқарушылық – бұл ғылыми ұсыныстар жасаумен, тәжірибе алмасумен байланысты, құқықтық сипатты иеленбеген қызмет түрлері;

2) құқықтық нысандар – құқықтық заңды сипаттағы қызмет түрлері, яғни, олар барлық субъектілер үшін міндетті болып табы-лады және мемлекеттік-міндетті салдарды туындатады. Мемлекет аппараты қызметінің негізгі құқықтық нысандарына мыналар жатады:

а) құқықшығармашылық қызмет – бұл нормативтік актілер жобаларын дайындауға, оларды қабылдау мен жариялауға байла-нысты қызмет;

ә) құқыққолданушы қызмет – бұл құқықтық нормаларды жү-зеге асырумен байланысты қызмет;

б) құқыққорғаушы қызмет – бұл заңдардың сақталуын бақы лаумен және қадағалаумен, кінәлі тұлғаларды заңды жауапкер-шілікке тартумен т.б. байланысты қызмет.

**2. Мемлекет механизмінің құрылымы.** Бұл құрылымға мына-лар кіреді:

1) өздерінің тікелей биліктік функцияларын жүзеге асыру барысында тығыз байланыстағы және өзара бағыны-стылықтағы мемлекеттік органдар;

2) биліктік өкілеттіктерге ие емес, алайда, экономика, білім беру, мәдениет, денсаулық қорғау, ғылым т.б. салалар-да жалпы әлеуметтік функцияларды атқаратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар;

3) басқарумен арнайы айналысатын мемлекеттік қызметшілер;

4) мемлекеттік аппараттың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық, қаржылық және күштеу

құралдары.

**3. Мемлекеттік аппаратты ұйымдастырудың және оның қызметінің қағидалары** – бұл мемлекеттік органдарды құру мен олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарын анықтайтын баста-машылық ережелер. Оларға мыналар жатады:

- 1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының артықшылығы қағидасы, бұл қағидаға сәйкес, мемлекеттік қыз-метшілер аталған құқықтар мен бостандықтарды мойындауы және қорғауы тиіс;
- 2) демократиялық қағидасы, бұл қағида мемлекеттік органдар қызметін қалыптастыру мен ұйымдастыруға азаматтардың кең көлемде қатысуын білдіреді;
- 3) биліктің тармақтарға бөліну қағидасы, бұл қағида билік органдары мен лауазымды тұлғалар тарапынан заңсыз әрекеттерді болдырмауға негізделген;
- 4) заңдылық қағидасы, бұл барлық мемлекеттік қызметші-лердің Конституцияны, заңдар мен заңға сәйкес актілерді сақтау міндеттілігін білдіреді;
- 5) жариялылық қағидасы, бұл қағида нақты бір мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметіне қатысты құқық субъекті-лерінің ақпараттармен танысуын білдіреді;
- 6) кәсібилік қағидасы, бұл қағида мемлекеттік аппарат қыз-метінде мейлінше кәсіби қызметкерлерді пайдалануға қолайлы жағдайлар жасайды,
- 7) алқалық пен жалғызіліктіліктің үйлесу қағидасы, бұл қағида мемлекеттік аппараттың демократиялық және бюрократиялық бас-тамаларының саналы сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- 8) сайлаушылық пен тағайындаушылықтың үйлесу қағидасы, бұл қағида мемлекеттік басқарудағы орталықтандыру мен орта-лықсыздандырудың тиімді байланысын білдіреді;
- 9) бағыныстылық (иерархичность) қағидасы, бұл қағида мемлекеттік органдардың мемлекеттік аппараттағы әртүрлі деңгейде орналасқанын білдіреді.

**4. Мемлекет органдарының түсінігі және түрлері.** Мемлекеттік орган – бұл мемлекеттік міндеттерді орындаушы және осы мақсатта сәйкес биліктік өкілеттіктерді иеленген ұйым немесе мекеме. Әрбір мемлекеттік органға мыналар тиесілі: а) оның оралымды басқаруындағы мемлекеттік, қазыналық мүліктер; ә) қаржы құралдары, банктегі есепшот, бюджеттен қаржыландыру көзі; б) өзіне тән ұйымдастырушылық құрылымы, онымен байланысты қызметтік бағыныстылық және қызметтік тәртіп жүйесі; в) биліктік өкілеттіктердің қажетті көлемі, олардың негізінде лауазымдық тұлғалар мен алқалық органдар заңды міндетті әрекеттерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың түрлері:

1. Мемлекеттік қызметті жүзеге асыру нысанына қарай мемлекет органдары өкілдік, атқарушылық, сот, прокурорлық және басқа да бақылаушы-қадағалаушы органдар болып бөлінеді.
2. Биліктің тармақтарға бөліну қағидасы бойынша – заң шығарушы, атқарушы және сот органдары.
3. Қызметінің құқықтық нысандары бойынша – құқықшығарушы, құқыққолданушы және құқыққорғаушы ор-

гандар.

4. Бағыныстылық деңгейіне байланысты – республикалық және жергілікті органдар.

5. Өкілеттіктерінің мерзіміне байланысты – тұрақты (қызмет ету мерзімі шектеусіз түрде құрылады) және уақытша (қысқа мерзімді мақсаттарға жету үшін құрылады).

6. Құзіретінің сипатына қарай – жалпы (мысалы, Үкімет) және арнайы (мысалы, министрлік) құзіретті органдар.

*№ 10 кесте*

*Құтәрқұменбо*

*№ 11 кесте*

Құрылу тәртібі және атқаратын міндеттерінің сипаты бойынша мемлекеттік органдар төмендегідей топтастырылады: **Мемлекет механизмі** Биліктік басқару функцияларын атқару кезінде өзара тығыз әрекеттесетін мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың күрделі жүйесі **Нені білдіреді** Мемлекеттік басқарумен арнайы айналысатын адамдардан құралады (заң шығарушылық, заңдарды атқару, заңдарды бұзушылықтардан қорғау) **Құрамы** өзінің функционалдық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті материалды — техникалық, қаржылық және басқа да құралдармен қамтамасыз етіледі **Қамтамасыз етілуі** **Мемлекет органы заңды тәртіпте құрылады** Заңмен анықталған құзырет аясында әрекет ететін мемлекет механизмінің өз алдына жеке құрылымдық элементі **Нені білдіреді** Қоғамның қалыпты қызмет етуін, сыртқы қауіпсіздік пен мемлекеттің аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттің басқа да органдарымен өзара әрекеттесуі **Әрекеттесуі** Заң шығару мекемелері, жергілікті өзін-өзі басқару мен билік ету органдары **Өкілдік** Мемлекет басшысы, үкімет, министрлік басшысы, жергілікті атқарушы органдар **Атқарушы** Конституциялық сот, сот төрелігі органдарының жүйесі **Сот органдары**

## **7 тақырып. МЕМЛЕКЕТ НЫСАНЫ**

*1. Мемлекет нысанының түсінігі.*

*2. Басқару нысаны.*

*3. Мемлекеттік құрылым нысаны.*

*4. Саяси режим.*

**1. Мемлекет нысанының түсінігі.** Мемлекет нысаны – бұл қоғамның басқару, мемлекеттік құрылым және саяси режим нысандарынан құралған құрылымдық ұйымдастырылуы.

**2. Басқару нысаны** – бұл мемлекеттік биліктің жоғары орган-дарының өкілеттіктерінің өзара қатынасы, олардың құрамы мен құрылу тәртібі. Басқару нысаны жоғары билікті жалғыз адамның немесе сайланбалы алқалық органның жүзеге асыруына байла-нысты ерекшеленеді. Осыған сәйкес, басқарудың негізгі түрлері болып монархия мен республика болып табылады.

Монархия – бұл жоғары мемлекеттік биліктің бір тұлғада ғана, монархта, болуымен сипатталатын басқару нысаны. Монарх билікті мұрагерлік бойынша өмір бойы иеленеді.

Егер монарх мемлекеттік биліктің жалғыз органы болып табылса, бұл монархия шектелмеген деп аталады, ал жоғарғы билік монарх пен басқа бір органның арасында бөлінсе, бұл монархия шектелген деп аталады. Шектелген монархиялар, өз кезегінде, өкілдік (дуалистік) және парламентарлық болып екіге бөлінеді. Өкілдік монархияда монарх атқарушылық билікті жүзеге асыра алады, ол үкіметті құру, министрлерді тағайындау, вето және парламентті тарату құқықтарын иеленеді. Ал парламен-тарлық монархияда монархтың құқықтық жағдайы әлдеқайда шек-телген болады, монарх тағайындаған министрлер парламенттің сенімсіздік вотумына тәуелді болады және монарх заңда көзделген жекелеген жағдайларда ғана парламентті тарата алады.

Республика – жоғары мемлекеттік билік белгілі бір мерзімге сайланатын сайланбалы органға тиесілі басқару нысаны. Ха-лықтың қай бөлігінің мемлекеттік биліктің жоғары органдарын сайлауға қатыса алатынына байланысты республика аристокра-тиялық және демократиялық болып екіге бөлінеді.

Демократиялық мемлекеттер, өз кезегінде, төмендегідей түр-лерге бөлінеді: 1) парламенттік, бұл мемлекетте саяси өмірдегі шешуші рөл парламент сайлаған үкіметке тиесілі болады; 2) президенттік, бұл мемлекетте сайланған ел басшысы үкіметтің де басшысы болып табылады, сол себепті, ол үкімет мүшелерін тағайындайды және оларды қызметінен босатады; 3) аралас, бұл мемлекетте үкіметті президент пен парламент бірлесе отырып құрайды.

**3. Мемлекеттік құрылым нысаны** – бұл мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің әрбірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипаты. Барлық мем-лекеттер өздерінің мемлекеттік



құрылымы бойынша жай және күрделі болып екіге бөлінеді.

Жай немесе біртұтас мемлекет – бұл өз ішінде бөлінбейтін тұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бір каналды жүйесі болады.

Күрделі мемлекет – бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет. Күрделі мемлекеттерге империялар, федерациялар, конфедерациялар, достастықтар мен одақтастықтар жатады.

Империялар күштеу арқылы құрылатын күрделі мемлекеттер, бұларда құрамдас бөліктердің жоғары билікке бағыныстылық деңгейі әртүрлі болған. Империялардың басты ерекшелігі – олардың құрамдас бөліктерінің ешқашан ортақ мемлекеттік-құқықтық мәр-тебесі болмаған.

Конфедерация империяға қарағанда ерікті негізде құрылады. Бұл нақты бір тарихи кезең шегінде белгілі бір мақсаттарға жету үшін құрылған мемлекеттердің уақытша одағы. Конфедерацияны құраған егеменді мемлекеттер халықаралық-құқықтық қатынастар субъектісі болып қала береді, оларда өз азаматтығы, билік, басқару және сот әділдігі органдарының жүйесі болады.

Федерация – бұл күрделі, одақтас мемлекет, оның бөліктері мемлекеттік құрылымдар болып табылады және және белгілі бір дәрежеде мемлекеттік егемендікке ие болады; федерацияда жоғарғы федералдық органдар мен федералдық заңнамамен қатар федерация субъектілерінің жоғарғы органдары мен заңнамасы да болады; федерацияда салықтың екіканалды жүйесі пайдаланылады, оның белгілерінің бірі болып қосазаматтық табылады. Федерациялар аумақтық немесе ұлттық-мемлекеттік қағида бойынша құрылуы мүмкін.

Достастық – бұл ортақ белгілермен, біртектіліктің белгілі бір деңгейімен сипатталатын мемлекеттердің ұйымдастырушылық бірлестігі. Оларды біріктіретін белгілер экономикаға, құқыққа, тілге, мәдениетке, дінге қатысты болуы мүмкін. Достастықтың мүшелері – бұл толығымен тәуелсіз, егеменді мемлекеттер, халық-аралық қатынастардың субъектілері.

Одақтастық – бұл қоғамды мемлекеттік ұйымдастырудағы ауыспалы нысан. Одақтастықтың негізінде көп жағдайда мемлекет-аралық шарт болады. Ол одақтастыққа кіретін мемлекеттердің интеграциялық байланыстарын күшейте түседі және оларды конфедеративтік бірлестікке қарай итермелейді.

**4. Саяси режим** – бұл мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәр-демдесетін тәсілдер мен әдістер. Мемлекеттік биліктегі тәсілдер мен әдістердің жиынтығына қарай екі түрлі режимді бөліп атауға болады – демократиялық және антидемократиялық режимдер.

Демократиялық режимнің белгілері:

- 1) халық мемлекеттік билікті жүзеге асыруға тікелей (азаматтардың референдумға қатысуы) және өкілдік (халықтың билікті өзі сайлаған өкілдік органдар арқылы жүзеге асыруы) демократия арқылы қатысады;
- 2) шешімді көпшілік азшылықтың мүдделерін ескере отырып қабылдайды;

3) мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдарының сайланбалылығы және ауыспалылығы, олардың сайлаушыларға есеп беруі, жариялылық;

4) сендіру, келісу, келісімге келу әдістері жиі қолданылады;

5) қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы заңның үстемдігі;

6) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары жария-ланады және шын мәнінде қамтамасыз етіледі;

7) саяси плюрализм, соның ішінде көппартиялылық;

8) биліктің тармақтарға бөлінуі және т.б.

Антидемократиялық режимнің бірнеше түрі болады: тирания, деспотизм, фашизм, тоталитарлық және авторитарлық режимдер. Антидемократиялық режимге мына белгілер тән:

1) бір саяси партияның үстемдігі;

2) бір ресми идеологияның болуы;

3) бір меншік түрінің болуы,

4) саяси құқықтар мен бостандықтарды жоққа шығару;

5) қоғамның сословиелік, касталық және т.б. белгілер бойынша бөлінуі;

6) халықтың төмен экономикалық деңгейі, 7) мәжбүрлеу мен жазалау шараларының үстемдігі;

8) сыртқы саясаттағы агрессиялық сипаттағы әрекеттер және т.б.

*№ 12 кесте*

*ұйымдМемлекет нысаны Басқару нысаны – мемлекеттік биліктің жоғары органдарын*

## 8 тақырып. МЕМЛЕКЕТ ТИПТЕРІ

*1. Мемлекет типінің түсінігі.*

*2. Мемлекеттерді типке бөлудегі формациялық тәсіл.*

*3. Мемлекеттерді типке бөлудегі өркениетті тәсіл.*

**1. Мемлекет типінің түсінігі.** Мемлекет типі сәйкес тарихи кезеңде туындайтын оның маңызды жақтары мен қасиеттерінің қатаң жүйесін білдіреді. Белгілі бір кезеңдегі барлық мемлекет-терге белгілі бір сипаттар тән болып келеді. Мемлекеттерді типке бөлу негізінен формациялық және өркениетті тәсілдер тұрғысынан жүзеге асырылады.

**2. Мемлекеттерді типке бөлудегі формациялық тәсіл.** Фор-мациялық тәсілдің шегінде негізгі талап ретінде әлеуметтік-эко-номикалық факторлар, яғни, қоғамдық-экономикалық формация орын алады. Бұл тәсіл тұрғысынан мемлекет типі қоғамның эко-номикалық базисімен тығыз байланысты қоғамдық құрылымға сәйкес мемлекеттің өзара тығыз байланысты белгілерінің жиын-тығы ретінде анықталады. Экономикалық базистің типтеріне қарай мемлекеттің төмендегідей типтерін бөліп қарастырады: құ-лиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік мемлекеттер.

Бұл типологияның артықшылықтары болып екі мәселе табы-лады: мемлекеттерді әлеуметтік-экономикалық негізінде бөлу идеясы өте дұрыс, себебі, шынымен де бұл факторлар қоғамға зор әсерін тигізеді, ол мемлекеттің дамуының табиғи-тарихи сипатын, кезеңділігін көрсетеді. Ал формациялық теорияның әлсіз жағы оның тарихтың әртүрлі сипаттарын ескермеуінен және рухани факторларды бағаламауынан көрінеді.

**3. Мемлекеттерді типке бөлудегі өркениетті тәсіл.** Өркениет-ті тәсіл шегінде негізгі талаптар ретінде рухани факторлар – мә-дени, діни, ұлттық және т.б. факторлар орын алады. Өркениет –бұл қоғамның діни, ұлттық, географиялық және тағы да басқа белгілерінің ортақтығымен ерекшеленетін тұйық және локальды сипаты. Өз дамуында өркениет бірнеше кезеңдерден өтеді:

I кезең – локальды өркениеттер, олардың әрқайсысының өзара байланысты әлеуметтік институттары, оның ішінде мемлекет те, болады (ежелгіегипеттік, шумерлік, үнділік, эгейлік және т.б. өр-кениеттер).

II кезең – белгілі бір мемлекет типтерімен байланысты ерекше өркениеттер (үнділік, қытайлық, батыс еуропалық, исламдық және т.б. өркениеттер).

III кезең – өз мемлекеттілігімен ерекшеленетін қазіргі кезгі өр-кениеттер, бұл өркениеттер енді-енді қалыптасып келе жатыр, бұларға әлеуметтік-саяси құрылымдардың дәстүрлі және қазіргі кезгі түрлерінің қатар өмір сүруі тән.

Өркениеттер мен олардың мемлекеттіліктерін типке бөлудің басқа да негіздері бар: хронологиялық, генетикалық, діни жән т.б.

- Мемлекет типтері Қоғамдық-экономикалық формация типі Өркениет типі

## **9 тақырып. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ**

*1. Қоғамның саяси жүйесінің түсінігі.*

*2. Саяси жүйелердің түрлері.*

*3. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің орны мен рөлі.*

**1. Қоғамның саяси жүйесінің түсінігі.** Қоғамның саяси жүйесі—бұл белгілі бір саяси функцияларды атқарушы мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік институттардың жүйесі. Мұндай институттардың қатарына қоғамдық өмірдің билікке байланысты саласына қатысушы мемлекет, партиялар, кәсіптік одақтар және басқа да ұйымдар мен қозғалыстар жатады. Саяси жүйе сыртқы және ішкі саясаттың жүзеге асуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік топтардың мүдделерін қалыптастырады, білдіреді және қорғайды. Оның сипаты, ең алдымен, осы саяси жүйенің пайда болған және қызмет ететін әлеуметтік ортасы арқылы анықталады:

1) Еңбек нәтижелері саналы түрде мемлекеттік ұйымдасқан адамдардың ерекше тобымен бөлінетін әлеуметтік орта. Мұндай ортада меншіктің мемлекеттік және қоғамдық түрлері орын алады; өзіндік меншікке рұқсат берілуі мүмкін, ал жеке меншік мүлдем болмайды. Мұндай саяси жүйелерде мемлекеттік билік қоғамның экономикалық өміріне тоталитарлы түрде араласады; мемлекет идеологиясынан өзгеше ойлау басып-жаншылып отырады; мемлекеттік идеология, дін, мәдениет, білім, ғылым қалыптасады. Билік-те тек бір саяси партия болады.

2) Әлеуметтік ортаның екінші түрі қоғамның экономикалық өмірінің нарықтық-ақшалық негізіне, еркін кәсіпкерліктің тәжіри-бесі мен идеологиясына негізделеді. Мұндай саяси жүйелерде мемлекет нарықтық экономика үшін жағдайларды ұйымдастыру-шы ретінде көрініс табады, азаматтардың құқықтары мен бостан-дықтарын қамтамасыз етеді. Мұндай жүйеде партиялар билікті сайлау компанияларына қатысу арқылы жаулап алуға тырысады; құқықтық нысандар саяси мақсаттарға жетудің негізгі құралына айналады.

3) Әлеуметтік ортаны ұйымдастырудың үшінші түрі – аралас түр, ол конвергенция деген атқа ие болды. Конвергенциялық саяси жүйелер бір әлеуметтік ортадан екінші әлеуметтік ортаға өту кезінде пайда болады. Конвергенциялық саяси жүйелерге әртүрлі мақсаттағы және мазмұндағы көптеген саяси институттардың араласуы тән болып келеді.

**2. Саяси жүйелердің түрлері.** Саяси жүйелердің пайда бола-тын әлеуметтік ортасының сипатына қарай мынадай саяси жүйе түрлері болады: тоталитарлық, либералдық-демократиялық және аралас жүйелер; ал өзара байланысу сипатына қарай ашық және жабық саяси жүйелер болады.

**3. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің орны мен рөлі.** Мемлекет саяси жүйеге белгілі бір жекелеген органдары арқылы емес, өзіндік бір саяси, аумақтық, құрылымдық бөлік ретінде кіреді. Ол өз функцияларын басқа әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіптік одақтармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып

атқарады. Ол саяси жүйеде жетекші рөлді иеленген, себебі:

- а) оның аумақтық шекараларында азаматтық белгісі бойынша біріккен халықтың жалғыз ресми өкілі рөлін атқарады;
- ә) егемендіктің жалғыз иесі болып табылады;
- б) қоғамды басқаруға бағытталған әлеуметтік аппараты болады;
- в) қарулы құрылымдары болады;
- г) құқықшығармашылыққа қатысты монополияға ие;
- д) материалдық құндылықтардың ерекше жиынтығына (мемлекеттік меншік, бюджет, валюта және т.б.) ие.

*№ 14 кесте Қоғамның саяси жүйесі Бұл елдің мемлекеттік және қоғамдық-саяси өміріне қатысатын, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдары мен институттарының жиынтығы Мемлекет Қоғамдық ұйымдар (саяси партиялар мен қозғалыстар, кәсіби одақтар, әйелдер, жастар ұйымдары) **Құрылымы***

## **10 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ**

*1. Құқықтық мемлекеттің түсінігі және қағидалары.*

*2. Биліктің тармақтарға бөлінуі құқықтық мемлекеттің қағи-дасы ретінде.*

*3. Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі.*

**1. Құқықтық мемлекеттің түсінігі және қағидалары.** Құқықтық мемлекет – бұл адам мен азаматтың құқықтар мен бостандық-тарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушы-лықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы.

Құқықтық мемлекеттің мәнін қарастыруда оның негізгі екі жағын (екі негізгі қағиданы) бөліп қарастыруға болады:

1) мазмұнды жағы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше толық көлемде қамтамасыз етуден, тұлға үшін құқықтық ынталандыру режимін орнықтырудан көрінеді;

2) формальды-заңды жағы – мемлекеттік билікті құқықпен бай-ланыстырудан, мемлекеттік құрылымдар үшін құқықтық шектеу режимін орнықтырудан көрінеді.

Сонымен қатар, құқықтық мемлекеттің қағидасына мыналар да жатады:

- билікті заңсыз пайдалануды болдырмау мақсатында оны заңшығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлу;

- заңның үстемдігі, яғни, биліктің жоғары органымен барлық конституциялық тәртіптерді сақтай отырып қабылданған заң атқарушылық билік актілерімен жоққа шығарылуы, өзгертілуі және тоқтатылуы мүмкін емес;

- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі;

- қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі;

- азаматтық қоғамның болуы және тарапынан құқық субъектілерінің заңдарды орындауына бақылау жүргізілуі.

**2. Биліктің тармақтарға бөлінуі құқықтық мемлекеттің қағидасы ретінде.** Бұл қағиданы алғаш рет Д.Локк пен Ш.Мон-тескье ұсынған болатын. Қағиданың басты талабы – саяси бос-тандықты бекіту, заңдылықты қамтамасыз ету және белгілі бір әлеуметтік топтың, мекеменің немесе жеке тұлғаның билікті асыра пайдалануын болдырмау үшін мемлекеттік билікті заң шығару-шылық (халық сайлайтын және қоғамды дамытуды заңдар қабылдау жолымен жүзеге асыруға бағытталған), атқарушылық (би-ліктің өкілдік органы тағайындайтын және заңдар мен оралым-дық-шаруашылық қызметті жүзеге асырумен айналысатын) және сот (бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің, кінәлілерді әділетті түрде жазалаудың кепілі болып табылатын) биліктері деп бөлу қажет. Және осы әр бір билік түрлері дербес және бір-бірін тежей отырып, өз функцияларын органдардың ерекше жүйесі арқылы және ар-

найы нысандарда жүзеге асыруы тиіс.

Конституцияда бекітілген «тепе-теңдік және тежемелік жүйесі» заң шығару, атқарушы, сот билігінің нақты бір билік түріне қатысты құқықтық шектеулерінің жиынтығын білдіреді. Мысалы, заң шығару билігіне қатысты тежемелік жүйесінде ерекше рөлді Президент иеленген, ол заң шығарушыға қатысты вето құқығын иеленеді; атқарушы билікке қатысты тежемелік сипатта болып президент өкілеттіктерінің мерзімі, импичмент, сенімсіздік воту-мы, атқарушы органдардың жауапты қызметкерлеріне заңшығару-шылық құрылымға сайлануға тыйым салу, коммерциялық қызмет-пен айналысу табылады; сот билігі үшін конституцияда көрініс тапқан құқықшектеуші құралдар болып мыналар табылады: кінә-сіздік презумпциясы, қорғану құқығы, азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі, іс жүргізудің жариялылығы мен жарыспалы-лығы, соттарға отвод жариялау және т.б.

**3. Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі.** Бұл құқықтық мемлекеттің дербес қағидасы болып табылады. Бұл саяси билікті шектеудің өзінше бір тәсілі, ол саяси биліктің иесі ретіндегі мемлекет пен оны жүзеге асырудың қатысушысы ретіндегі азаматтың арасындағы қарым-қатынастардың адамгершілік-заңды бастамаларын көрсетеді. Қоғам мен тұлғаның бостандығын заң-шығарушылық нысанда бекіте отырып, мемлекет өз шешімдері мен әрекеттерінде белгілі бір шектеулерді иеленеді. Заң арқылы ол өзінің азаматтармен, қоғамдық ұйымдармен, басқа мемлекеттер-мен қарым-қатынастарындағы әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз ететін міндеттемелерді өз мойнына алуы тиіс.

Құқыққа бағына отырып, мемлекеттік органдар ондағы ере-желерді бұза алмайды және осы міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылады. Заңның мемлекеттік билік үшін міндеттілігі әкімшіліктік қателіктерді болдырмауға бағытталған ке-пілдіктер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Оларға Үкіметтің өкілдік органдардың алдындағы жауапкершілігі, мемлекеттің кез-келген деңгейдегі лауазымды тұлғаларының нақты бір тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзғандығы, билікті асыра пайдаланғаны, қызметтік жағдайын асыра пайдаланғаны үшін тәртіптік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілігі, импичмент және т.б. жатады.

Жалпы қауымның мемлекеттік құрылымдардың өз міндеттерін орындауды бақылауының нысандары болып референдумдар, де-путтардың сайлаушылар алдында есеп беруі және т.б. табылады.

Тұлғаның мемлекет алдындағы жауапкершілігі де дәл осы құқықтық бастамалар негізделеді. Мемлекеттік мәжбүрлеуді қол-дану құқықтық сипатта болуы, ол тұлғаның бостандығын бұзбауы және жасалған құқықбұзушылықтың ауырлығына сай болуы тиіс. Сонымен, мемлекет пен тұлғаның арасындағы қарым-қатынастар өзара жауапкершіліктің негізінде жүзеге асырылуы тиіс. *№ 15 кесте*

***Құқықтық мемлекет идеясының пайда болуы мен дамуы***

*Мемлекет – бұл адамдардың бір бірімен араласуының ең ойға қонымды және әділетті нысаны, мұнда заң азаматтар үшін де, мемлекет үшін де міндетті болып табылады*

Сократ, Платон, Аристотель, Полибий

*Мемлекеттің мақсаты – әрбір адамға мүлікті еркін пайдалану мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету*

Макиавелли, Боден

*Мемлекет әрбір азаматқа өз өмірінің сақталуына ғана емес, сонымен қатар оның меншігінің қауіпсіздігі, ары мен бостандығының сақталуына да кепілдік бере алғанда ғана қуатты бола алады*

Спиноза

*Мемлекеттің міндеті – заң қорғамаған жағдайда, әркімнің барлық жағдайларда өз еркіне сай әрекет ету бостандығын қамтамасыз ету*

Локк

*Бостандық (еркіндік) дегеніміз заңдармен рұқсат етілгеннің барлығын жүзеге асыра алу құқығы*

Монтескье

*Нағыз заңшығарушы болып халық табыла алады, тек халық еркі ғана саяси биліктің қайнар көзі болып табылады*

Дидро

*Мемлекет – құқықтық заңдарға бағындырылған көпшілік адамдар бірлестігі*

Кант

*Мемлекет – барлығы құқықтық негізге сәйкес құрылатын, қоғамдық өмірдің ең жетілген ұйымы*

Гегель

*Мемлекет өз қызметінде құқықпен байланысты және шектелген, құқықтың үстінде емес, астында тұрады*

Гессен



## 11 тақырып. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

*1. Мемлекет пен қоғамның өзара қатынасы.*

*2. Азаматтық қоғамның түсінігі және құрылымы.*

**1. Мемлекет пен қоғамның өзара қатынасы.** Қоғам – бұл, кең мағынада, адамдардың бірлескен қызметінің тарихи қалыптасқан нысандарының жиынтығы немесе, тар мағынада, әлеуметтік жүйенің тарихи нақты типі, қоғамдық қатынастардың белгілі бір нысаны.

Мемлекет – бұл саяси биліктің саяси-аумақтық, егеменді түрде ұйымдастырылуы. Қоғам мен мемлекет – әртүрлі түсініктер. Бірін-шісі екіншісіне қарағанда кең болып келеді, себебі, қоғамда мемлекетпен қатар мемлекеттік емес құрылымдар да (саяси партиялар, саяси қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, еңбек ұжымдары және т.б.) болады. Мемлекет қоғамның саяси бөлігі, элементі болып табылады.

Мемлекет қоғамда орталық орынды және басты рөлді иеленген. Мемлекеттің сипаты бойынша бүкіл қоғамға. Оның мәніне сипаттама беруге болады. Мемлекет қоғамға қатысты оның істерін шешу, басқару құралы рөлін атқарады. Қоғам мен мемлекеттің хронологиялық шектері де әртүрлі болып келеді: біріншісі екіншісіне қарағанда ерте пайда болған және бай даму тарихына ие. Дамыған қоғамның негізінде пайда болған мемлекет оған қатысты салыстырмалы түрдегі дербестікті иеленеді.

**2. Азаматтық қоғамның түсінігі және құрылымы.** «Азамат-тық қоғам» түсінігін Аристотель, Цицерон, Гроций, Т.Гоббс, Дж.Локк, Гегель, Маркс және т.б. ойшылдар қалыптастырған. Барлық ғалымдар азаматтық қоғамдағы негізгі идея ретінде адам идеясын таниды. Азаматтық қоғам – бұл олардың көмегімен жеке тұлғалар мен топтардың мүдделері қанағаттандырылатын Адам-гершілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасы инсти-туттары мен қатынастарының жиынтығы.

Азаматтық қоғамның құрылымына мыналар кіреді:

- 1) мемлекеттік емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен институттар (меншік, еңбек, кәсіпкерлік);
- 2) мемлекеттен тәуелсіз өндірушілердің жиынтығы (жеке фирмалар және т.б.);
- 3) қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер;
- 4) саяси партиялар мен қозғалыстар;
- 5) тәрбиелеу мен мемлекеттік емес білім беру саласы;
- 6) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесі;
- 7) отбасы;
- 8) шіркеу және т.б.

Азаматтық қоғамның белгілері:

- адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарының мейлін-ше толық қамтамасыз етілуі;
- өзін-өзі басқару;
- оның құрылымдары мен адамдардың әртүрлі топтарының бәсекелестігі;
- еркін түрде қалыптасатын қоғамдық көзқарас пен плюрализм;
- жалпы ақпараттану мен адамның ақпаратпен танысу құқығы-ның шын мәнінде жүзеге асырылуы;
- өмір сүру координация қағидасына негізделеді (мемлекеттік аппарат кезінде субординация қағидасы үстемдік құрады);
- экономиканың көпжақтылығы;
- биліктің заңды және демократиялық сипаты;
- құқықтық мемлекет;
- адамдардың жақсы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ететін мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты және т.б.

*№ 16 кесте*

*Мемлекет*

*Мемлекет Азаматтық қоғамның құрылымы*

## **12 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ**

**1. Мемлекетке дейінгі кезеңдегі нормаларға жалпы сипат-тама.** Мемлекетке дейінгі әлеуметтік нормалардың ерекшелігі болып олардың адамдардың күнделікті өміріне сіңе отырып ру-дың, тайпаның әлеуметтік-экономикалық біртұтастығын көрсетуі және қамтамасыз етуі табылды. Бұл еңбек құралдарының жетілме-гендігімен, оның өндіру деңгейінің төмендігімен байланысты бол-ды. Осыдан барып бірлесіп өмір сүру, қоғамдық меншікті қалып-тастыру, өнімдерді теңдік негізінде бөлу қажеттігі туындады, ал бұл жағдай, өз кезегінде, алғашқы қауымдық қоғам нормаларының табиғатына әсерін тигізді.

Мемлекетке дейінгі кезеңде болған нормалардың белгілері:

- 1) алғашқы қауымдық қоғамдағы қарым-қатынастар ең алды-мен әдет-ғұрып нормаларымен, яғни, ұзақ уақыт бойы қолдану нәтижесінде әдетке айналған, тарихи қалыптасқан жүріс-тұрыс ережелерімен реттелген;
- 2) жазбаша нысандағы көрінісі болмастан, адамдардың жүріс-тұрысы мен санасында өмір сүрген;
- 3) әдеттің, сонымен қатар, сендіру және мәжбүрлеу (рудан қуу) шараларымен қамтамасыз етілген;
- 4) оларда негізгі реттеу тәсілі болып тыйым (табулар жүйесі, құқықтар мен міндеттердің болмауы) табылған;
- 5) олар ру мен тайпаның барлық мүшелерінің мүдделерін біл-дірген.

**2. Құқықтың пайда болуының ерекшеліктері.** Құқық әлеу-меттік институт ретінде мемлекетпен бірге пайда болады, себебі, көп жағдайда олар бір-бірінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағыт-талған. Мемлекеттің құқықсыз өмір сүре алмайтыны секілді, құ-қық та мемлекетсіз өмір сүре алмайды: құқық мемлекеттегі саяси билікті ұйымдастырса, мемлекет заң нормаларын орнықтырады, қолданады және оларға кепілдік береді.

Құқық тарихи тұрғыда таптық құбылыс ретінде пайда болып, ең алдымен, экономикалық үстемдік құрушы таптардың еркі мен мүдделерін білдірді. Егер әдет-ғұрыптар адамдардың санасы мен жүріс-тұрысында бекітілсе, құқықтық нормалар жалпыға мәлім болу мақсатында жазбаша рәсімделе басталды. Құқықтың пайда болуы – әлеу-меттік байланыстардың күрделенуінің, қоғамдағы қарама-қайшылықтардың таралуын әлеуметтік нормалардың рет-тей алмауының салдары.

Құқықтық нормалар негізгі үш жолмен қалыптасты:

- 1) мононормалардың (алғашқы қауымдық әдет-ғұрыптардың) әдет құқығының нормаларына айналуы және осыған байланысты оларды мемлекеттің санкциялауы;
- 2) құқық нормаларынан құралған арнайы құжаттарды – норма-тивтік актілерді – шығарудан көрініс тапқан мемлекеттің құқық-шығармашылық қызметі;
- 3) сот және әкімшілік органдарымен қабылданатын нақты шешімдерден құралған және басқа да ұқсас істерді шешуде үлгілік сипатты иеленетін прецеденттік құқық.

*№ 17 кесте Құқықты қалыптастырудың негізгі жолдары Алғашқы қауымдық әдет-ғұрыптық нормаларды мемлекетпен санкциялау және*

*оларды әдет құқығының нормаларына айналдыру, оларды мемлекет тарапынан қорғау Заңдық прецедент (нақты бір іс бойынша соттық немесе әкімшілік шешім), оған мемлекет ұқсас істер бойынша заңдық міндетті күш береді Мемлекеттік құқықтық нормалардан тұратын жаңа нормативтік актілерді шығаруы*

## **13 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ**

- 1. Құқықтың түсінігі және белгілері.*
- 2. Құқықтың мақсаты.*
- 3. Құқықтың құндылығы.*
- 4. Құқықтың мәні.*
- 5. Құқықтың объективтік және субъективтік мағынадағы түсінігі. Табиғи құқық. Позитивтік құқық. Бұқаралық және жеке құқық.*
- 6. Құқық қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуші ретінде.*

**1. Құқықтың түсінігі және белгілері.** Құқық – бұл қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі.

Құқықтың белгілері:

- 1) еріктілік сипаты;
- 2) жалпыға міндеттілігі;
- 3) нормативтілігі;
- 4) мемлекетпен байланысы;
- 5) формальды анықталғандығы;
- 6) жүйелілігі.

**2. Құқықтың мақсаты.** Құқықтың қоғамдық жоғарғы мақсаты қоғамдағы бостандықты нормативтік тәртіпте қамтамасыз етуінен және кепілдеуінен, әділеттілікті қалыптастыруынан, қоғамдық өмірден қателіктер мен өз бетімен кетушіліктерді жоя отырып, қоғамдағы экономикалық және рухани факторлардың әрекет етуіне мейлінше жағдай жасауынан көрініс табады.

**3. Құқықтың құндылығы** – бұл құқықтың азаматтардың және жалпы қоғамның әлеуметтік әділетті қажеттіктері мен мүдделерін қамтамасыз ету құралы мен мақсаты ретінде қызмет ете алу қабілеті. Құқықтың әлеуметтік құндылығының төмендегідей негізгі көріністерін атап өтуге болады:

1) құқық адамдардың әрекеттеріне ұйымдастырушылықты, тұрақтылықты, үйлесімділікті дарыта отырып, олардың бақы-лануын қамтамасыз етеді, осы арқылы ол қоғамдық қатынастарға реттеушілік элементін енгізе отырып, оларды өркениетті құбы-лысқа айналдырады;

2) құқық тұлғалардың ерекше мүдделерін үйлестіру арқылы олардың жүріс-тұрысы мен қызметіне әсерін тигізеді, яғни, құқық жеке мүдделерді басып-жаншымайды, керісінше, оны қоғамдық мүддемен үйлестіреді;

3) құқық тұлғаның қоғамдағы бостандығын көрсетуші және анықтаушы болып табылады және осы бостандықтың шегін, шамасын анықтайды;

4) құқық әділеттілік идеясын көрсету қабілетіне ие, яғни, құқық материалдық игіліктердің дұрыс және әділетті бөлінуінің талап-тарын орнықтырады, барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігін бекітеді;

5) құқық қоғамдық дамудың тарихи кезектілігіне сәйкес қоғамның жаңаруының қайнар көзі болып табылады; әсіресе, оның құндылығы тоталитарлық режимдердің құлауы мен жаңа нарық-тық механизмдердің бекітілуі жағдайларында өсе түседі;

6) құқықтық тәсілдер халықаралық және ұлтаралық сипаттағы мәселелерді шешудің негізі және жалғыз құралы болып табылады.

**4. Құқықтың мәні** өркениеттілік жағдайында қоғамдық қа-тынастарды реттеуден, нормативтік негізде қоғамның тұрақты ұйымдастырылуына жете отырып, демократияның, экономикалық бостандықтың, тұлға бостандығын жүзеге асырылуынан көрінеді.

Құқықтың мәнін қарастыруда екі аспектіні ескерудің маңызы зор: 1) формальдық – кез-келген құқықтың ең алдымен реттеуші екендігі; 2) мазмұндық – осы реттеушінің кімнің мүдделеріне қызмет ететіндігі.

Құқықтың мәнін түсінуде келесі тәсілдерді бөліп атауға бола-ды:

- таптық, бұның шегінде құқық экономикалық үстемдік құ-рушы таптың заңда көрініс тапқан мемлекеттік еркін білдіретін, мемлекетпен кепілденген заң нормаларының жүйесі ретінде анық-талады;

- жалпыәлеуметтік, бұның шегінде құқық қоғамдағы әртүрлі таптардың, әлеуметтік топтардың арасындағы келісімнің көрінісі ретінде қарастырылады.

**5. Құқықтың объективтік және субъективтік мағынадағы түсінігі. Табиғи құқық. Позитивтік құқық. Бұқаралық және жеке құқық.** *Объективтік құқық* – бұл қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі. Объективтік құқық – бұл нақты бір мемлекеттегі белгілі бір кезеңдегі заңнама, заң әдеттері, заңды прецеденттер және нормативтік шарттар. Оның объективтілігі жеке тұлғаның еркі мен санасынан тәуелсіз болып, оған тиесілі болмауынан көрініс табады.

Субъективтік құқық – бұл тұлғаның жеке мүдделерін қанағат-тандыруға бағытталған, заңды мүмкін жүріс-тұрыстың шамасы. Субъективтік құқықтар ретінде адамның нақты құқықтарын (еңбек етуге, білім алуға және т.б. құқық) атауға болады, олардың субъективтілігі тұлғамен байланыстылығынан, оған тиесілігінен және оның санасы мен еркінен тәуелділігінен көрінеді.

Заңды мағынадағы құқықпен (объективтік және субъективтік құқықтар) қатар табиғи құқық та болады, ол өмір сүруге, бос-тандыққа және т.б. құқықтарды қамтиды. Табиғи құқықтың ката-рына жататын құқықтар бір жерде бекітілген-бекітілмегеніне қара-мастан өмір сүреді, олар өмірдің өзінен тікелей туындайды.

Табиғи құқыққа қарағанда заңды мағынадағы құқық (объек-тивтік және субъективтік құқық) позитивтік құқық

ретінде көрініс табады, яғни, олар заңдар мен басқа да қайнар көздерде бекітілген.

Позитивтік құқықтың негізгі сипаттары:

а) оны адамдар немесе қоғамдық құрылымдар–заңшығару-шылар, соттар, құқық субъектілер қалыптастырады, яғни, олардың шығармашылығының, мақсатты ерікті қызметінің нәтижесі болып табылады;

ә) ол заңдар немесе басқа да қайнар көздер түрінде, яғни, жай ой, идея түрінде ғана емес, нақты сыртқы көрінісі бар ақиқат ретінде өмір сүреді.

Құқықтың пайда болу кезінен бері және оның дамуы бары-сында оның бір мезетте әрі қарама-қайшы, әрі өзара байланысқан екі жағы анықталды. Бірінші жағы – бұқаралық-құқықтық жағы, екінші жағы – жеке-құқықтық жағы.

Бұқаралық құқық – бұл мемлекеттік істер саласы, яғни, билік пен бағыныстылық қатынастарына негізделген мемлекеттің бұқаралық билік ретіндегі және барлық бұқаралық институттардың құрылымы және қызметі.

Жеке құқық – бұл жеке істер саласы, яғни, дербестік, субъектілердің заңды теңдігі бастамаларына негізделген еркін тұлға, институттар мәртебесі.

**6. Құқық қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуші ретінде.** Құқықтың түсінігіне кірген аса маңызды белгілерінің бірі болып оның мемлекетпен тығыз байланысы табылады. Бұл белгі мыналардан көрініс табады:

1) мемлекет құқықты ресми түрде орнықтырып, оның орын-далуын мемлекеттік мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етеді;

2) құқық мемлекеттік еріктің нормативтік көрінісі бола тұра, қоғамдық қатынастарды таптық, жалпы әлеуметтік және басқа да мүдделерге сәйкес реттейді;

3) құқық жалпыға міндетті сипатқа ие, бұл оның ерекше әлеуметтік реттеуші, заңды және заңсыз әрекеттерді өлшеуші ретінде көрініс табуына мүмкіндік береді.

4) басқа әлеуметтік нормаларға қарағанда құқықтың реттеушілік рөлінің ерекшелігі оның нормаларының өкілдік-міндеттеуші мазмұнымен байланысты.

*№ 18 кесте Құқықтың белгілері Еріктілік сипаты – халықтың белгілі-бір тобының немесе қоғамдағы көпшіліктің еркі мен мүдделерін білдіреді **Нормативтілік** – заңдық нормалардың — жалпыға міндетті тәртіп ережелерінің жиынтығын білдіреді **Жалпыға міндеттілік** – мемлекет аумағында тұратын барлық тұрғындарға таралады **Формальды анықталғандық** – арнайы мемлекеттік құжаттарда-нормативтік актілерде көрініс тапқандығы **Мемлекетпен байланыстылығы** – мемлекеттен туындайды және кез-келген бұзушылықтардан мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қорғалады **Құқық** – бұл мемлекеттен белгіленетін және қамтамасыз етілетін және қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған жалпыға міндетті, формальды анықталған заңдық нормалардың жүйесі*

## 14 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫ ТҮСІНУДЕГІ ҚАЗІРГІ КЕЗГІ БАҒЫТТАР

- 1. Нормативистік бағыт.*
- 2. Құқықтың табиғи-құқықтық теориясы.*
- 3. Құқықтың діни теориясы.*
- 4. Құқықтың тарихи мектебі.*
- 5. Психологиялық бағыт.*
- 6. Социологиялық бағыт.*
- 7. Марксистік бағыт.*
- 8. Интегративтік бағыт.*

**1. Нормативистік бағыт.** Оны жақтаушылар (Штаммлер, Но-вогородцев, Кельзен және т.б.) құқыққа мемлекетпен қорғалатын нормалар жиынтығы ретінде анықтама береді. Нақты айтқанда, Кельзеннің концепциясына сәйкес, құқық нормалар жүйесі (пира-мидасы) ретінде түсіндіріледі, оның ең басында заңшығарушы қабылдаған негізгі (егеменді) норма тұрады, және бұл жердегі әрбір төменгі норма өз заңдылығын заңды күші жоғары нормадан алады. Құқық туралы нормативистік бағыттың мазмұны ақиқатқа мемлекет қабылдаған нормативтік актілер негізінде қарау арқылы анықталады.

**2. Құқықтың табиғи-құқықтық теориясы.** Бұл құқық Теориясын жақтаушылар (Т.Гоббс, Д.Локк, А.Радищев және т.б.) мемлекет орнықтыратын құқыққа қоса адамға тумысынан берілетін табиғи құқық та болады деп санаған. Бұл – өмір сүруге, бостандыққа, теңдікке, меншікке және т.б. құқық. Яғни, табиғи құқық (адамның табиғи, мәңгі, өзгермейтін құқықтарының жиын-тығы) – қолданыстағы құқыққа (заңдар, прецеденттер) қарағанда жоғары құқық, бұл өз бойына сана мен мәңгілік әділеттілікті сіңіре білген құқық. Бұл теорияның шеңберінде құқық пен заң бөліп қарастырылады, яғни, позитивтік құқықпен (мемлекет қабылдаған заңдармен) қатар адамға туған сәтінен тиесілі жоғары, шынайы, табиғи құқық та болады.

**3. Құқықтың діни теориясы құқықты** түсіндіруде құдай кітаптарына, ең алдымен, Інжілге негізделеді. Бұл теорияның өкілдері (Аристотель, Фома Аквинский және т.б.) егер адамға табиғи құқықтар туған сәтінен берілсе, оларды Құдай беруі мүмкін деп санаған.

**4. Құқықтың тарихи мектебі.** Оның өкілдері (Ф.Савиньи, Гуго, Г.Пухта және т.б.) құқықты заңшығарушы қалыптастыр-майды, ол халықтық рухтың, дамуы нәтижесінде тіл сияқты өз бетімен қалыптасады деп санаған. Құқықтанушы-ғалымдар халық-тық құқықтық рухтың көріністерін дәл тауып, оның ережелерін заң формулалары арқылы көрсетуі тиіс, ал заңшығарушы дайын құқықты тауып, оны қолданыстағы заңнамаға айналдыруы тиіс.

**5. Психологиялық бағыт.** Бұл теорияның өкілдері (Л.И.Петра-жицкий, Росс, И.М.Рейснер және т.б.) нормалармен қатар «құқық» түсінігіне адамдардың құқықтық санасын да, құқықтық эмоция-ларын да енгізеді. Психологиялық бағыт кеңес билігінің алғашқы жылдарында аса кең қолданыста болған. Себебі, бұл кезде жаңа заңдар қалыптаспаған болатын, тіпті, декреттердің өзінде соттар-дың істерді пролетарлық мемлекет мүддесіне сәйкес шешуінде құқықтық санаға жүгінуі танылған еді.

**6. Социологиялық бағыт.** Құқықтың социологиялық теория-сының өкілдері (П.Эрлих, Жени, С.И.Муромцев және т.б.) құқық табиғи құқықтар мен заңдардан емес, заңдарды жүзеге асырудан көрініс табады деп санаған, яғни, құқықты өз құқықтарын белгілі бір дәрежеде жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалардың қызметі ретінде түсіндірген. Құқық ретінде мемлекетті құру тәжі-рибесі де жарияланған.

**7. Марксистік бағыт.** Марксистік теорияның өкілдері (Маркс, Энгельс, Ленин және т.б.) құқықты экономикалық үстемдік құрушы таптың заңға айналған еркі ретінде түсіндірген. Және таптық еріктің құқығынан көрініс тапқан мазмұнды материалдық өндірістік қатынастардың сипатымен анықтаған.

**8. Интегративтік бағыт.** Бұл бағытқа сәйкес шын мәнінде кемшіліксіз құқықтың болуына күмән келтіріледі, сондықтан, аталған бағыттың өкілдері әртүрлі теориялардан өз ойларынша ең дұрыстарын тандап алып, құқыққа мынадай анықтама береді: «Құқық – бұл еркін еріктердің өзара байланыстағы күресі мен ке-лісімін реттейтін, ресми қорғаумен қамтамасыз етілген және нақты бір қоғамда танылған теңдік пен әділеттілік норматив-терінің жиынтығы».

*№ 19 кесте*

**Құқық туралы түсініктердің дамуы** *Табиғи құқық теориясы (Локк, Руссо, Монтескье, Рдичев) Мемлекет жасайтын позитивтік құқықтан басқа, одан жоғары тұратын, адамға тумысынан тиесілі болатын табиғи ажырамас құқықтар болады (өмір сүру құқығы, еркін даму, еңбек ету және т.б.) Құқықтың реалистік мектебі (Иеринг) Құқық мемлекетпен қорғалған мүдде, ол мемлекеттік биліксіз ештеңе емес. Нормативтік теория (Кельзен, Штаммлер) Құқық — нормалар иерархиясы, қоғамдық қатынастардың нормативтік реттеушісі: ол мемлекетсіз, ал мемлекет құқықсыз мүмкін емес Құқықтық тарихи мектебі (Гуго, Савиньи, Пухта) Құқық — халық еркінің, халықтық көзқарастың көрінісі, ол тіл сияқты бірте-бірте мемлекеттен тәуелсіз қалыптасады. Заң шығарушы өз дегені бойынша нормалар жасай алмайды, ол тек норма түрінде қалыптасқан ережені белгілеуге құқылы Құқықтың психологиялық теория (Мэррилл, Петра-жицкий) Адамдардың өз құқықтары мен міндеттері туралы психологиялық толқуларын білдіретін нағыз-шынайы құқық пен норма-лар жиынтығынан тұратын ресми құқық болады Құқықтың әлеуметтік теориясы (Эрлих, Жени, Муромцев) Құқық — құқықпен реттелетін құқықтық қатынастар жүйесі, адамдардың іс жүзіндегі жүріс-тұрысы Солидаризм теориясы (Дюги) Объективтік құқықты әлеуметтік келісімді ережелер құрайды, оларға мемлекет пен азаматтар бағынады Құқықтық материалистік (класстық) теориясы (Маркс, Ленин) Құқық — бұл заңға айналдырылған үстемдік етуші таптың еркі, оның мазмұны қоғам өмірінің материалдық жағдайларымен анықталады*



## **15 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ**

*1. Құқықтың қағидаларының түсінігі және түрлері.*

*2. Құқықтың функцияларының түсінігі және түрлері.*

**1. Құқықтың қағидаларының түсінігі және түрлері.** Құқықтың қағидалары – бұл құқықтың ерекше әлеуметтік реттеуші ретіндегі мәнін көрсететін негізгі бастамалар, ережелер, идеялар. Олар құқықтың заңдылығын, табиғатын және әлеуметтік мәнін көрсетеді және заңдардың өзінде тікелей көрініс тапқан немесе олардың мәнінен туындайтын жүріс-тұрыс ережелері болып табылады. Таралу саласына қарай жалпы құқықтық, салааралық және салалық қағидаларды бөліп қарастырады.

Жалпы құқықтық қағидалар барлық құқық салаларында күшке ие болып келеді. Оларға мына қағидалар жатады:

- әділеттілік;
- азаматтардың заң мен сот алдындағы заңды теңдігі;
- ізгілік (гуманизм);
- демократиялық;
- құқықтар мен міндеттердің біртұтастығы;
- сендіру мен мәжбүрлеуді үйлестіру.

Салааралық қағидалар бірнеше құқық саласының ерекше мәнді белгілерін сипаттайды. Олардың арасынан жарыспалылық және сот өндірісінің жариялылығы және т.б. қағидаларды бөліп атауға болады.

Салалық қағидалар тек бір саланың шеңберінде ғана әрекет етеді. Мысалы, азаматтық құқықта – мүлктік қатынастардағы тараптардың теңдігі қағидасы; қылмыстық құқықта – кінәсіздік презумпциясы.

Құқық қағидалары қоғамдық қатынастарды реттеуге қатысады, себебі, олар құқықтық әсер етудің жалпы бағыт-тарын анықтап қана қоймай, нақты бір іс бойынша шешімнің негіздемесіне де енуі мүмкін.

**2. Құқықтың функцияларының түсінігі және түрлері.** Құқықтың функциялары – бұл құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлін көрсететін, құқықтық әсер етудің негізгі бағыт-тары.

Құқықтың функцияларын түрлерге бөлудің негізінде жатқан екі жақты шартты түрде бөліп қарастыруға болады:

1) сыртқы жақ, бұған сәйкес құқықтың әлеуметтік функция-лары анықталады, олар: экономикалық (құқық өндірістік қатынастарды реттейді, меншік нысанын бекітеді және т.б.), саяси (құқық саяси қатынастарды, саяси жүйе субъектілерінің қызметін реттей-ді және т.б.), тәрбиелік (құқық белгілі бір идеологияны көрсетеді, тұлғаларға арнайы педагогикалық әсер етеді және т.б.) функция-лар.

2) ішкі жақ, бұл құқықтың табиғатынан туындайды, олар – реттеуші және қорғаушы функциялар.

Реттеуші функция – бұл позитивтік жүріс-тұрыс ережелерін орындырудан, қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның мүдделеріне сәйкес қатынастарды дамытуға жәрдем беру мақсатында құқық субъектілеріне субъективтік құқықтар беруден және заңды мін-деттер жүктеуден көрініс табатын, құқықтық әсер етудің әлеу-меттік мақсатпен байланысты бағыты.

Бұл функцияның шеңберінде оның екі түрін бөліп қарастыра-ды: реттеуші статистикалық және реттеуші динамикалық функ-циялар.

Реттеуші статистикалық функция құқықтың қоғамдық қатынас-тарға оларды белгілі бір құқықтық институттарда бекіту жолымен әсер етуінен көрінеді. Статистикалық функцияны жүзеге асыруда конституцияда бекітілген саяси құқықтар мен бостандықтар институты ерекше мәнге ие.

Реттеуші динамикалық функция құқықтың қоғамдық қатынас-тарға құқық субъектілерінің белсенді жүріс-тұрысын қамтамасыз ету жолымен әсер етуінен көрінеді. Ол азаматтық, әкімшілік, ең-бек құқығының институттарынан көрініс табады.

Қорғаушы функция – бұл ерекше маңызды экономикалық, сая-си, ұлттық және жеке қатынастарды қорғауға, заңды қорғау мен заңды жауапкершіліктің шамасын, оларды жүктеу мен орын-даудың тәртібін орнықтыруға бағытталған құқықтық әсер етудің әлеуметтік мақсатпен байланысты бағыты.

*№ 20 кесте*

*Жалпыға*

*бұлҚұқық қағидалары*

## 16 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҢ ТИПТЕРІ

*1. Құқықтың типінің түсінігі.*

*2. Құқықтың тарихи типтері.*

**1. Құқықтың типінің түсінігі.** Құқықтың тарихи типі—бұл белгілі бір экономикалық базиске тән барлық құқық жүйелерінің жалпы әлеуметтік сипаттарын көрсететін категория. Формациялық бағытқа сәйкес, базис қоғамдық дамудағы шешуші фактор болып табылады, ол мемлекет пен қоғамның белгілі бір типін қалыптастырады. Экономикалық базистің типтеріне қарай құқықтың құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік типтерін бөліп қарастырады.

**2. Құқықтың тарихи типтері.** Құқықтың құлиеленушілік типі – бұл құлиеленушілердің толыққұқылығын және құлдардың құқықсыздығын бекітетін, құлиеленуші таптың еркін білдіретін, құлиеленуші мемлекет қалыптастырған құқықтық нормалардың жүйесі. Бұл құқықтың мазмұны құлиеленуші таптың өмірінің материалдық жағдайларына сәйкес анықталады.

Құқықтың феодалдық типі – бұл бір сословиелердің артық-шылығын және келесі бір сословиелердің кемсітілуін бекітетін, феодалдар табының еркін білдіретін сословиелік-құқықтық нормалардың жүйесі. Бұл құқықтың мазмұны феодалдар табының өмірінің материалдық жағдайларына сәйкес анықталады.

Құқықтың буржуазиялық типі – бұл капиталистердің еркін білдіретін және олардың мүдделеріне жауап беретін, мемлекетпен қалыптастырылған және қорғалатын жалпыға міндетті нормалардың, жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығы.

Құқықтың социалистік типі – бұл халықтың еркін білдіретін, мемлекетпен қалыптастырылғ және қамтамасыз етілетін жалпыға міндетті заң нормаларының жиынтығы.

## **17 тақырып. ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚ**

*1. Әлеуметтік және техникалық нормалар.*

*2. Құқық пен моральдың арақатынасы.*

*3. Құқық және діни нормалар.*

*4. Құқық және корпоративтік нормалар.*

*5. Құқық және әдет-ғұрып.*

**1. Әлеуметтік және техникалық нормалар.** Қоғам реттеуші-ліксіз өмір сүре алмайды, ол дегеніміз адамдардың өмір сүрудің әртүрлі салаларындағы жүріс-тұрысын ретке келтіру. Реттеу нормалардың көмегімен жүзеге асырылады, ал нормалар, өз кезегінде, техникалық және әлеуметтік болып бөлінеді.

Техникалық нормалар – бұл адамдардың еңбек құралдарын және табиғат заттарын дұрыс қолдануының ережелері. Мысалы, техникалық нормаларға мыналар жатады: белгілі бір құрылыс жұмыстарын орындау ережелері, шикізатты қолдану ережелері, мемлекеттік стандарттар, техникалық жағдайлар. Техникалық нормалар төмендегідей ерекшеліктерге ие: а) бұл жердегі реттеу пәні тек әлеуметтік сипатта емес; ә) «субъектілік» құрамы тек адамдармен ғана емес, сонымен қатар сыртқы әлеммен, табиғатпен, техникамен де байланысты.

Әлеуметтік нормалар – бұл қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылатын жүріс-тұрыс ережелері. Оларға құқықтық, моральдық, діни, саяси, эстетикалық, әдет, корпоративтік нормалары жатады. Әлеуметтік нормалар келесі ерекшеліктерге ие: а) бұл жердегі реттеу пәні тек әлеуметтік сипатта болады, ол – қоғамдық қатынастар; ә) «субъектілік» құрамы әлеуметтік саланың өкілдері ретіндегі адамдармен ғана байланысты.

Техникалық және әлеуметтік нормалар өзара тығыз байланыстылықта болады. Нақты айтқанда, қоғам үшін маңызды техникалық нормаларды мемлекет пен құқық қолдайды, нәтижесінде олар белгілі бір заңды салдарды туындататын, жалпыға міндетті техникалық-заңды жүріс-тұрыс ережелеріне айналады. Мысалы, қылмыстық заңнама құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу әрекеттері үшін жауапкершілікті көздейді.

**2. Құқық пен моральдың арақатынасы.** Мораль – бұл адамдардың жүріс-тұрысын жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік тұрғысынан реттейтін нормалар мен қағидалардың жүйесі. Құқық – бұл мемлекетпен орнықтырылған және қамтамысыз етілетін, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі.

Құқық пен моральдың ортақ белгілері:

1) әлеуметтік нормалар жүйесінде олар қоғамға ең кеңінен таралған, кешенді нормалар болып табылады;

2) олардың реттеу объектісі біреу – қоғамдық қатынастар;

3) олар түп негізінде қоғамның өзінен туындайды.

Құқық пен моральдың арасындағы айырмашылықтар төмен-дегідей:

1) пайда болуы бойынша: егер мораль қоғаммен бірге пайда болса, құқық мемлекетпен бірге пайда болады;

2) көріну нысаны бойынша: мораль қоғамдық қатынастардан көрініс тапса, құқық жазбаша нысандағы арнайы нормативтік актілерден көрініс табады;

3) әрекет ету саласы бойынша: мораль барлық қоғамдық қатынастарды реттей алады, ал құқық аса маңызды және өзі рет-тей алатын қоғамдық қатынастарды ғана реттейді;

4) күшіне ену мерзімі бойынша: моральдық нормалар олардың түсіну барысында күшіне енсе, құқықтық нормалар нақты анық-талған мерзімде күшіне енеді;

5) қамтамасыз ету тәсілі бойынша: моральдық нормалар қоғам-дық әсер ету шараларымен қамтамасыз етілсе, құқықтық нормалар мемлекеттік әсер ету шараларымен қамтамасыз етіледі;

6) бағалау негізі бойынша: моральдық нормалар қоғамдық қатынастарды жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік тұрғысынан реттесе, құқықтық нормалар оларды заңдылық пен заңсыздық, құқыққа сәйкестік пен құқыққа қайшылық тұрғысынан реттейді.

**3. Құқық және діни нормалар.** Діни нормалар деп әртүрлі діндермен орнықтырылған және осы дінге сенуші тұлғаларға мін-детті болып табылатын ережелерді атайды. Олар әртүрлі діни кітаптарда көрініс тапқан: Құранда, Ін-жілде, Тәуратта, буддистер-дің діни кітаптарында және т.б. Бұл нормалар діни бірлестіктердің ұйымдастырылуының және қызмет етуінің тәртібін анықтайды, діни рәсімдерді орындау, шіркеулік қызмет тәртіптерін реттейді.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, бірқатар дәуірлерде діни норма-лар заңды сипатты иеленіп, кейбір мемлекеттік, са-яси, азамттық-құқықтық, отбасы-некелік және т.б. қатынастарды реттеген. Қа-зіргі кездегі бірқатар ислам мемлекет-терінде Құран мен Сүннет мұсылмандардың өмірінің барлық салаларын реттейтін діни, құқықтық және моральдық нормалардың негізі болып табылады.

Діни ұйымдар орнықтырған нормалар бірқатар қатынастарда қолданыстағы құқықпен тығыз байланысқа түседі. Мысалы, Конституция әрбір адамға ар-ождан бостандығын, кез-келген дінге еркін түрде сену құқығын кепілдей отырып, діни ұйымдардың қызметінің құқықтық негізін бекітеді. Діни бірлестіктерге заңды тұлға мәртебесі берілуі мүмкін. Олар шіркеулерге, оқу орында-рына иелік етуге құқылы.

**4. Құқық және корпоративтік нормалар.** Корпоративтік нор-маларға мүшелікке негізделген еркін қауымда-стықтардың, кәсіп-тік одақтардың партиялардың жарғылары мен басқа да құжатта-рында бекітілген нормалар, со-нымен қатар, кооперативтік және коммерциялық ұйымдардың жарғыларында бекітілген нормалар жатады.

Қорпоративтік нормалар мен құқықтық нормалардың ұқсас-тығы олардың екеуінің де белгілі бір ресми тәртіппен қабылданған жазбаша құжаттарда бекітілуінен байқалады. Ал корпоративтік нормалардың құқықтық нормалардан айырмашылығы–олар өзде-ріне сәйкес ұйымдардың мүшелерінің ғана еркі мен мүдделерін білдіреді және солар

үшін ғана міндетті болып табылады. Корпо-ративтік нормаларды бұзушыларға ұйымның жарғысында көзделген әсер ету шаралары қолданылады.

**5. Құқық және әдет-ғұрып.** Әдет ретінде күнделікті қалып-тасқан әрекеттердің нәтижесінде қалыптасқан ережелерді атайды. Ұзақ уақыт бойы өмір сүруінің нәтижесінде оларды сақтау әдетке айналған нормалар әдет нормалары деп аталады.

Құқық өз өмір сүруі барысында құқықтық нормаларға көпші-ліктің әдетті түрде бағынуына негізделеді (заңдарды сақтау әдеті). Кейбір жағдайларда санкцияланған әдет құқықтың қайнар көзі бо-лып табылады.

*№ 21 кесте*

*әділет* **Әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық** **Әлеуметтік нормалар** – бұл адамдардың қоғамдық өмірдегі жүріс-тұрыс ережелері **Моральдық нормалар** – қоғамдық өмірде адамдардың қайырымдылық пен зұлымдық,

## **18 тақырып. ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ**

*1. Құқық жүйесінің түсінігі.*

*2. Құқықтық реттеу пәні мен әдісі құқық нормаларын салалар-ға бөлу негіздері ретінде.*

*3. Құқық саласы.*

*4. Құқық институты.*

**1. Құқық жүйесінің түсінігі.** Құқық жүйесі – бұл құқықтың өзінің құрылымы, оның салаларға, институттарға бөлінуі. Құқық-тың жүйелік құрылымы оның белгілі бір байланыстағы көптеген элементтерден құралған біртұтас құрылым екендігін білдіреді.

Құқық жүйесінің негізгі сипаттары:

- 1) оның алғашқы элементі болып құқық нормалары табылады, олар, өз кезегінде, біріге отырып, ірі құрылымдарды – институт-тарды, салаларды құрайды;
- 2) оның элементтері бір-біріне қайшы келмейді, іштей үйлес-кен, тығыз байланыстылыққа ие; бұл құқық жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді;
- 3) ол әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұлттық, діни, мәдени, тарихи факторлармен тығыз байланысты;
- 4) ол объективтік сипатқа ие, себебі, объективтік сипаттағы қатынастарға тәуелді және адамдардың субъективтік қалауы бойынша қалыптасуы мүмкін емес.

**2. Құқықтық реттеу пәні мен әдісі құқық нормаларын са-лаларға бөлу негіздері ретінде.** Құқық нормаларын салаларға бөлу үшін екі негізді басшылыққа алады: құқықтық реттеу пәні мен әдісін.

Құқықтық реттеу пәні – бұл құқық реттейтін қоғамдық қаты-настар. Ол басты негіз болып табылады, себебі, қоғамдық қаты-настар объективтік түрде қалыптасады және олардың белгілі бір сипаты сәйкес құқықтық нысан-дарды талап етеді. Мысалы, еңбек қатынастары еңбек құқығының, ал отбасы қатынастары отбасы- неке құқығының реттеу пәні болып табылады.

Қосымша негіз болып құқықтық реттеу әдісі табылады. Егер пән құқықтың нені реттейтініне жауап берсе, әдіс оның қалай реттейтінін көрсетеді.

Құқықтық реттеу әдісі – бұл олардың көмегімен біртектес қо-ғамдық қатынастарды құқықтық реттеу жүзеге асырылатын заңды құралдардың жиынтығы. Құқықтық реттеудің төмендегідей негіз-гі әдістері болады:

- 1) императивтік – бұл тыйымдарға, міндеттерге, жазаларға негізделген биліктік ережелер, субординация әдісі;
- 2) диспозитивтік – рұқсат етуге негізделген, тараптардың теңқұқылығы, координация әдісі;

- 3) марапаттаушы – белгілі бір жақсы жүріс-тұрыс үшін марапаттау әдісі;
- 4) ұсынушылық – мемлекет пен қоғам үшін тиімді жүріс-тұрысты жүзеге асыруға кеңес беру әдісі;

**3. Құқық саласы** – бұл белгілі бір қоғамдық қатынастар түрін (саласын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

Құқық саласының белгілері;

- әрбір саланың өз пәні болады;

- әрбір саланың өз заңнамасы, яғни, дербес кодекстері болады;

- құқық субъектілерінің құқықтық жағдайын реттейтін, құқық-тар мен міндеттерді жүзеге асыру тәсілдерін және құқықтық нор-маларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік-құқықтық ша-раларды орнықтыратын ерекше заң-ды режимі болады.

Құқық салаларының түрлері:

1) негізгі салалар; бұлар басты құқықтық режимдерді қамтиды, жалпы алғанда, құқық салаларының жүйесінің ең басында консти-туциялық құқық, одан кейін материалдық құқықтар – азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқықтар және оларға сәйкес іс жүргізу-шілік салалар – азаматтық іс жүргізушілік, қылмыстық іс жүр-гізушілік және әкімшілік іс жүргізушілік құқықтары орналасқан;

2) арнайы салалар; бұларда құқықтық режимдер қоғамның ерекше сфераларына бағытталған: еңбек құқығы, жер құқығы, қаржылық құқық, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы, отбасы құқығы, түзеу-еңбек құқығы;

3) кешенді салалар; бұларға негізгі және арнайы салалардың әртүрлі институттарының бірігуі тән: шаруашылық құқық, аграр-лық құқық, экологиялық құқық, сауда құқығы, прокурорлық қа-дағалау, теңіз құқығы.

**4. Құқық институты** – бұл қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (тобын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы. Құқық институты – заң нормаларының құқық саласына қарағанда аз жиынтығы. Әрбір құқық саласында бірқатар институттар болады. Мысалы, еңбек құқығында – еңбек тәртібі институты, жалақы институты, азаматтық құқықта – ескіру мерзімі институты, өкілдік институты және т.б.

Белгілі бір нормалар жиынтығының нақты бір құқықтық инс-тиутты қалыптастыруының заңды негізі болып үш белгі табы-лады: 1) құқықтық нормалардың заңды теңдігі; 2) қоғамдық қаты-настарды реттеудің толықтығы; 3) құқықтық институтты құраушы нормалардың заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер-дің тарауларында, бөлімдерінде және басқа да құрылымдық бір-ліктерінде жинақталуы.

*№ 22 кесте Құқық жүйесі – бұл құқықтың өзіндік құрылымы, оның салаларға, институттарға және сала ішінде тармақталуы Құқық саласы – қоғамдық қатынастардың белгілі бір аясын реттейтін заңдық нормалардың ретке келтірілген жиынтығы: 1. профильді, негізгі салалар; 2. арнайы салалар; 3. кешенді салалар. Құқық институты – қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (тобын) реттейтін заңды нормалардың ретке келтірілген жиынтығы Құқықтың сала ішінде тармағы – құқықтың белгілі бір саласының құрамындағы құқықтың “туыстас” институттарының тобы*



## **19 тақырып. ТҰЛҒА, ҚҰҚЫҚ, МЕМЛЕКЕТ**

*1. Тұлғаның құқықтық мәртебесі.*

*2. Мемлекет пен құқықтың арақатынасы.*

*3. Экономика, саясат пен құқықтың арақатынасы.*

**1. Тұлғаның құқықтық мәртебесі** – бұл субъектінің қоғамда заңды түрде бекітілген жағдайы. Құқықтық мәртебе тұлғаның іс жүзіндегі (әлеуметтік) мәртебесін, оның қоғамдағы нақты жағдайын бекітеді. Құқықтық мәртебе дегеніміз субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің, сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өз әлеуметтік рөлдерін орындауға бағытталған өкілеттіктерінің конституция мен заңнамада танылған жиынтығы.

Құқықтар мен міндеттер құқықтық мәртебенің негізін құрайды. Құқықтық мәртебенің құрылымы төмендегідей элементтерден құралған:

- құқықтар мен міндеттер;
- заңды мүдделер;
- құқықсубъектілік;
- азаматтық;
- заңды жауапкершілік;
- құқықтық қағидалар.

Құқықтық мәртебе жалпы, арнайы және жеке-дара болып бөлінеді. Жалпы мәртебе – бұл тұлғаның мемлекет азаматы ретіндегі Конституцияда бекітілген мәртебесі. Ол барлық азаматтар үшін бірдей болып табылады. Арнайы мәртебе азаматтардың белгілі бір санаттарының (студенттердің, соғысқа қатысушылардың, зейнеткерлердің және т.б.) жағдайының ерекшеліктерін бекітеді, олардың арнайы функцияларды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жеке-дара мәртебе жекелеген тұлғаның ерекшеліктерін (жыныс, жас, отбасы жағдайы, лауазым және т.б.) көрсетеді және тұлғаның жеке дараландырылған құқықтары мен міндеттерін білдіреді.

**2. Мемлекет пен құқықтың арақатынасы.** Мемлекет және құқық теориясында осы уақытқа дейін мемлекет пен құқықтың арақатынасы туралы басты екі бағыт орын алған.

Біріншісі – этатистік; бұл бағыт мемлекеттің құқыққа қарағанда артықшылығын таниды, құқық мемлекеттің қызметінің өнімі, оның жалғасы ретінде қарастырылады.

Екінші бағыт табиғи-құқықтық көзқарастар негізінде пайда болды және құқықтың мемлекетке қарағанда ар-

тықшылығын бе-кітті.

Алайда, аталған мәселеге қатысты үшінші бағыт та бар, бұл ба-ғыт жоғарыда аталған екі бағыттың көзқарастарын өзіне үйлестіре білген. Бұл теорияны жақтаушыларды алғашқы орынның мемле-кет пен құқықтың қайсысына тиесілі екендігі қызықтырмайды, олар мемлекет пен құқықтың бір-бірінің өмір сүре алмайтынды-ғына, яғни, олардың арасында функционалдық байланыстың бар екендігіне назар аударады. Бұл бағыт біржақтылықты болдырмау-ға, құқықтың мемлекетке не беретінін түсінуге және мемлекеттің құқықты қамтамасыз етудегі шынайы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің құқықты қамтамасыз етудегі рөлі мыналардан көрінеді:

- 1) құқықшығармашылық қызметті жүзеге асырудан. Тура мағынада бұл мемлекеттің құқық нормаларын орнықтыратынын білдіреді;
- 2) тікелей мемлекеттік емес сипаттағы нормаларды мемле-кеттің санкциялауынан. Мысалы, мұсылман құқығының қалыпта-суы мемлекеттің мұсылмандық доктрина нормаларын санкциялау-ымен сипатталды;
- 3) іс жүзінде қалыптасып қойған қатынастарды жүріс-тұрысты заңды міндетті реттеуші ретінде тануынан. Мыса-лы, әдет құқығы осылай қалыптасады;
- 4) құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз етуден. Құқықты пай-даланудың мемлекетсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес;
- 5) мемлекет құқықты және құқықтық қатынастарды қорғауды қамтамасыз етеді;
- 6) мемлекет құқықтың әлеуметтік кеңістікке таралуына жәр-демдеседі, яғни, қоғамдық қатынастардың қатысушыларын құ-қыққа сәйкес әрекет жасауға міндеттейді.

Құқықтың мемлекетке әсері мыналардан көрініс табады:

- 1) құқық мемлекеттің халықпен, жекелеген тұлғамен өзара қарым-қатынастарына әсер етеді; мемлекет азаматтарға құқықтық талаптар шегінде әсер етеді, ал азаматтар, өз кезегінде, мемле-кетке құқықтың көмегімен әсер етеді;
- 2) құқық мемлекеттің қызметін заңдастырады, мемлекеттің қорғау және мәжбүрлеу шараларының рұқсат етілуін қамтамасыз етеді;
- 3) құқық арқылы мемлекеттің қызметінің шектері, азаматтар-дың жеке өміріне араласудың шектері анықталады;
- 4) құқық ұлттардың ерекше мүдделерін қамтамасыз етеді, осы арқылы мемлекеттік биліктің ұлттармен қарым-қа-тынасына әсерін тигізеді;
- 5) құқықтық нысан мемлекеттік аппараттың қызметіне бақылау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, осы арқылы мемлекеттің халық алдындағы жауапкершілікті әрекеттерінің заңды кепілдік-терін бекітеді;
- 6) құқық басқа мемлекеттермен, жалпы әлемдік қауымдас-тықпен байланыс тілі рөлін атқарады.

**3. Экономика, саясат пен құқықтың арақатынасы.** Эконо-мика – бұл өндірістік қатынастардың жиынтығы, нақты қо-ғамдағы өндіріс тәсілдері. Саясат – бұл таптар, партиялар, ұлттар арасындағы билік мәселесіне қатысты мемлекет пен халық ара-сындағы қатынастарға сипаттама беретін қоғамды басқару өнері. Құқық – бұл мемлекетпен

орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі.

Аталған түсініктердің өзара арақатынасына қатысты екі негізгі бағыт бар. Бірінші бағытқа сәйкес, бұл түсініктердің арасында ешқайсысы артықшылық сипатты иеленбейді. Қоғамдық қатынас-тардың, оның ішінде өндірістік, құқықтық және саяси қатынас-тардың, дамуы мен әрекет етуінің алғашқы факторлары болып адамдардың мүдделері табылады. Бұл жерде құқықтың эконо-микадан басымдығы туралы айтуға болады. Мысалы, буржуа-зиялық революциялар дәуірінде Батыс Еуропада алдымен заңдар қабылданатын, содан кейін барып олардың негізінде жаңа эконо-микалық қатынастар қалыптасатын. Алайда, кейбір кездері кері-сінше да болады: алдымен мүдделер жаңа өндірістік қатынастарда жүзеге асырылып, содан кейін барып құқықта бекітілуі мүмкін. Бұл жерде экономиканың құқықтан басымдығы жөнінде айтуға болады. Ал саясат аталған екі құбылысты байланыстырушы болып табылады.

Екінші бағытқа сәйкес, экономика құқық пен саясатты анық-тайды. Құқық пен саясат базиске тәуелді болып келеді. Алайда, бұл басымдық рөл тек ақыр соңында ғана байқалады, себебі, құқық пен саясат экономикаға негізделі отырып, өндірістік қаты-настардың дамуын ынталандыру немесе оларға кедергі жасау арқылы оған кері әсер етуі де мүмкін. Саясат бұл жерде де құқық пен экономиканы байланыстырушы болып табылады.

*№ 23 кесте **Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі** – бұл субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерінің конституциямен және заңнамамен танылған жиынтығы, солардың көмегімен олар өздерінің әлеуметтік ролдерін атқарады **Жалпы мәртебе** – бұл жеке тұлғаның мемлекеттің азаматы ретіндегі Конституцияда бекітілген мәртебесі **Арнайы мәртебе** – азаматтардың белгілі бір категориясының жағдайының ерекшеліктерін бекітетін мәртебе **Жеке мәртебе** – жеке тұлғаның нақты сипаттамаларын айқындайды*

## **20 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ**

*1. Құқықтың қайнар көздерінің түсінігі және түрлері.*

*2. Нормативтік актілердің түсінігі және түрлері.*

*3. Заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері.*

*4. Нормативтік актілердің күші.*

**1. Құқықтың қайнар көздерінің түсінігі және түрлері.** Позитивтік құқықтың өзіне тән белгісі болып оның формальды сипаты табылады. Оны құрайтын нормалар заңдарда немесе мемлекетпен танылатын басқа да қайнар көздерде көрініс тапқан жағдайда заңды, жалпыға міндетті болып танылуы мүмкін.

Құқықтың қайнар көздері – бұл құқық нормаларының бекітілу және көрініс табуының мемлекет шығарған немесе ол таныған ресми-құжаттық нысандары, оларға заңды, жалпыға міндетті мағына беру.

Құқықтың қайнар көздеріне ресми сипат тән, оларды мемлекет таниды; бұлар ондағы нормаларды мемлекеттің қолдауын қамтамасыз етеді. Құқықтың қайнар көздеріне ресми сипат екі жолмен беріледі:

1) құқықшығармашылық жолы арқылы; бұл жағдайда норма-тивтік құжаттарды күзіретті мемлекеттік органдар қабылдайды, яғни, тікелей мемлекет шығарады.

2) санкциялау жолы арқылы; бұл жағдайда мемлекеттік орган-дар белгілі бір түрде әлеуметтік нормаларды (әдет-ғұрып, корпоративтік нормалар) қолдап, оларға заңды күш береді.

Құқықтың қайнар көздерінің түрлері:

1. Нормативтік заң актілері – бұл күзіретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар. Оларға Конституция, заңдар мен заңға сәйкес актілер жатады.

2. Санкцияланған әдет нормалары – бұл адамдардың санасынан орын алған және көп рет қолданылуының нәтижесінде әдетке айналған, тарихи қалыптасқан жүріс-тұрыс ережелеріне мемлекеттің жалпыға міндетті мән беріп, оларды орындауды өзінің мәжбүрлеу күші арқылы кепілдеуі. Әдет-ғұрып нормаларына заңды мағына беретін мемлекет санкциясы екі түрлі жолмен беріледі: а) нормативтік актілерде әдет нормаларына сілтеме жасау арқылы; ә) оларды сот шешімдерінде және басқа да мемлекеттік органдар актілерінде іс жүзінде тану арқылы.

3. Заңды прецедент – бұл ұқсас істерді шешуде басшылыққа алынатын және жалпыға міндетті заңды мағынаны иеленетін нақты бір заңды істі шешудегі соттық немесе әкімшілік шешім.

4. Нормативтік шарт – бұл екі немесе одан да көп субъекті-лердің жалпыға міндетті заң нормаларынан құралған

келісімі.

5. Құқықтың жалпы қағидалары – бұл құқықтық жүйенің не-гізгі бастамалары. Мысалы, заңнамалық норма, міндетті преце-дент немесе әдет нормасы болмаған жағдайда заңгерлер әділет-тілік, ар-ождан, құқықтың әлеуметтік бағыттылық қағидаларына негізделуі мүмкін (Грецияның, Испанияның, Ауғанстанның Азаматтық кодекстері).

6. Діни мәтіндер – бұлар, әсіресе, мұсылмандық құқыққа тән. Ең алдымен, бұл Құран мен Сүннет. Құран – бұл Алланың сөздері, өсиеттері және ақылдарының жиынтығы түріндегі қасиетті кітап; Сүннет – бұл Мұхаммед Пайғамбардың өмірін сипаттайтын жинақ.

**2. Нормативтік актілердің түсінігі және түрлері.** Норматив-тік заңды актілер – бұл құзіретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қаты-настарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар.нормативтік акті-лерді нормашығарушылық құзіретке ие органдар қатаң анық-талған тәртіп бойынша қабылдайды. Заңды күшіне қарай барлық заң актілері екі топқа бөлінеді: заңдар мен заң актілері.

Заң – бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.

Заңға сәйкес актілер – бұл заң нормаларынан құралған, заң-дардың негізінде және оларды орындау мақсатында қабылданған актілер. Оларға мыналар жатады:

- 1) Президенттің құзіреті шегінде қабылданған жарлықтар мен өкімдер;
- 2) Парламенттің құзіреті шегінде қабылданған қаулылар мен өкімдер;
- 3) мемлекеттік аумақтық және жергілікті органдардың (өкілдік органдар мен әкімшілік органдар) актілері – мемлекеттік билік пен басқарудың аумақтық органдары немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдайды және осы аумақта өмір сүріп жатқан барлық тұлғаларға таралады;
- 4) ведомстволық актілер – белгілі бір органның құзіреті шегінде қабылданады және осы ұжымның мүшелеріне ғана таралады.

**3. Заңдардың түсінігі, белгілері және түрлері.** Заң – бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін норма-тивтік акт.

Заңның белгілері:

1. Заң – бұл құқықтық жүйеге заң нормаларын енгізуге, оларды жоюға немесе өзгертуге байланысты құқықшығармашылық әре-кеттер бекітілген заң актісі.
2. Заң – бұл мемлекеттік биліктің қатаң анықталған жоғары органдарының актісі.
3. Заң жоғары заң күшіне ие. Бұл мынаны білдіреді: а) қалған барлық құқықтық актілер заңдарға негізделуі және оларға қарама-қайшы болмауы тиіс. Кез-келген басқа акт заңға қайшы келген жағдайда басымдылық соңғысына беріледі; ә) заңды кез-келген басқа орган бекіте алмайды; б) оны қабылдаған органның басқа ешкім заңды өзгерте немесе оның күшін жоя алмайды.

4. Заң – бұл құқықтық жүйеде бұрын болмаған және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелеріне байланысты міндетті нормалардан құралған нормативтік акт.

Заңның түрлері:

1) Конституция – бұл басқарудың және мемлекеттік құрылымның нысанын, сот әділдігі жүйесін анықтайтын, конституциялық құрылымды, адам мен азаматтың құқықтары мен бостан-дықтарын бекітетін негізгі саяси-құқықтық акт;

2) конституциялық заңдар – Конституциямен көзделген және онымен байланысты мәселелерге қатысты қабылданады;

3) жай заңдар – бұл қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани жақтарына арналған ағымдағы заңнама актілері.

**4. Нормативтік актілердің күші.** Нормативтік актілер әрекет етудің уақыттық, кеңістіктік және субъектілік шектеріне ие:

1. Нормативтік актілердің уақыттағы күші олардың күшіне енген сәтінен бастап күшін жоғалтқан сәтіне дейін таралады. Актілер не оларды қабылдаған сәттен бастап, не нормативтік актінің өзінде немесе оның күшіне енуі туралы арнайы актіде көрсетілген уақыттан бастап, немесе оларды жариялаған сәттен бастап белгілі бір мерзім өткеннен кейін күшіне енеді. Актілер оларды қабылдауда көрсетілген әрекет ету уақыты өткеннен кейін, не олардың орнына жаңа акт қабылданған жағдайда, не нақты бір органның осы актінің күшін жою туралы тікелей нұсқауы негізінде өз күштерін жояды.

Нормативтік актілердің уақыттағы күшіне байланысты жалпы ережелердің ішінде екі ерекше ереже бар:

а) заңның кері күші – жаңадан қабылданған нормативтік акті-нің өз күшін бұл акт заңды күшіне енгенге дейінгі қатынастарға таратуы. Жалпы ереже бойынша, заңның кері күші болмайды, алайда, заңның кері күшті иеленуі екі жағдайда мүмкін: егер заңның өзінде бұл аталып өтсе немесе заң жауапкершілікті жеңілдетсе немесе жойса;

ә) жаңа заңдағы арнайы көрсету бойынша өз күшін жойған заңның жекелеген мәселелерге қатысты күшін сақтап қалуы.

2. Нормативтік актілердің кеңістіктегі күші олар таралатын аумақпен анықталады. Мемлекеттің аумағы ретінде мемлекеттік шекаралар ішіндегі оның құрғақ және су кеңістігі, олардың үстіндегі ауа кеңістігі, жер қойнаулары, сонымен қатар, шетелдердегі елшілік өкілдіктердің аумақтары, ашық теңіздегі әскери және сауда кемелері, мемлекеттің аумағынан тыс жерлерде ұшып жүрген ұшақтар танылады. Бұл мәселені қарастыру кезінде мынаны ескерген жөн: заңның белгілі бір кеңістікке немесе тұлғаларға таралмау тәртібі эксаумақтық деп аталады.

3. Заңның тұлғалар шеңбері бойынша күші нормативтік талап-тардың белгілі бір актінің әрекет ету аумағындағы барлық тұлғаларға таралуын білдіреді. Алайда, бұл ережеден де ауытқушылықтар бар:

а) мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, елшілік және консулдық өкілдіктердің қызметкерлері эксаумақтық құқығына ие және оларға қылмыстық заңнаманы және әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнаманы бұзған-

дығы үшін жауапкершілік және мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды;

ә) кейбір нормативтік актілер, мысалы, қылмыстық жауапкер-шілікті көздейтін актілер, азаматтарға, олардың қай жерде жүр-геніне және олардың шетелдік заңнама нормаларына сәйкес жа-заны өтегеніне қарамастан, таралады;

б) мемлекет аумағында өмір сүруші шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалар құқықтар мен міндеттердің кең шең-берін пайдаланатынына қарамастан, кейбір жағдайларда құқықтар мен міндеттерді иелене алмайды. Мысалы, олар қарулы күштер қатарында борышын өтемейді, мемлекеттік билік органдарына сайлана алмайды және сайлауға қатыса алмайды.

*№ 24 кесте **Құқықтың қайнар көздері** – мемлекеттен туындайтын немесе онымен танылатын, құқық нормаларын айқындайтын және бекітетін, оларға заңдық, жалпыға міндеттілік мән беретін ресми құжаттық нысандар **Құқықтың қайнар көздерінің түрлері**- нормативтік құқықтық актілер; - санкцияланған әдет-ғұрыптар; - заңды прецедент; - құқықтың жалпы қағидалары; - діни мәтіндер.*

## **21 тақырып. ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫ**

- 1. Құқық нормаларының түсінігі және белгілері.*
- 2. Құқық нормаларының түрлері.*
- 3. Құқық нормаларының құрылымы.*
- 4. Құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасы.*

**1. Құқық нормаларының түсінігі және белгілері.** Құқық нор-масы – бұл мемлекет таныған және қамтамасыз ететін жалпыға міндетті, формальды анықталған жүріс-тұрыс ережесі. Құқық нор-масынан қоғамдық қатынастар қатысушыларының құқықтары мен міндеттері туындайды және осы ереже аталған субъектілердің әрекеттерін реттеуге бағытталған.

Заң нормасы – құқықтың алғашқы буыны, оның жүйесінің элементі. Сол себепті, бұл нормаға ерекше әлеуметтік құбылыс ретіндегі құқықтың негізгі белгілерінің тән болуы заңды да. Алайд, бұл «құқық» және «құқық нормасы» түсініктерінің бір екенін білдірмейді. Олар бір-бірімен бүтін мен оның бөлігі ретінде байланысқа түседі.

Құқық нормасының белгілері:

- 1) жалпыға міндеттілігі – ол адамдардың мүмкін және міндетті әрекеттеріне қатысты мемлекеттің биліктік ережелерін білдіреді;
- 2) формальды анықталғандығы – ол жазбаша түрде ресми құ-жаттарда көрініс табады;
- 3) мемлекетпен байланысы – оны мемлекеттік органдар орнық-тырады және мемлекеттік әсер ету шараларымен қамтамасыз еті-леді;
- 4) ұсынушылық-міндеттемелік сипат – ол бір субъектілерге құ-қықтар берсе, келесі субъектілерге міндеттемелер жүктейді, се-бебі, құқықты міндетсіз, ал міндетті құқықсыз жүзеге асыру мүм-кін емес.

**2. Құқық нормаларының түрлері.** Заң нормаларының түрлері:

1) реттеуші және құқыққорғаушы; 2) құқық беруші, тыйым салушы және міндеттеуші; 3) императивтік және дис-позитивтік.

Реттеуші норма – бұл субъектінің субъективтік құқықтары мен міндеттерін, олардың пайда болу және әрекет ету жағдайларын анықтайтын норма.

Құқыққорғаушы норма – бұл субъектіге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың жағдайларын, осы шаралардың сипаты мен мазмұнын анықтайтын норма.

Құқық беруші норма – бұл субъектіге белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға байланысты құқықтарды беретін



норма.

Тыйым салушы норма – бұл субъектіге белгілі бір әрекеттерді жасаудан бас тартуды міндеттейтін норма.

Міндеттеуші норма – бұл субъектіге белгілі бір мазмұндағы әрекеттерді жасау міндетін жүктейтін норма.

Императивтік норма – бұл қатаң ережелер түрінде көрініс табатын және құқық субъектілерінің қалауларынан тәуелсіз түрде әрекет ететін норма.

Диспозитивтік норма – бұл өзіндік қалау бостандығын білдіретін норма.

**3. Құқық нормаларының құрылымы.** Құқықтық норманың құрылымы үш элементтен құралады: гипотеза, диспозиция және санкция.

Гипотеза – бұл құқықтар мен міндеттердің пайда болу жағдайын көрсету; диспозиция – бұл құқықтар мен міндеттердің өзін көрсету; санкция – бұл норманы бұзудан туындайтын қолайсыз салдарды көрсету.

Бұл үлгінің сөздік кестесі мынадай: «егер... , онда... , бұлай болмаған жағдайда...». Мысалы, займ шарты жазбаша нысанда жүзеге асырылуы тиіс. Логикалық түрде бұл норманы былай құруға болады: егер займ шарты бекітілетін болса, онда ол жазбаша түрде жасалуы тиіс, бұлай болмаған жағдайда, шарттың күші болмайды.

**4. Құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасы.** Құқық нормасы мен нормативтік акт бабы бір ұғымдар емес, көп жағдайларда олар сәйкес келмеуі де мүмкін. Құқық нормасы – бұл гипотезадан, диспозициядан және санкциядан құралған жүріс-тұрыс ережесі, ал заңшығармашылық актісінің бабы – бұл құқық нормасының жүзеге асырылу құралы, мемлекеттің ерік білдіру нысаны. Құқық нормасы нормативтік акті бабының маз-мұны болып табылса, бап құқықтық норманың нысаны болып табылады. Олардың арасындағы байланыс әртүрлі сипатқа ие. Жүріс-тұрыс ережесін бекіте отырып, заңнама құқық нормасының логикалық құрылымының үш элементін де нормативтік актінің бір бабына енгізуі мүмкін, бір бапқа бірнеше құқық нормасын енгізуі мүмкін, кейбір жағдайда құқық нормасы элементтерін әр түрлі нормативтік актілердің бірнеше баптарында немесе бір нормативтік актінің бірнеше баптарында көрсетуі мүмкін.

Көрсету тәсілдері бойынша құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасының үш түрі болады:

- а) тікелей тәсіл – құқық нормасы нормативтік акт бабының өзінде тікелей көрсетіледі;
- ә) сілтемелі тәсіл – нормативтік акт бабы норманы толығымен ашпастан, осы актінің басқа бабына сілтеме жасайды;
- б) бланкеттік тәсіл – нормативтік акт бабы нақты бір бапқа емес, белгілі бір нормативтік акті түріне сілтеме жасайды.

**Нормативтік құқықтық актілер** – бұл құзіретті мемлекеттік органнан туындайтын, құқық нормасынан тұратын және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар

**Заңдық күші бойынша төмендегідей тармақталады:**

- қоғамдық өмірдің негізгі мәселелері бойынша қабылданады;

- айрықша заңдық тәртіпте қабылданады;

- мемлекеттің жоғары өкілді органымен немесе референдум жолымен қабылданады;

- мемлекеттің қандай да бір органы тарапынан бақылауға немесе бекітілуге жатпайды;

- мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін құрайды;

- түрлері бойынша бөліну:

- конституциялық;

- қарапайым;

- төтенше

**Заңдар**

**Заңға тәуелді актілер**

- заңдардың негізінде және соларды орындау үшін шығарылады;

- мемлекет басшысының нормативтік жарлықтары;

- үкіметтің нормативтік қаулылары;

- министрліктер мен ведомстволардың нормативтік актілері;
- жергілікті органдардың нормативтік шешімдері мен қаулылары;
- мекемелер, кәсіпорындар басшыларының ішкі-ұйымдастырушылық заңға тәуелді актілері.

№ 26 кесте

№ 27 кесте **Құқық нормасы** – бұл мемлекетпен танылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған жүріс-тұрыс ережелері, олардан қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туындайды **Құқық нормасына тән белгілер:**

- мемлекетпен белгіленеді немесе санкцияланады;
- субъектінің мүмкін болатын және рұқсат етілген тәртібінің жалпыға міндетті шектерін айқындайды;
- ұсынушы міндеттеуші сипатқа ие;
- қажетті жағдайларда олардың жүзеге асырылуы мәжбүрлі мемлекеттік шаралармен қамтамасыз етіледі;
- типтік қоғамдық қатынастардың мемлекеттік реттеушісі болып табылады

**Құқық нормасының құрылымы** **Гипотеза (болжау) Диспозиция (ұйғарым) Санкция (өтем)** бұл тиісті норманың қандай жағдайларда әрекет ететіндігін көрсететін норманың бір бөлігі, субъектілер аясын, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды бұл құқықтар мен міндеттерді қалыптастыратын норманың бір бөлігі, жүріс-тұрыс, тәртіп ережесі бұл норма бұзылған жағдайда қолданылатын мемлекеттік әсер ету шараларын белгілейтін норманың бір бөлігі

№ 28 кесте

### **Құқықтық нормалардың түрлері**

## **22 тақырып. ҚҰҚЫҚШЫҒАРМАШЫЛЫҚ**

*1. Құқықшығармашылықтың түсінігі және түрлері.*

*2. Құқықшығармашылықтың қағидалары.*

*3. Құқықшығармашылық процестің кезеңдері.*

**1. Құқықшығармашылықтың түсінігі және түрлері.** Құқық-шығармашылық – бұл күзіретті органдардың заң нормаларын қабылдауға, өзгертуге және жоюға байланысты арнайы қызметі. Құқықшығармашылық мыналармен сипатталады:

- ол белсенді, мемлекеттік, шығармашылық қызметті білдіреді;
- оның негізгі өнімі – нормативтік актілерден көрініс тапқан заң нормалары;
- бұл қоғамды басқарудың маңызды құралы; мұнда оның даму бағдарламасы қалыптасады, маңызды жүріс-тұрыс ережелері қабылданады;
- құқықшығармашылықтың деңгейі мен мәдениеті, қабылданған нормативтік актілердің сапасы – бұл қоғамның өркениеттілігі мен демократиялылығының көрсеткіші.

Субъектілерінің түріне қарай құқықшығармашылық келесі түр-лерге бөлінеді:

- 1) халықтың мемлекеттік және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері бойынша жалпыхалықтық дауыс беруін – референдум – жүргізу кезіндегі тікелей құқықшығармашылығы;
- 2) өкілетті мемлекеттік органдардың тікелей құқықорнықты-рушы қызметі;
- 3) әдет түрінде қалыптасқан немесе мемлекеттік емес ұйымдар қабылдаған нормаларды мемлекеттің санкциялауы.

**2. Құқықшығармашылықтың қағидалары.**

Құқықшығармашылыққа мына қағидалар тән:

- 1) ғылымилық – нормативтік актілерді дайындау процесінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жағдайларды, қоғамның дамуының объективтік қажеттіктерін және т.б. зерттеудің маңызы зор;
- 2) кәсібилік – мұндай қызметпен күзіретті тұлғалар – заңгер-лер, экономистер және т.б. айналысуы тиіс;
- 3) заңдылық – бұл қызмет Конституцияның және басқа да заңдардың негізінде және шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс;
- 4) демократиялық – азаматтардың бұл процеске қатысу дәрежесін, қоғамдағы процедуралық нормалар мен институттардың даму деңгейін сипаттайды;
- 5) жариялылық – құқықшығармашылық процестің көпшілік қауым үшін ашықтығын білдіреді.

**3. Құқықшығармашылық процестің кезеңдері.**

Құқықшығармашылық процесс бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

1. Заң шығару ынтасы – құқықшығарушы органға нормативтік актіні шығару туралы ұсыныс немесе актінің дай-

ын жобасы ұсынылады. Заң шығару құқығына ие субъектілер шеңбері заңнамада қатаң түрде анықталған.

2. Заң жобасын талқылау – бұл кезең құжатты қажетті сапаға жеткізу, қарама-қайшылықтарды, олқылықтарды, түсініксіз мәселелерді және т.б. жою үшін қажет. Ерекше маңызды заң жобалары жалпыхалықтық талқылауға ұсынылады.

3. Заңды қабылдау.

4. Қабылданған актінің мазмұнын көпшілікке жеткізу, яғни, заңды жариялау.

*№ 29 кесте Субъектілеріне байланысты құқықшығармашылық төмендегідей бөлінеді: **Құқықшығармашылық** – бұл құзыретті органдардың заңдық нормаларды қабылдау, өзгерту және жою жөніндегі арнайы қызметі - референдумды өткізу процесіндегі халықтың тікелей құқықшығармашылығы - уәкілетті мемлекеттік органдардың тікелей құқық белгілеуші қызметі - мемлекеттік органдармен, өздерінен тыс әдет-ғұрып түрінде қалыптасқан немесе мемлекеттік емес ұйымдармен жасап шығарылған нормаларды санкциялау*

## **23 тақырып. ЗАҢНАМАНЫ ЖҮЙЕЛЕУ**

*1. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеудің түсінігі мен түрлері.*

*2. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесі.*

1. **Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеудің түсінігі мен түрлері.** *Жүйелеу* – бұл нормативтік актілерді реттеу, оларды белгілі бір жүйеге келтіру. Ол заңнаманы қолдану ыңғайлылығын арттыру үшін, көпшілікке түсінікті болуын қамтамасыз ету үшін қажет.

Жүйелеудің түрлері:

1. *Инкорпорация* – бұл нормативтік актілердің мазмұнын өз-гертпестен бір жинаққа біріктіру арқылы жүйелеу нысаны. Мұн-дай жинақта әрбір акт өзінің дербес мәнін сақтап қалады. Ин-корпорацияның қағидалары: хронологи-ялық (оларды қабылдау уақыты бойынша), тақырыптық (белгілі бір тақырып бойынша) және т.б.

Инкорпорацияны кім жүзеге асырғанына байланысты жинақ-тардың үш түрін бөліп қарастырады: ресми, офи-циозды және бейресми. Ресми жинақ құқықшығарушы орган өзі жинақты дайындап, жариялаған кезде орын ала-ды. Официоздық жинақ бо-лып құқықшығарушы органның (мысалы, әділет министрлігінің) тапсырмасы бойынша, бірақ оның ресми көрініс таппаған қолдауы арқылы шығарылған жинақтар табылады. Бейресми жинақ болып ғылы-ми мекемелердің, баспалардың өз ынтасы бойынша, құқық-шығарушы органның арнайы өкілеттіктерісіз шығарған заңнама жинақтары табылады.

2. *Консолидация* – бұл нормативтік актілердің мазмұнын өз-гертпестен бір жинаққа біріктіру арқылы жүйелеу нысаны. Ин-корпорациядан айырмашылығы – мұндай жинақта әрбір акт өзінің дербес мәнін жоғалтады. Мұнда нор-мативтік актілер олардың белгілі бір қызмет түріне қатыстылығы белгісі бойынша бірікті-ріледі (табиғатты қорғау, білім және т.б.).

3. *Кодификация* – бұл нормативтік актілердің мазмұндарын өзгертудің нәтижесінде оларды біртұтас актіге біріктіру арқылы жүйелеу нысаны. Кодификация процесінде ескірген материалдар мен нормалардағы қарама-қай-шылықтар жойылады, жаңа жүріс-тұрыс ережелері қалыптасады, олардың өзара келісуі мен логикалығы қамтамасыз етіледі. Кодификациялық актінің дәстүрлі қалыптасқан түрі болып кодекс табылады, ол – бір сипатты қоғам-дық қатынастардың белгілі бір саласын жан-жақты реттеуге мүмкіндік беретін ірі акт.

**2. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесі.** Заңнамада, құқықтағы сияқты, оның ішкі құрылымы болып табылатын өз жүйесі бар. Алайда, бұл түсініктерді келесі негіздер бойынша ажыратқан жөн:

1) егер құқық жүйесінің алғашқы элементі болып норма та-былса, заңнама жүйесінің алғашқы элементі болып нормативтік акт табылады;

2) егер құқық жүйесі мазмұн түрінде көрініс тапса, заңнама жүйесі нысан түрінде көрініс табады;

3) егер құқық жүйесі объективтік түрде, қоғамдық қаты-настарға сәйкес қалыптасса, заңнама жүйесі субъективтік сипатқа ие, себебі, заңшығарушыға тәуелді болып келеді;

4) егер құқық жүйесі негізгі, алғашқы сипатты иеленсе, заң-нама жүйесі туынды сипатқа ие, себебі, алғашықысы екіншісі үшін негізгі база болып табылады;

5) құқық жүйесі мен заңнама жүйесі көлемі бойынша ажы-ратылады: заңнама, бір жағынан, нормативтіліктің барлық түр-лерін қамтымайды, себебі, құқық заңнамамамен қатар әдет нормаларынан, нормативтік шарттардан және заңды прецедент-терден де көрініс табады; екінші жағынан, нормалардың атау-ларынан басқа да элементтерді қамтиды – преамбулалар, тарау-лардың бөлімдердің, баптардың атаулары және т.б.

*№ 30 кесте **Кодификация** – бұл еркін, жүйеленген, іштей келісілген, ірі нормативтік актіні заң шығарушымен жасау **Зандарды жүйелеу** – бұл нормативтік актілерді бір тәртіпке келтіру, оларды белгілі бір жүйеге келтіру **Инкорпорация** – бұл әрекет етуші нормативтік актілерді мазмұнына өзгертулер енгізусіз жүйеленген түрде біріктіру* Тәсілдері РесмиРесми емес

## **24 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР**

- 1. Құқықтық қатынастардың түсінігі және түрлері.*
- 2. Құқықтық қатынастардың пайда болуының алғышарттары.*
- 3. Құқық нормалары мен құқықтық қатынастардың өзара бай-ланысы.*
- 4. Құқықтық қатынастардың құрылымы.*
- 5. Құқықтық қатынастардың субъектілері.*
- 6. Құқық субъектілерінің құқықабілеттігі және әрекетқабі-леттігі. Құқықсубъектілік.*
- 7. Құқықтық қатынастардың объектілері.*
- 8. Субъективтік құқықтар және заңды міндеттер.*
- 9. Заңды фактілер.*

**1. Құқықтық қатынастардың түсінігі және түрлері.** «Құқықтық қатынас» категориясы құқықтың жалпы теориясында негізгі, орталық категориялардың бірі болып табылады және адамдардың жүріс-тұрысына құқықтың қандай жолмен әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Құқықтық қатынас – бұл қатысушылары субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерді иеленетін, құқық норма-ларымен реттелген қоғамдық қатынас.

Құқықтық қатынастардың белгілері:

- а) бұл әлеуметтік субъектілер арасындағы екіжақты нақты бай-ланысты білдіретін қоғамдық қатынас;
- ә) ол құқық нормаларының негізінде қалыптасады, яғни, құқық нормаларының жалпы талаптары субъектілер мен нақты жағдай-ларға қатысты жеке дараланады;
- б) бұл тұлғалар арасында субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы қалыптасатын байланыс;
- в) бұл ерікті қатынас, себебі, оның пайда болуы үшін оның қатысушыларының еркі қажет;
- г) бұл мемлекетпен қорғалатын және қамтамасыз етілетін қатынастар.

Құқықтық қатынастардың түрлері. Құқықтық қатынастарды түрлерге бөлу, құқық нормаларын түрлерге бөлудегі сияқты, әр түрлі негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) салалық белгісі бойынша құқықтық қатынастар конституциялық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық және т.б. болып бөлінеді;
- 2) сипаты бойынша – материалдық (қаржылық, еңбек және т.б.) және іс жүргізушілік (қылмыстық іс жүргізушілік, азаматтық іс жүргізушілік және т.б.) құқықтық қатынастар;
- 3) құқықтың функциялары бойынша – реттеуші және қорғаушы құқықтық қатынастар; реттеуші құқықтық қатынастар құқық нор-масы немесе шарт негізінде пайда болады, қорғаушы құқықтық қатынастар мемлекеттік мәжбүр-леумен және заңды жауапкер-шілікті жүзеге асырумен байланысты болады;
- 4) қатысушыларының құрамына қарай–жай және күрделі құқықтық қатынастар; жай құқықтық қатынастар екі субъектінің арасында туындайды (сату-сатып алу құқықтық қатынастары), ал күрделі құқықтық қатынастар бірнеше



субъектілердің арасында туындайды (қылмыстық жазаны өтеу құқықтық қатынастары);

5) субъектілерінің анықталу дәрежесіне қарай – абсолюттік жә-не қатысты құқықтық қатынастар; абсолюттік құқықтық қатынас-тарда тек бір жақ қана – субъективтік құқықты иеленуші – анықталады, ал қатысты құқықтық қатынастарда екі жақ та жеке дара анықталған болып келеді және бір-біріне қатысты құқықтар мен міндеттерді иеленуші болып табылады;

б) жалпы және нақты құқықтық қатынастар; жалпы құқықтық қатынастар заңнан тікелей туындайды, нақты құқықтық қатынас-тар заңды фактілердің – әрекеттердің, нақты жүріс-тұрыс актілері-нің – нәтижесінде пайда болады.

**2. Құқықтық қатынастардың пайда болуының алғышарт-тары.** Алғышарттар – бұл құқықтық қатынастарды туындататын жағдайлар, факторлар. Құқықтық қатынастардың пайда болу ал-ғышарттарының екі түрін бөліп қарастырады:

1. Материалдық (жалпы) алғышарттар; бұларға адамдардың құқықтық қатынастарға түсуіне әсер ететін өмірлік қажеттіктері мен мүдделері жатады. Кең мағынада – бұл белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің объективтік қажеттігін көрсететін әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б. жағдайлардың жүйесі.

2. Заңды (арнайы) алғышарттар; бұларға құқық нормасы, құ-қықсубъектілік және шынайы өмір жағдайы ретіндегі заңды факт жатады. Аталған алғышарттарсыз құқықтық қатынастың туын-дауы мүмкін емес.

**3. Құқық нормалары мен құқықтық қатынастардың өзара байланысы.** Құқық нормасы – бұл жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережесі, ал құқықтық қатынас – құқық нормасының негізінде пайда болатын қоғамдық қатынас.

Олардың арасындағы өзара байланыс мыналардан көрінеді:

- а) құқық нормасы мен құқықтық қатынас құқықтық реттеу механизмінің элементтері болып табылады;
- ә) құқық нормасы – бұл құқықтық қатынастың пайда болуының негізі;
- б) құқық нормасы құқықтық қатынастар субъектілерінің шең-берін анықтайды;
- в) құқық нормасы өз гипотезасында белгілі бір құқықтық қаты-настың пайда болу жағдайларын көздейді;
- г) құқық нормасы өз диспозициясында құқықтық қатынастар қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңды міндет-терін анықтайды;
- д) құқық нормасы өз санкциясында диспозицияны орындаудың мүмкін салдарын көрсетеді (жазалау немесе марапаттау);
- е) құқықтық норма мен құқықтық қатынас себеп пен сал ретінде байланысқа түседі, яғни, құқықтық қатынас – бұл құқық нормасының жүзеге асу нысаны.

**4. Құқықтық қатынастардың құрылымы.** Құқықтық қаты-нас элементтер құрамы бойынша күрделі құрылымға ие: құқықтық қатынастың субъектісі; құқықтық қатынастың объектісі; субъек-тивтік құқық және заңды міндет (заңды мазмұн).

**5. Құқықтық қатынастардың субъектілері** – бұл құқықтық қатынастардың сәйкес субъективтік құқықтар мен

міндеттерді иеленген қатысушылары. Құқықтық қатынас субъектісі – бұл өзінің құқықәрекетқабілеттігін пайдаланушы құқық субъектісі. Құқықтық қатынастар субъектілерінің келесі түрлері болады:

1. Жеке субъектілер (жеке тұлғалар); бұларға азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар, қосазаматтығы бар тұлғалар, шетелдік тұлғалар жатады. Азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдік азаматтар Қазақстанның аумағында Қазақстан азаматтары сияқты құқықтарды иеленіп, құқықтық қатынастарға түсе алады, алайда, оларға қатысты заңнамамен орнықтырылған шектеулер бар, мысалы, олар Қазақстан Республикасының өкілдік органдарына сайлана және сайлауға қатыса алмайды, Қарулы Күштер қатарында қызметін өтемейді, мемлекеттік аппаратта белгілі бір лауазымды иелене алмайды және т.б.

2. Ұжымдық субъектілер; бұларға мыналар жатады: мемлекет (ол басқа мемлекеттермен халықаралық-құқықтық қатынастарға түскен жағдайда); мемлекеттік ұйымдар; мемлекеттік емес ұйымдар (жеке фирмалар, коммерциялық банкілер, қоғамдық бірлестіктер және т.б.).

**6. Құқық субъектілерінің құқыққабілеттігі және әрекетқабілеттігі.** Құқықсубъектілік. Құқықтық қатынастардың субъектілері болу үшін тұлғалар құқыққабілеттік пен әрекетқабілеттікті иеленуі тиіс.

Құқыққабілеттік – бұл тұлғаның құқықтар мен міндеттерді иелену қабілеті. Әрекетқабілеттік – бұл тұлғаның өз әрекеттері арқылы осы құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру қабілеті. Әрекетқабілеттіктің келесі түрлері болады: толық – 18 жастан басталады; жартылай – 14 пен 18 жас аралығында болады.

Әрекетқабілеттік шектелуі мүмкін. Конституцияда бекітілген-дей, азаматтардың құқықтары мен міндеттері заңмен ғана және конституциялық құрылымды, адамгершілікті, басқа тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін, денсаулығын қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттарын да қажет болған шамада ғана шектелуі мүмкін.

Құқыққабілеттік пен әрекетқабілеттік бір-бірінен ажыратылмайды және көп жағдайда бір мезетте пайда болады. Азаматтық құқықтан басқа көптеген салаларда осындай жағдай орын алған. Азаматтық құқықтағы құқыққабілеттік пен әрекетқабілеттіктің ажыратылуын былай түсіндіруге болады:

а) мүліктік қатынастар олардың жасына, еркін жағдайына қарамастан барлық азаматтар үшін қажет;  
ә) мүліктік құқықтық қатынастар саласында құқыққабілеттігі бар, алайда әрекетке қабілетсіз тұлғаның орнына оның заңды өкілі қатыса алады.

Құқықсубъектілік – бұл тұлғаны құқық субъектісі ретінде сипаттайтын құқыққабілеттік пен әрекетқабілеттік.

**7. Құқықтық қатынастардың объектілері** – бұл құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттері бағытталған және осыған байланысты олар заңды байланысқа түсетін категория. Аталған категорияны түсінуде екі бағытты бөліп қарастырады:

- олардың біріншісіне сәйкес, құқықтық қатынастың объектісі болып тек субъектілердің әрекеттері табылады;
- екінші көзқарасты көптеген ғалымдар жақтайды, оған сәйкес, объектілердің түрлері өте көп, олар:
  - 1) материалдық игіліктер (заттар, құндылықтар, мүлік және т.б.);

- 2) материалдық емес игіліктер (өмір, денсаулық, қадір-қасиет, абырой және т.б.);
- 3) рухани шығармашылық өнімдері (әдебиет, өнер, музыка, ғылым туындылары және т.б.);
- 4) құқықтық қатынастар қатысушыларының әрекеттерінің нәтижелері (мысалы, тасымалдау шартының, мердігерлік шартының нәтижесінде туындайтын құқықтық қатынастар);
- 5) бағалы қағаздар мен құжаттар (акша, акциялар, диплом және т.б.).

**8. Субъективтік құқықтар және заңды міндеттер.** Егер қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастардың материалдық мазмұны болып табылса, субъективтік құқықтар мен міндеттер субъективтік мазмұны болып табылады. Құқықтар мен міндеттер арқылы құқықтық қатынастар қатысушыларының арасындағы заңды байланыстар жүзеге асырылады.

Субъективтік құқық – бұл субъектінің өз мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін заңды мүмкін жүріс-тұрыс ша-масы.

Заңды міндет – бұл заңды қажет жүріс-тұрыс шамасы. Міндет – бұл субъективтік құқықтың жүзеге асырылуының кепілі.

Субъективтік құқық пен заңды міндеттің арасындағы айырма-шылықтар:

- егер субъективтік құқық тұлғаның өз мүдделерін қанағаттан-дыруға бағытталса, заңды міндет бөтен мүдделерді (мысалы, мемлекеттің, басқа тұлғалардың) қанағаттандыруға бағытталған;
- егер субъективтік құқық заңды мүмкін жүріс-тұрыс шамасы болып табылса, заңды міндет қажетті жүріс-тұрыс шамасы болып табылады.

**9. Заңды фактілер** – бұл белгілі бір құқықтық салдардың туын-дауына негіз болып табылатын нақты өмірлік жағдайлар. Заңды фактілер құқықтық қатынастардың пайда болуының алғышарт-тары болып табылады.

Заңды фактілерді әр түрлі негіздер бойынша түрлерге бөлуге болады:

1. Туындайтын салдардың сипаты бойынша:

- құқықтудырушы (мысалы, жоғары оқу орнына түсу);
- құқықөзгертуші (мысалы, күндізгі оқу бөлімінен сыртқы бө-лімге ауысу);
- құқықтоқтатушы (мысалы, жоғары оқу орнын аяқтау).

2. Құқықтық қатынастар субъектілерінің еркімен байланысына қарай:

- оқиғалар – бұл субъектілердің еркіне тәуелсіз жағдайлар, мысалы, табиғат апаты, өлім және т.б
- әрекеттер – бұл құқықтық қатынастар субъектілерінің еркімен байланысты жағдайлар. Әрекеттер, өз кезегінде, құқыққа сай және құқыққа қайшы болып бөлінеді.

Көп жағдайда құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін бір заңды факт жеткіліксіз болып, олардың жиын-тығы–заңды құрам қажет болатын жағдайлар туындайды. Мысалы, кәрілігіне байла-нысты зейнетақы алу үшін зей-неткерлік жасына жету, белгілі бір еңбек өтілінің болу, зейнетақыны тағайындау туралы шешімінің болуы тиіс. Заң-ды құрамдардың екі түрі болады: а) оның барлық элементтері көрсетіліп, заңмен нақты анықталған болуы мүмкін

(мысалы, зейнетақыны тағайындау мәселесі); ә) ол жалпы белгі-лермен сипатталуы мүмкін (мысалы, некені бұзудың негіздері).

*№ 31 кесте*

*№ 32 кесте* **Құқықтық қатынастардың түрлері:** - салалық белгісі бойынша: • Конституциялық-құқықтық; • Әкімшілік-құқықтық; • Азаматтық-құқықтық және т.б.. - сипатына байланысты: • материалдық (қаржылық, еңбек және т.б.); • процессуалдық (қылмыстық іс жүргізушілік, азаматтық іс жүргізушілік және т.б.) - құқық функциялары бойынша: • реттеуші; • қорғаушы - қатысушылардың құрамы бойынша: • жай; • күрделі - субъектілердің анықталғандығының дәрежесі бойынша: • абсолюттік (тек қана бір тарап анықталған); • қатысты (екі тарап та анықталған) **Құқықтық қатынас** – бұл құқық нормаларының негізінде пайда болатын қоғамдық қатынас, мұнда тараптар өзара, мемлекетпен кепілденген нақты екі жақты құқықтар мен міндеттермен байланысады **Жеке даралық:** - азаматтар; - қос азаматтыға бар тұлғалар; - азаматтағы жоқ тұлғалар; - шетелдіктер **Құқықтық қатынастардың субъектілері** – бұл өздерінің құқықабілеттіктерін пайдаланатын құқық субъектілері **Ұжымдық:** - Мемлекеттік органдар немесе тұтас мемлекет; - Қоғамдық ұйымдар; - Жеке кәсіпорындар мен ұйымдар; - Заң бойынша заңды тұлға мәртебесіне ие болған өзге де ұйымдар

*№ 33 кесте*

*№ 34 кесте*

**Заңды** - Субъектілердің іс-әрекеті, адамдардың тәртібі **Құқықтық қатынастың объектісі** – бұл құқықтық қарым-қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттері неге бағытталғандығы, неге байланысты олардың заңды байланысқа түсуі - Материалдық игіліктер; - Материалдық емес игіліктер; - Рухани шығармашылық өнімдері; - Құқықтық қатынасқа қатысушылардың іс әрекетінің нәтижесі; - Құнды қағаздар мен құжаттар

## **25 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

- 1. Құқықты жүзеге асырудың түсінігі және нысандары.*
- 2. Құқық нормаларын қолданудың түсінігі, белгілері және кезеңдері.*
- 3. Заңды коллизиялар.*
- 4. Құқықтағы олқылықтар.*
- 5. Құқықтық нормаларды қолдану актілері.*

**1. Құқықты жүзеге асырудың түсінігі және нысандары.** Құ-қықтық нормалар адамдардың санасы мен еркіне мақсатты түрде әсер ете отырып, оларды заңнамаға сәйкес жүріп-тұруға итерме-леу үшін қажет. Қоғамдық қатынастардың қатысушыларының жүріс-тұрыстары арқылы кез-келген заңшығарушы қалайтын нә-тижелерге жетуге болады.

Құқықтық нормаларды жүзеге асыру – құқықтық нормалардың ережелері көрініс тапқан адамдардың жүріс-тұрысы, олардың құ-қықтарды жүзеге асыру мен заңды міндеттерді орындаумен байла-нысты тәжірибелік қызметі. Субьектілердің әрекеттерінің сипатына қарай құқықты жүзеге асырудың төрт нысанын бөліп қарасты-рады:

- 1) сақтау – қолданыстағы құқықпен тыйым салынған әрекет-терден бас тарту;
- 2) орындау – оң мазмұнды заңды міндеттерді орындауға байла-нысты белсенді әрекеттерді жүзеге асыру;
- 3) пайдалану – олар арқылы тұлғаның өз мүддесін қанағат-тандырылатын субъективтік құқықтарды жүзеге асыру;
- 4) қолдану – құзіретті органдардың нақты бір заңды істі шешуге байланысты биліктік қызметі, нәтижесінде сәй-кес жеке акт қабылданады.

**2. Құқық нормаларын қолданудың түсінігі, белгілері және кезеңдері.** Құқықты қолдану – бұл құқықты жүзеге асырудың ерекше нысаны. Ол субъектілердің билік органдарының көмегінсіз өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра алмауы жағдайында қажет. Қолдану мына белгілермен сипатталады:

- құқықты тек осыған өкілетті құзіретті органдар ғана қол-данады;
  - биліктік сипатқа ие;
  - іс жүргізушілік нысанда жүзеге асырылады,
  - сәйкес жеке, биліктік (құқыққолданушы) актіні қолданумен байланысты;
  - үш кезеңнен құралады:
- 1) істің іс жүзіндегі негізін анықтау; бұл кезде іс бойынша объективтік шындық анықталып, барлық заңды маңызы бар ақпараттарды жинау жүзеге асырылады;
  - 2) істің заңды негізін анықтау; бұл кезде құқыққолданушы осы қоғамдық қатынасты реттейтін құқықтың саласын, институтын және нормасын таңдайды;
  - 3) істі шешу; бұл кезде құқық нормасының негізінде ресми мағынадағы биліктік сипаттағы жеке акт қабылда-

нады. Шешім қабылдау қорытынды әрі негізгі кезең болып табылады. Бұдан кейін шешім орындалуы және нақты қоғамдық қатынас іс жүзінде реттелуі тиіс.

**3. Заңды қарама-қайшылықтар.** Екінші кезеңде, яғни, нақты құқық нормасын таңдауда, нормалардың қарама-қайшылығы және құқықтағы олқылықтар сияқты құбылыстарды кездестіруге болады.

Заңды қарама-қайшылықтар – бұл бір қоғамдық қатынастарды реттеуші құқықтық актілер арасындағы қарама-қайшылықтар. Олар құқықтық жүйеге келіспеушіліктерді, кемшіліктерді әкеледі, құқыққолдану тәжірибесінде ыңғайсыздықтар туғызады, заңнаманы қолдануды қиындатады.

Қарама-қайшылықтардың түрлері:

- 1) Конституция мен басқа барлық актілер арасындағы: басым-дылық Конституцияға беріледі;
- 2) заңдар мен заңға сәйкес актілер арасындағы: заңдарға ба-сымдылық беріледі;
- 3) бір органның актілері арасындағы: уақыты бойынша кейін қабылданған актіге басымдылық беріледі;
- 4) әр түрлі органдар қабылдаған актілер арасындағы: жоғары тұрған органның актісіне басымдылық беріледі.

**4. Құқықтағы олқылықтар** – бұл қолданыстағы заңнамада қажетті заң нормаларының толығымен немесе жартылай болмауы.

Олқылықты жаңа құқық нормасын қабылдау арқылы құқық-шығармашылық процесінің көмегімен жоюға болады.

Олқылықтарды құқыққолдану процесі арқылы жеңуге болады себебі, бұл кезде ешбір жаңа нормалар қабылданбайды: не құқық ұқсастығы, не заң ұқсастығы қолданылады.

Заң ұқсастығы – бұл нақты бір заңды істі осыған ұқсас істі шешуге бағытталған құқықтық норманың негізінде шешу.

Құқық ұқсастығы – бұл нақты заңды істі құқықтың жалпы қағидалары мен мәні негізінде шешу. Құқықтағы олқылықтарды жеңудің бұл әдісі ұқсас істі шешуге байланысты осы құқық саласында, ұқсас құқық саласында да нақты нормалар болмаған жағдайда ғана қолданылады.

**5. Құқықтық нормаларды қолдану актілері.** Құқықты қолдану актісі – бұл нақты бір заңды істі шешу нәтижесінде күзіретті орган шығаратын, жеке биліктік ережеден құралған құқықтық акт. Оның мынадай ерекшеліктері болады:

- күзіретті орган шығарады;
- мемлекеттік-биліктік сипатқа ие;
- нормативтік емес, жеке сипатқа ие, себебі, нақты субъекті-лерге бағытталған;
- заңмен анықталған өзіне тән нысанға ие.

Құқыққолдану актілерін келесі негіздер бойынша түрлерге бөлуге болады:

- 1) нысаны бойынша – жарлықтар, үкімдер, шешімдер, бұй-рықтар және т.б.;
- 2) оларды қабылдайтын субъектілерге байланысты–мемлекет-тік және мемлекеттік емес органдардың (мысалы

муниципалды органдардың) актілері;

3) құқықтың функциялары бойынша – реттеуші (мысалы, қыз-меттік бұйрықтар) және қорғаушы (мысалы, қылмыстық істі қозғау туралы қаулы);

4) заңды табиғаты бойынша – негізгі және көмекші; негізгі актілер заңды істің соңғы шешімін көрсетеді (мысалы, үкім), ал көмекші актілер негізгі актілерді шығаруға жәрдемдеседі (мысалы, тұлғаны айыпкер ретінде жауапқа тарту туралы қаулы).

5) құқықтық реттеу пәні бойынша – қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық және т.б. актілер;

6) сипаты бойынша – материалдық және іс жүргізушілік.

*№ 35 кесте*

**Құқық**

## 26 тақырып. ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ

1. *Түсіндірудің түсінігі.*
2. *Түсіндіру тәсілдері.*
3. *Субъектілер бойынша түсіндіру түрлері.*
4. *Көлемі бойынша түсіндіру түрлері.*
5. *Құқықты түсіндіру актілері.*

**1. Түсіндірудің түсінігі.** Құқық нормаларын түсіндіру – бұл мемлекеттің, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың құқық нормаларының мазмұнын түсіндіруге, оларда көрініс тапқан билік басында тұрған әлеуметтік күштердің еркін ашуға бағытталған қызметі. Түсіндіру процесінде нормативтік ереженің мәні, оның негізгі мақсаты мен әлеуметтік бағыттылығы, түсіндіріліп отырған актінің мүмкін салдары, оның құқықтық реттеу жүйесіндегі орны және т.б. анықталады.

Түсіндірудің мақсаты – заңшығарушының не айтқысы келгенін емес, оның қалыптастырған ережесінің мәнін анықтау. Түсіндіру қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізбейді және енгізе алмайды да, ол заңдағы ережелерді түсіндіруге және нақтылауға бағытталған. Түсіндіру екі жақтан құралады:

- норманың мәні мен оны түсіндіруді түсіну (өзі үшін);
- норманың мазмұнын түсіндіру (өзгелер үшін).

**2. Түсіндіру тәсілдері** – бұл құқықтық нормалардың мазмұнын анықтауға бағытталған тәсілдер мен бағыттардың жиынтығы. Түсіндіру тәсілдерінің мынадай түрлері бар:

- 1) грамматикалық – тіл құралдарының, грамматика ережелерінің, орфографияның және т.б. көмегімен түсіндіру;
- 2) логикалық – логика заңдарының және ережелерінің көмегімен түсіндіру;
- 3) жүйелік – заң нормасының басқа нормалармен жүйелік байланысын, нақты жүріс-тұрыстың құқық жүйесіндегі орны мен рөлін талдау арқылы түсіндіру;
- 4) тарихи-саяси – құқықтық норманы қабылдаудың нақты-тарихи және саяси жағдайларының көмегімен түсіндіру;
- 5) телеологиялық (мақсатты) – нормативтік актіні қабылдау мақсаттарын анықтаудың көмегімен талқылау;
- 6) арнайы-заңды – заңнамада қолданылатын заң терминдерінің мазмұнын ашу арқылы түсіндіру.

**3. Субъектілер бойынша түсіндіру түрлері.** Субъектілеріне байланысты түсіндірудің мынадай түрлері болады:

- ресми; мұндай түсіндіруді өкілетті субъектілер ғана береді, олар арнайы актіде көрініс табады және заңды салдарды туын-датады;
- бейресми; мұндай түсіндірудің заңды міндетті мәні болмайды және биліктік күші жоқ.

Ресми түсіндіру нормативтік (тұлғалар мен жағдайлардың кең шеңберіне таралады) және казуалды (тек нақты бір жағдай үшін міндетті болып табылады) болып екіге бөлінеді. Нормативтік түсіндіру, өз кезегінде, аутентикалық (нормативтік актіні қабылдаған органмен беріледі) және легалды (өкілетті субъектілер береді) болып екіге бөлінеді.



**4. Көлемі бойынша түсіндіру түрлері.** Түсіндірудің нәтиже-лері заң нормаларының шын мәніндегі мазмұны мен мәтінінің арақатынасына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Осындай арақаты-настықтың негізінде түсіндірудің үш түрін бөліп қарастырады (көлемі бойынша түсіндіру):

1) дәлме-дәл түсіндіру – құқық нормасының шын мәніндегі мағынасы мен оның мәтіндік көрінісі сәйкес келген жағдайда мүмкін;

2) шектелген түсіндіру – құқық нормасының шын мәніндегі ма-ғынасы оның мәтіндік көрінісінен тар болған жағдайда қолда-нылады;

3) кеңейтілген түсіндіру – құқық нормасының шын мәніндегі мағынасы оның мәтіндік көрінісінен кең болған жағдайда қол-данылады.

**5. Құқықты түсіндіру актілері.** Құқықты түсіндіру актісі – бұл заң нормаларының мағынасын түсіндіруге бағыт-талған құқықтық акт.

Құқықты түсіндіру актілерінің ерекшеліктері:

- заң нормаларының мағынасын түсіндіруге бағытталған;
- нормативтік емес, нақтылаушы ережелерден құралған;
- дербес сипатқа ие емес және өзі түсіндіріп отырған норма-лармен бірге әрекет етеді;
- құқықтың қайнар көзі болып табылмайды.

Құқықты түсіндіру актілерінің төмендегідей түрлері болады:

1) ресми түсіндірудің түрлеріне қарай олар нормативтік (аутен-тикалық және легалды) және казуалды түсіндіру актілері болып бөлінеді;

2) түсіндіруді жүзеге асырып отырған органдарға қарай – мем-лекеттік билік органдарының, басқару органдары-ның, сот, проку-ратура органдарының түсіндіру актілері;

3) құқықтық реттеу пәніне қарай – қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және т.б. құқықты түсіндіру актілері;

4) сипатына қарай – материалдық және іс жүргізушілік түсін-діру актілері;

5) нысанына қарай – жарлықтар, қаулылар, бұйрықтар, нұсқау-лар және т.б.

*№ 36 кесте*

*ак*

*-*

*субъекті Құқық нормаларын түсіндіру – бұл мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жеке азаматтардың құқық нормаларын түсіндіруге бағытталған қызметі Ресми – тиісті түрде уәкілеттенген субъектілермен беріледі, арнайы актіде көрініс табады және заңды салдарға алып келеді Ресми емес – заңды міндетті мәнге ие емес және биліктік күші жоқ Нормативтік – кең ауқымды тұлғалар мен жағдайларға таралады - әдеттегі – арнайы танымдарды қажет етпейді және кез-кел-ген азаматпен беріле алады; - кәсіби – заңгерлер береді; - доктриналық – құқық нормаларын ғылыми тұрғыдан түсіндіру Казуалдық – тек нақты бір жағдай үшін міндетті Аутентикалық – нормативтік*

## **27 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ**

*1. Құқықтық мінез-құлықтың түсінігі және белгілері.*

*2. Құқықтық мінез-құлықтың түрлері.*

**1. Құқықтық мінез-құлықтың түсінігі және белгілері.** Құ-қықтық мінез-құлық – бұл субъектілердің құқық нормаларына және әлеуметтік маңызды мақсаттарға сай келетін жүріс-тұрысы.

Құқықтық мінез-құлық келесі белгілермен сипатталады:

- заңмен орнықтырылған шекте болады (формальды аспект);
- әлеуметтік пайдалы, қоғамдық мақсаттар мен мүдделерге қай-шы келмейді; бұлар оның объективтік жағын құрайды (мазмұнды аспект);
- саналы сипатқа ие; бұл оның субъективтік жағын құрайды.

**2. Құқықтық мінез-құлықтың түрлері.** Құқықтық мінез-құлық мына негіздер бойынша түрлерге бөлінеді:

1) әлеуметтік маңыздылығы дәрежесіне қарай: қажетті (мы-салы, әскери борышты өтеу); қалаулы (мысалы, ғылыми және көркем шығармашылық); рұқсат етілген (мысалы, діни рәсімдерді орындау).

2) себептеріне, яғни, субъективтік жағына, байланысты: әлеу-меттік белсенді; конформисттік; әдетті; маргиналды.

Әлеуметтік белсенді жүріс-тұрыс – бұл құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің, жауапкершілік пен еріктіліктің жоғары деңгейімен сипатталатын жүріс-тұрыстың жоғарғы нысаны. Бұл жерде субъект жазадан қорықанынан немесе марапаттауды күт-кенінен емес, құқықтық мінез-құлықтың қажеттігіне сенуінің негізінде әрекет етеді.

Әлеуметтік белсенді жүріс-тұрыс мынадай элементтерден құралады: а) қызметтің мемлекеттік ұйымдастырылған түрлерін-дегі, құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру салала-рындағы белсенділік; ә) ерікті ұймдардың қызметіндегі белсен-ділік; б)қоғамдық және қоғамдық-мемлекеттік құрылымдарды құрудағы және олардың қызметіндегі белсенділік; в) тұлғаның құқық саласындағы дербес белсенділігі.

Конформисттік жүріс-тұрыс – бұл құқықтық ережелерге олар-ды терең әрі жан-жақты түсінбестен, жоға-ры құқықтық белсен-діліксіз бағынумен сипатталатын әрекет. Басқаша айтқанда, адам басқалардың да осылай жүріп-тұрғанын көргендіктен құқықтық мінез-құлықты тандайды.

Әдетті жүріс-тұрыс – бұл құқық нормаларының орындалуы әдетке айналып кеткен жағдайда көрініс табатын жүріс-тұрыс. Әдет әрекеттердің бірнеше рет таныс жағдайда қайталануының нәтижесінде қалыптасады.

Маргиналды жүріс-тұрыс – бұл мемлекеттің мәжбүрлеуінің, жазадан қорқудың нәтижесінде жүзеге асырылатын құқықтық мінез-құлық.

*№ 37 кесте*

**НеніҚұқықтық тәртіп** – мемлекетпен кепілденген және қорғалатын, құқықтық жазбаларға сәйкес келетін, қоғамдық-пайдалы тәртіп **Нені** білдіреді **Нені** жүзеге асырады

## 28 тақырып.

### ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

*1. Құқықбұзушылықтардың түсінігі, белгілері және түрлері.*

*2. Құқықбұзушылықтың заңды құрамы.*

*3. Заңды жауапкершіліктің түсінігі, белгілері және қағидалары.*

*4. Заңды жауапкершіліктің түрлері.*

*5. Әрекеттің құқыққа қайшылығын және заңды жауапкершілікті жоятын жағдайлар.*

**1. Құқықбұзушылықтардың түсінігі, белгілері және түрлері.** Құқықбұзушылық – бұл қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның мүд-делеріне нұқсан келтіруші, тұлғаның кінәлі, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекеті.

Құқықбұзушылықтың белгілері:

- әрекет немесе әрекетсіздік;
- кінә;
- құқыққа қайшылығы;
- зиянды нәтиже;
- әрекет пен зиянды нәтиженің арасындағы себепті байланыс;
- заңды жауапкершілік.

Әлеуметтік қауіптілігіне қарай барлық құқықбұзушылықтар қылмыстарға және теріс қылықтарға бөлінеді.

Қылмыстар – бұл қоғамға ерекше қауіптілікпен ерекшеленетін, әлеуметтік маңызды мүдделерге нұқсан келтіретін, нұқсан келтірушіліктен қылмыстық заңнамамен қорғалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар. Құқықбұзушылықтардың басқа түрлеріне қарағанда, қылмыстық заңмен аталған қылмыстық әрекеттердің тізімі нақты анықталған және олар кеңейтілген түсінуге жат-пайды. Қылмысты жасау жазалауды көздейді.

Теріс қылықтар – әлеуметтік қауіптіліктің, қылмысқа қарағанда, аз дәрежесімен ерекшеленеді, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында жүзеге асырылуы мүмкін, әр түрлі нұқсан келтіру объектілері мен заңды салдарға ие. Олар үшін жаза емес, әр түрлі шаралар көзделген.

Теріс қылықтардың түрлері:

1. Азаматтық – бұл мүліктік және жеке мүліктік емес қаты-настар саласында жасалатын, ұйымдарға немесе жеке азаматтарға мүліктік зиян келтіруден көрініс табатын, шарт бойынша міндет-темелерді орындауды, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуды және т.б. білдіретін құқықбұзушылықтар. Олар үшін зиянды өтеу, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіру, орындалмаған міндетті мәжбүрлі түрде орындату сияқты санкциялар және басқа да құқықты қалпына келтіруші санкциялар көзделген.

2. Әкімшілік – бұл заңмен орнықтырылған қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқарушылық-өкімдік қызметі саласындағы қызметтік міндеттерді жүзеге асырумен байланысты емес қатынастарға нұқсан келтіруші құқықбұзушылықтар. Әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін айыппұл, ескерту, арнайы құқықтан айыру (мысалы,

көлік құралын айдау құқығы) және әкімшілік заңнамамен көзделген басқа да санкциялар көзделген.

3. Тәртіптік – бұл еңбек қатынастары саласында жүзеге асыры-латын, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметінің ішкі тәртібіне нұқсан келтіретін құқықбұзушылықтар. Тәртіптік шаралар Еңбек туралы заңда, әскерилер үшін – Тәртіп туралы жарғыда, лауазымды тұлғалардың кейбір санаттары үшін – арнайы ережелерде қарастырылған. Бұл шараларды кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның әкімшілігі жүзеге асырады.

Құқықбұзушылықтардың барлық түрлері үшін санкциялар көзделген. Санкциялар құқықты қалпына келтіруші және айып-пұлдық болып бөлінеді. Құқықты қалпына келтіруші санкциялар міндетті мәжбүрлі түрде орындалуға, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіруге бағытталған, ал айыппұлдық санкциялар құқық бұзушының белгілі бір құқықтарын шектеуді, оған арнайы міндеттерді жүктеуді немесе оны ресми түрде сынға алуды көздейді.

**2. Құқықбұзушылықтың заңды құрамы** – бұл құқықбұзушы-лықтың заңды жауапкершілікке тарту үшін қажетті және жеткі-лікті белгілерінің жүйесі. Заңды құрамға мыналар жатады:

1. Құқықбұзушылықтың субъектісі – бұл осы әрекетті немесе әрекетсіздікті жасаған құқықәрекетқабілетті жеке тұлға немесе әлеуметтік ұйым.

2. Құқықбұзушылықтың объектісі – бұл осы құқықбұзушы-лықтың неге бағытталғанын көрсетеді. Объектінің түрлік және тектік түрлерін бөліп қарастырады. Тектік объект ретінде қоғам-дық қатынастар орын алса, түрлік объектіге өмір, денсаулық, абы-рой, мүлік және т.б. жатады.

3. Құқықбұзушылықтың субъективтік жағы – бұл тұлғаның өз әрекетіне және оның салдарына деген субъективтік қатынасын сипаттайтын белгілердің жиынтығы. Бұл жерде басты категория болып кінә табылады. Кінә дегеніміз тұлғаның өзі жасаған құқыққа қайшы әрекетіне психологиялық қатынасы.

Кінәнің екі түрі болады: қасақаналық және абайсыздық. Қаса-қаналық тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей қасақа-налықта тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті сипатын сезінеді, зиянды салдардың туу мүмкіндігін түсінеді және осы салдардың тууын қалайды. Жанама қасақаналықта тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті сипатын сезінеді, зиянды салдардың туу мүмкіндігін түсінеді және осы салдардың тууын қаламаса да, олардың туындауына саналы түрде жол береді.

Абайсыздықтың да екі нысаны болады: менмендік және немқұ-райдылық. Менмендікте тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті салдарын түсінеді, алайда жеткілікті негізсіз олардың алдын алуға тырысады. Немқұрайдылықта тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қау-іпті салдарын болжай алмайды, алайда дұрыс зейін қойғанда оларды байқауы мүмкін әрі тиіс еді.

4. Құқықбұзушылықтың объективтік жағы – бұл осы құқық-бұзушылықты сипаттайтын сыртқы белгілердің жиынтығы, оларға мыналар жатады: а) әрекет немесе әрекетсіздік; ә) құқыққа қай-шылық; б) зиянды нәтиже; в) әрекет (әрекетсіздік) пен зиянды салдың арасындағы себепті байланыс.

**3. Заңды жауапкершіліктің түсінігі, белгілері және қағида-лары.** Заңды жауапкершілік – бұл құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға заңнамамен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте

қолдану. Шаралар мынадай сипатта болуы мүмкін: а) жеке сипаттағы шаралар (бас бостан-дығынан айыру); ә) мүлік-тік сипаттағы шаралар (айыппұл); б) ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар (жұмыстан босату).

Заңды жауапкершіліктің белгілері:

- оны мемлекет құқықтық нормаларды орнықтырады;
- мемлекеттік мәжбүрлеуге негізделеді;
- арнайы өкілетті мемлекеттік органдар қолданады;
- жаңа қосымша міндетті жүктеумен байланысты;
- жеке, мүлтік және ұйымдастырушылық сипаттағы белгілі бір теріс салдардан көрініс табады;
- іс жүргізушілік нысанда жүктеледі;
- тек жасалған құқықбұзушылық үшін ғана туындайды.

Егер заңды жауапкершіліктің іс жүзіндегі негізі болып оның құрамын құрайтын белгілердің жиынтығымен сипатталатын құқықбұзушылық табылса, оның заңды негізі болып құқық нормасы мен сәйкес құқыққолданушы акт табылады. Құқыққолдану актісінде күзіретті орган нақты бір құқықбұзушыға қатысты мәж-бүрлеу шараларының нақты көлемі мен нысанын анықтайды. Мұндай құқыққолдану актісі ретінде әкімшілік бұйрығын, сот үкімін немесе шешімін және т.б. атауға болады.

Заңды жауапкершіліктің қағидалары:

- 1) заңдылық – жауапкершіліктің тек құқықбұзушылық (яғни, құқықәрекетқабилетті тұлға жасаған кінәлі, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік) үшін ғана қолданылатынын білдіреді;
- 2) әділеттілік – жазаның кінәға сәйкестігін, теріс қылықтар үшін қылмыстық санкцияларды белгілеуге жол берілмейтіндігін, кінәліге бір құқықбұзушылық үшін тек бір ғана жазаны тағайын-дауды білдіреді;
- 3) негізділік – істің жағдайларын объективтік түрде зерттеуді және нақты жазалау шарасын заңға сәйкес анықтауды білдіреді;
- 4) ізгілік (гуманизм) – адамның қадір-қасиетін қорлайтын жаза-лау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салуды біл-діреді;
- 5) жауапкершіліктің міндетті түрде болатындығы – жасалған қылмыс үшін заңды жауапкершіліктің міндетті түр-де туындай-тынын білдіреді;
- 6) мақсаттылық – құқықбұзушыға қатысты таңдалған жазаның заңды жауапкершіліктің мақсаттарына сәйкестігін білдіреді.

**4. Заңды жауапкершіліктің түрлері.** Заңды жауапкершіліктің төмендегідей түрлері болады:

1. Қылмыстық – тек қылмыстар үшін қолданылады; ешкім де сот шешімінсіз қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылмауы және қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы тиіс. Қылмыстық жазалау шаралары – кінәлінің тұлғасына бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатаң нысандары – бас бостандығынан айыру, өлім жазасы және т.б.

2. Әкімшілік – әкімшілік теріс қылықтарды жасағаны үшін туындайды және айыппұл, арнайы құқығынан айыру

және т.б. сияқты шаралардан көрініс табады.

3. Азаматтық – мүліктік сипаттағы шарттық міндеттемелерді бұзу және шарттан тыс мүліктік зиян келтіру үшін туындайды. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізгі қағидасы – зиянды толығымен өтеу.

4. Тәртіптік – еңбек, оқу, қызметтік, әскери тәртіпті бұзу үшін қолданылады; тәртіптік жауапкершілік шаралары – сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыстан шығару және т.б.

5. Материалдық – қызметкерлер мен жұмысшылардың өз қызметтік міндеттерін орындауы барысында кәсіпорынға, мекеме-меге, ұйымға келтірген зияны үшін туындайды.

**5. Әрекеттің құқыққа қайшылығын және заңды жауапкер-шілікті жоятын жағдайлар.** Оларға мыналарды жатқызуға бо-лады:

1) есі дұрыс еместік – тұлғаның өз әрекеттеріне есеп бере ал-мауы;

2) қажетті қорғаныс – мемлекеттің, қоғамның тұлғаның мүд-делерін қоғамға қауіпті нұқсан келтіруден қорғау барысында нұқ-сан келтіруші тұлғаға зиян келтірумен сипатталады; алайда, қа-жетті қорғаныс шегінен асып кетпеуі тиіс, яғни, қорғанудың нұқ-сан келтірушіліктің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне айқын түрде сәйкес келмеуі орын алмауы тиіс;

3) аса қажеттілік – мемлекеттің, қоғамның, тұлғаның мүдделе-ріне қауіп төндіруші әрекетті жою жағдайында мүмкін, қойы-латын шарт – бұл қауіп басқа құралдармен жойыла алмауы қажет және аса қажеттіліктен туындаған зиян алдын алған зияннан аз болуы тиіс;

4) қоғамға аса қауіптілігі жоқ құқықбұзушылық;

5) казус (жағдай) және т.б.

*№ 38 кесте*

## 29 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

1. *Құқықтық сананың түсінігі және функциялары.*

2. *Құқықтық сананың құрылымы.*

3. *Құқықтық сананың түрлері.*

4. *Құқықтық мәдениеттің түсінігі және құрылымы.*

**1. Құқықтық сананың түсінігі және функциялары.** Құқықтық сана – бұл адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсі-ніктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, баға-лаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше ныса-ны. Құқықтық сана – бұл адамдардың жаңадан қабылданған заң-дарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т.б. деген оң немесе теріс көзқарасы.

Құқықтық сана мынаны білдіреді:

- құқықтың қажеттігін түсіну және сезіну;
- құқықты бағалау;
- заңнаманың дамыған жүйесін құру қажеттігін түсіну;
- колданыстағы нормативтік актілерге өзгертулер мен толықты-рулар енгізудің қажеттігін түсіну;
- құқықты жүзеге асырудың нәтижелері мен процесін қабыл-дау.

Құқықтық сананың ерекшеліктері мыналардан көрінеді:

- а) ол өмірдің шындықтарын әділеттілік, құқықтық, еркіндік тұрғысынан қабылдайды;
- ә) жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережелерін орнықтыруды талап етеді;
- б) құқықтық пен құқықтық еместіктің, құқыққа сәйкестік пен құқыққа сәйкессіздіктің шектерін көрсетеді;
- в) құқықты қамтамасыз ету үшін заңды шараларды талап етеді.

Құқықтық сананың рөлі оның функцияларынан көрініс табады:

1) танымдық; бұған «құқықтық дайындық» түсінігінен көрініс табатын және ойлану қызметінің нәтижесі болып табылатын заң білімдерінің белгілі бір жиынтығы тән болып келеді;

2) бағалаушылық; бұл тұлғаның құқықтық өмірдің әр түрлі жақтары мен көріністеріне өтіл мен құқықтық тәжірибе негізінде белгілі бір эмоционалдық қатынасын тудырады;

3) реттеуші; ол құқықтық көзқарастар мен құндылық-құқықтық бағыттылық арқылы жүзеге асырылады. Көзқарас дегеніміз тұлғаның белгілі бір түрде ақпараттарды, процестерді, құбылыстарды қабылдауға және бағалауға бейімділігін және осы бағалауға сәйкес әрекет етуге дайындығын білдіреді.

Құқықтық бағыттылық – бұл тұлғаның заңды мәні бар жағ-дайларда әрекет ету бағдарламасын тікелей қалыптастыратын құ-қықтық көзқарастарының жиынтығы.

**2. Құқықтық сананың құрылымы** екі элементтен құралады: құқықтық психология және құқықтық идеология.

Құқықтық психология – бұл, ең алдымен, құқыққа қатысты сезімдердің, көңіл-күйдің, эмоциялардың, көзқа-

растардың, арман-дардың жиынтығы. Бұл жерде құқықтық құбылыстарға деген қатынас ерекше деңгейде пайда болып, белгілі бір сезімдер мен эмоцияларды қалыптастыруға тырысады. Құқықтық психология арқылы мыналар жүзеге асырылады: а) құқықтық мәдениетке тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, тұлғаның мәдениетіне, күнде-лікті өміріне, әдетіне еніп кеткен барлық элементтер; ә) тұлғаның өзін-өзі бағалауы, яғни, өз жүріс-тұрысын құқық нормаларына сәйкестігі тұрғысынан сындарлы түрде бағалай білу қабілеті.

Құқықтық идеология – бұл адамдардың құқыққа қатынасын білдіретін құқықтық көзқарастардың, түсініктердің, қағидалардың, сенімдердің, талаптардың жүйеленген ғылыми көрінісі. Бұл субъектілердің құқықтық құбылыстарды тереңірек түсінуі; ол құқықтық бағалаудың ерекше деңгейін білдіреді. Құқықтық идеология – құқықтық сананың құрылымындағы басты элемент.

**3. Құқықтық сананың түрлері.** Құқықтық сана мына негіздер бойынша түрлерге бөлінеді:

1) мазмұны бойынша:

- қарапайым құқықтық сана – бұл тұлғалардың құқыққа қатысты жалпы көзқарастары, өмірлік тәжірибесінің әсерімен туын-дайтын көңіл-күйлері;

- кәсіби құқықтық сана – бұл заңгерлердің заңды тәжірибесінің негізінде қалыптасатын сезімдері, сенімдері, көзқарастары, дәстүрлері;

- ғылыми құқықтық сана – бұл құқықты теориялық игеруді көрсететін идеялар, түсініктер, концепциялар;

2) субъектілері бойынша:

- жеке құқықтық сана;

- топтық құқықтық сана;

- қоғамдық құқықтық сана.

**4. Құқықтық мәдениеттің түсінігі және құрылымы.** Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыстылықта бола тұрып, оған сүйенеді. Алайда, құқықтық мәдениет құқықтық санаға қарағанда әлдеқайда кең, себебі, ол психологиялық және идеологиялық элементтермен қатар, заңды мәні бар жүріс-тұрысты да қамтиды. Құқықтық мәдениет мыналарды білдіреді:

1) құқықтық шындықты сезімдік қабылдаудың және құқықтық ойланудың белгілі бір деңгейі;

2) халықтың заңдарды білуінің тиісті дәрежесі;

3) құқық нормаларды, олардың үстемдігін түсінудің жоғары деңгейі;

4) құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру процесс-терінің сапалық жағдайы;

5) құқықтық қызметтің ерекше тәсілдері (құқыққорғау орган-дарының жұмысы, конституциялық бақылау және т.б.);

6) құқықтық қызметтің адамдар жасаған рухани және материалдық игіліктер түріндегі нәтижелері (заңдар, сот тәжірибесі, заңнама жүйесі және т.б.).

Бұлардың барлығы жекелік және қоғамдық тұрғысынан қарастырылуы мүмкін.



Тұлғаның құқықтық мәдениеті – бұл құқықты білу және түсіну, соған сәйкес әрекет ету. Тұлғаның құқықтық мәдениеті тұлғаның құқықтық білімділігін білдіреді, оған құқықтық сана, құқықты қолданудың дағдылары мен қабілеті, өз жүріс-тұрысын заң нормаларына бағындыру жатады. Тұлғаның құқықтық мәдениетінің құрылымы мына элементтерден құралады:

- 1) психологиялық элемент – құқықтық психология;
- 2) идеологиялық элемент – құқықтық идеология;
- 3) жүріс-тұрыстық элемент – заңды мәні бар жүріс-тұрыс.

Қоғамның құқықтық мәдениеті – бұл қоғамның құқықтық сана-сының және құқықтық белсенділігінің деңгейі, заң нормалар мен заң қызметінің дамуының дәрежесі. Қоғамның құқықтық мәдениеті оның жалпы мәдениетінің бөлігі болып табылады және келесі факторлармен сипатталады:

- құқықты шын мәнінде қажетсіну;
- елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайы;
- қоғамдағы заң ғылымы мен заң білімінің даму дәрежесі.

Қоғамның құқықтық мәдениетінің құрылымы келесі элементтерден құралады:

- 1) қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық белсенділігінің деңгейі;
- 2) заң нормаларының даму дәрежесі (құқықтың даму деңгейі, заң мәтіндерінің мәдениеті және т.б.);
- 3) заң қызметінің даму дәрежесі (құқықшығарушы, құқыққол-данушы және құқыққорғаушы қызметтің мәдениеті).

*№ 39 кесте*

*әдеттег*

*кәсіб*

*ғыл* **Құқықтық сана** – бұл адамдардың қоғамдық өмірдің құқықтық құбылыстарына деген қатынасын білдіретін идеяларының, көзқарастарының, сезімдерінің, толғаныстарының жиынтығы **Құқықтық идеология** **Құқықтық психология** **Құқықтық сананың түрлері** Субъектілер бойынша: - жеке; - топтық; - қоғамдық Мазмұны бойынша: -

## **30 тақырып. ЗАҢДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП**

*1. Заңдылықтың түсінігі және қағидалары.*

*2. Заңдылықтың кепілденуі.*

*3. Құқықтық тәртіптің түсінігі.*

*4. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің арақатынасы.*

**1. Заңдылықтың түсінігі және қағидалары.** Заңдылық – бұл қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының құқық нормаларын қатаң түрде сақтауы.

Заңдылық үшін екі жақ тән: а) мазмұнды жағы – бұл құқықтық, әділ, ғылыми негізделген заңдардың болуы; ә) формальды жағы – бұл оларды орындау, себебі, орындаусыз ең кемшіліксіз заңдардың болуының өзі де жеткіліксіз.

Заңдылықтың субъектілері болып қоғамдық қатынастардың барлық қатысушылары табылады, нақты айтқанда: мемлекет және оның органдары; қоғамдық және басқа да ұйымдар; еңбек ұжымдары; лауазымды тұлғалар; азаматтар. Заңдылықтың объектісі болып заңды міндетті тұлғалардың жүріс-тұрысы, олардың сана-сы, еркі мен әрекеттері табылады.

Заңдылықтың қағидалары – бұл заңдылықтың мазмұнын Аша-тын негізгі идеялар, бастамалар. Оларға мыналар жатады:

- 1) заң үстемдігі – барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің заңға бағыныстылығын білдіреді;
- 2) заңдылықтың тұтастығы – нормативтік актілерді түсіну мен қолдану елдің бүкіл аумағында бірдей болуы тиіс дегенді білдіреді;
- 3) заңдылықтың мақсатқа сәйкестігі – құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру қызметінің қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін ең дұрыс түрлерін қатаң түрде заңдардың шегінде таңдау қажеттігін, заңдылық пен мақсатқа сәйкес-тілікті қарама-қарсы қояды болдырмауды білдіреді, яғни, мақсат-қа сәйкестілікті себеп қылып заңды бұзуға жол берілмейді;
- 4) заңдылықтың шынайылығы – құқықтық ережелердің барлық қызмет түрлерінде іс жүзінде орындалуына жетуді және оларды кез-келген түрде бұзу міндетті түрде жауапкершілікті көздейтінін білдіреді.

**2. Заңдылықтың кепілденуі** – бұл заңдар мен заңға сәйкес актілердің орындалуын, азаматтардың құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің мүдделерінің ешбір кедергісіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құралдар мен жағдайлар. Заңдылықтың кепілденуінің келесі түрлерін бөліп қарастырады:

- 1) әлеуметтік-экономикалық – бұл қоғамның экономикалық дамуының дәрежесі, оның жағдайының деңгейі, меншік нысанда-рының алуан түрлілігі, экономикалық бостандық және т.б.;
- 2) саяси – бұл конституциялық құрылымның қоғамның саяси жүйесінің демократиялылығының дәрежесі, саяси плюрализм, көппартиялық, биліктің тармақтарға бөлінуі және т.б.;
- 3) ұйымдастырушылық – бұл заңдар мен заңға сәйкес актілердің орындалуын бақылайтын арнайы органдардың

(прокура-тура, сот, полиция және т.б.) қызметі;

4) қоғамдық – бұл заңнаманы бұзумен күресу мақсатында қолданылатын алдын алу және басқа да шараларының мемлекетте қалыптасқан кешені;

5) идеологиялық – бұл құқықтық сананың дамуының, азамат-тар арасында заң білімдерінің таралуының, заң талаптарын орын-даудың дәрежесі, қоғамдағы адамгершілік тәрбиелеудің деңгейі;

6) арнайы-заңды – бұл құқықтық талаптарды бұзудың алдын алу, болдырмау және қудалау мақсатында қолданыстағы заңнама-да бекітілген тәсілдер мен құралдар.

**3. Құқықтық тәртіптің түсінігі.** Құқықтық тәртіп – бұл субъектілердің құқықтық мінез-құлығымен сипаттала-тын қоғамдық қатынастар жүйесі; бұл әлеуметтік байланыстардың реттелу жағ-дайы, заңдылықтың шынайы қоғам-дық қатынастарға айналуының нәтижесі.

Құқықтық тәртіптің ерекшеліктері:

- а) ол құқық нормаларында жоспарланған;
- ә) осы нормаларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайды;
- б) мемлекетпен қамтамасыз етіледі;
- в) қоғамдық қатынастардың ұйымдастырылуына жағдай жасай-ды;
- г) заңдылықтың нәтижесі болып табылады.

**4. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің арақатынасы.** Заңды-лық пен құқықтық тәртіптің арақатынасы мына-лардан көрінеді.

1) құқықтық тәртіп құқықтық тәртіптің мақсаты болып табы-лады; құқықтық тәртіпке жету үшін заңдар мен басқа да нор-мативтік-құқықтық актілер қабылданады, заңнаманы жетілдіру жүзеге асырылады, заңдылықты нығай-туға байланысты шаралар қолданылады;

2) құқықтық реттеуді жетілдіру мен заңдылықты қамтамасыз етуден басқа тәсілдермен құқықтық тәртіпке жету мүмкін емес;

3) заңдылықты нығайту құқықтық тәртіпті нығайтуға алып келеді;

4) құқықтық тәртіптің нақты мазмұны заңдылықтың мазмұ-нына байланысты болады.

*№ 40 кесте Заңдылық субъектілері: - мемлекет пен оның органдары; - қоғамдық ұйымдар; - еңбек ұжымдары; - лауазымды тұлғалар; - азаматтар*  
**Заңдылық** – бұл қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларымен заңдарды қатаң және мүлтіксіз сақтауы  
**Заңдылық объектісі:** - **Заңды міндетті тұлғалардың жүріс-тұрысы, олардың санасы, еркі мен әрекеттері**  
**Заңдылық принципі:** - заң үстемдігі; - заңдылықтың біртұтастығы; - заңдылықтың мақсаттылығы; - заңдылықтың шынайылығы  
**Заңдылықтың кепілдіктері:** - әлеуметтік-экономикалық; - саяси; - ұйымдастырушылық; - қоғамдық; - идеологиялық; - арнайы-заңдық

## **31 тақырып. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ**

Құқықтық жүйе – бұл құқықтың құқықтық идеологиямен және сот тәжірибесімен біртұтастықта қарастырылуы. Осы үш элемент: заңдар мен басқа да мемлекетпен танылған қайнар көздерден көрініс тапқан жалпыға міндетті нормалар жүйесі ретіндегі құқық, құқықтық сананың белсенді жағы – құқықтық идеология және сот тәжірибесі құқықтық жүйені құрайды.

«Құқықтық жүйе» түсінігінің белгілі бір мемлекеттегі құқыққа сипаттама берудегі маңызы зор. Бұл жағдайда ұлттық құқықтық жүйе жөнінде сөз болып отыр. Құқықтық жүйенің құқықпен қатар қай элементінің – не сот тәжірибесінің, не құқықтық идеология-ның – ерекше рөлге ие болуына сол мемлекеттегі барлық құқық-тық құбылыстар тәуелді болып келеді. Осы белгі бойынша құқық-тық жүйенің келесі жанұяларын (құқықтың қайнар көздерінің ортақтығы негізінде бөлінген құқықтық жүйелердің жиынтығы) бөліп қарастырады:

1. Континенталдық Еуропаның нормативтік-заңнамалық жүйе-лер отбасы – бұл романдық-германдық құқық. Бұл құқықтық жүйелерде бірінші орынға заң қойылған (Италия, Франция, Гер-мания, Португалия және т.б.).

2. Нормативтік-соттық, ағылшын-саксондық құқықтық жүйе-лер жанұясы – бұл Ұлыбританияның, АҚШ-тың, Канаданың, Австралияның және т.б. елдердің прецеденттік құқығы. Бұл құқықтық жүйелерде басты орынды сот тәжірибесі, заңды прецедент иеленген.

3. Діни-дәстүрлі, идеологиялық құқықтық жүйелер жанұясы – бұл мұсылман құқығы (Иран, Ирак, Пәкістан, Судан және т.б.) және кеңестік құқық. Бұл құқықтық жүйелерде ерекше рөлді дін мен партиялық идеология иеленеді.

*№ 41 кесте **Құқықтық жүйе** – бұл құқықтық шынайылықтың басқа белсенді элементтерімен – құқықтық идеологиямен және сот тәжірибесімен біртұтас қарастырылатын құқық **Заң Сот прецеденті Идеология романо-германдық құқық – континентальды Еуропаның нормативтік-заңшығарушылық жүйелерінің жанұясы прецеденттік құқық – нормативтік-соттық англо-саксондық құқықтық жүйелер жанұясы мұсылмандық құқық, кеңестік құқық – діни-дәстүрлі, идеологизацияланған құқықтық жүйелер жанұясы***

## **32 тақырып. ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІ**

*1. Құқықтық реттеу механизмінің түсінігі және элементтері.*

*2. Құқықтық реттеудің тиімділігі.*

**1. Құқықтық реттеу механизмінің түсінігі және элементтері.** Құқықтық реттеу механизмі – бұл құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсаттарын-да кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі.

Құқықтық реттеу механизмінің мақсаты – субъектілердің мүдделерінің құндылықтарға кедергісіз бағыт алуын қамтамасыз ету (мазмұнды белгісі). Құқықтық реттеу механизмі – бұл табиғаты және функциялары бойынша әр түрлі заңды құралдардың жүйесі (формальды белгісі).

Құқықтық реттеу механизмінің келесі элементтерін бөліп қарастыруға болады:

- 1) құқық нормасы – мұнда мүдделерді қанағаттандыру үлгісі қалыптасады;
- 2) ұйымдастырушылық – атқарушы акт сияқты шешуші фактімен бірлескен заңды факт немесе фактілік құрам;
- 3) құқықтық қатынас – бұл жердегі нормативтік талаптар сәйкес субъектілерге қатысты нақтыланады;
- 4) құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актілері – субъектілердің сақтау, атқару және пайдалану нысанындағы әрекеттері;
- 5) қорғаушы, құқыққолданушы акт – құқықбұзушылық жағдай-ында қолданылады.

**2. Құқықтық реттеудің тиімділігі** – бұл құқықтық реттеудің нәтижесі мен оның алдында тұрған мақсаттың арасындағы арақатынас.

Құқықтық реттеудің тиімділігін көтерудің төмендегідей жолдарын атап өтуге болады:

1. Құқықшығармашылықты жетілдіру; мұның нәтижесінде заңшығармашылық техниканың жоғары деңгейіне сәйкес құқық нормаларында қоғамдық мүдделер мен заңдылықтар мейлінше анық көрініс табады. Бұл кезде заңды және ақпараттық құралдардың көмегімен заңды сақтау оны бұздан пайдалы болатындай жағдай жасау керек.

2. Құқықты қолдануды жетілдіру нормативтік реттеудің нәтижелерін толықтырады. Құқықты қолдану әр бір заңды жағдайдың нақты жағдайларын, өзіндік ерекшеліктерін ескереді. Құқықшығармашылық пен құқыққолдануды дұрыс үйлестіру құқықтық реттеуге икемділік пен кешенділікті береді.

3. Құқық субъектілерінің құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру де құқықтық реттеудің сапасына, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту процесіне әсерін тигізеді.

*№ 42 кесте **Құқықтық реттеу механизмі** – бұл заңдық құралдардың жүйесі, олардың көмегімен қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер ету жүзеге асырылады, құқық субъектілерінің мүдделері қанағаттандырылады **Төмендегідей элементтерді қамти-ды:** - құқықтық нормалар; - құқықтық қатынастар; - жеке құқықтық актілер; - құқықтық тәртіп; - құқықтық сана **Мақсаттары:** - өркениетті қоғамның қалыпты өмірінің негізі және сөзсіз талабы ретіндегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қолдау; - мемлекеттік құрылымдарды оңтайлы құру, олардың нәтижелі қызмет етуі; - адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру, адамның өз міндеттерін орындауы, азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын тиімді қорғау; - қоғам мүшелерінде прогрессивтік құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру*